



# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Біріңді, қазақ, бірің дос,  
Көрмесен, істің бәрі бос!»



№44 (3990), 7 қараша, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

## ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕЛ ЖЕТПЕС ЖҮЙРІГІ

Ақын, жыршы  
Бақтыбай  
Жолбарысұлының  
туғанына 190 жыл



### «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» – МЕНІҢ РУХАНИ ДОСЫМ

«Қазақ әдебиеті» – менің 50 жылдан бергі рухани досым. Студент кезімде (ҚарМУ. 1972 – 1976) киоскіден аталмыш газетті апта сайын 4 тиынға сатып алатын едік... Кейін 1977 жылдан күні бүгінге дейін үйге жаздырып алатын болдым. Биыл да жазылдым. Менің жеке архивімде газеттің әр жылдардағы кейбір сандары сақтаулы.

Қазіргі кезде бас редактор болып, Бауыржан Жақып келгелі басылымның әр нөмірі бұрынғыдан да қызықты әрі тартымды шыға бастады. Онда рухани жан дүниенді жадыратар, әдебиет әлеміне қатысты дүниелер жетерлік...

Осынау ынтымағы жарасқан ұжымға шығармашылық табыс тілей отырып, барлық азаматтарды «Қазақ әдебиеті» газетіне жазылуға шақырамын!

**Әли ТОЙЖІГІТОВ,**  
Қазақстанның құрметті журналисі,  
ҚР мәдениет қайраткері

12-13



КҮЙ-ҚҰДІРЕТ

18-19



ЖҮМЕКЕНГЕ  
ОРАЛУ

## ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2-бет →

### «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:  
Қалаларда:  
1 айға – 925,82 т.  
3 айға – 2 777,46 т.  
6 айға – 5 554,92 т.  
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:  
1 айға – 925,82 т.  
3 айға – 2 777,46 т.  
6 айға – 5 554,92 т.  
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:  
Қалаларда:  
1 айға – 1918,53 т.  
3 айға – 5755,59 т.  
6 айға – 11511,18 т.  
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:  
1 айға – 1720,82 т.  
3 айға – 5162,46 т.  
6 айға – 10324,92 т.  
12 айға – 20649,84 т.

# ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2025 жылғы 29 қазандағы Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» фракциясының бірнеше депутатының қазақ әдебиетінің дамуындағы кейбір мәселелер және мемлекет пен әдебиет арасындағы рухани диалогтің қажеттілігі туралы жолдаған депутаттық сауалына орай, Қазақстан Жазушылар одағы төмендегідей мәлімдеме жасайды.

**Құрметті Қазыбек Иса!**

Сіздің көтеріп отырған мәселелеріңіз, негізінен, бұған дейін Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы тарапынан бірнеше мәрте көтерілген, кейбірі шешімін тауып, кейбірі жүйелі түрде жүзеге асып жатқан шаруалар екендігін айтқымыз келеді.

Осыдан екі жыл бұрын, 2023 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкеновті қабылдағанда Президент те осы мәселелерге назар аударған болатын. Мемлекет басшысы жас ақын-жазушылардың шығармашылығына ерекше назар аудару қажет екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан қаламгерлерді қолдау шаралары жалғаса беретінін айтты. Бұл қолдауды жас қаламгерлер бүгінге дейін тұрақты түрде сезініп келеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде жыл сайын беріліп келе жатқан мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығын, «Жас ақын-жазушыларға арналған Президенттік арнаулы әдеби сыйлықты», «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын айтсақ та жетіп жатыр.

Қазақстан Жазушылар одағы – ел руханиятының тірегі, ұлттық әдебиеттің дамуына, қаламгерлер буынының сабақтастығына зор үлес қосып келе жатқан шығармашылық ұйым. Бүгінде Одақ, Президент Әкімшілігімен, Үкіметпен, Мәдениет және ақпарат министрлігімен, облыстық әкімдіктермен, сондай-ақ шет мемлекеттермен өзара бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырып отыр. Сондықтан да «үкіметтің құзырлы орындарында заманауи әдебиет пен мәдениеттің иісі мұрнына бармайтындар әдебиетті қолдауда немқұрайдылық пен шарасыздық танытып отыр» деуіңіз – орынсыз.

Сонымен қатар сіздің «Үкімет пен әдебиет арасындағы мәдени үнқатысуды жүйелі диалогтік платформа ретінде бекіту» деген ұсынысыңыз да бір жақты пікір сияқты. Себебі қаламгер қауымы билікпен диалог жүргізумен уақыт өткізсе әдебиетті кім жасамақ?

Қазақ әдебиетінің болашағы – жас буында екені даусыз. Сол себепті Қазақстан Жазушылар одағы жас талант-

тарды қолдау мен әдеби үдерісті жаңа бағытта дамытуға баса назар аударып келеді. Атап айтқанда, «Қазақстан Жазушылар одағы мүшелігіне үміткер» жобасы жалғасып, 20 жасқа дейінгі жастарды ынталандыру мақсатында түрлі шығармашылық байқаулар, шеберлік дәрістері мен әдеби кештер тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Сонымен қатар балалар әдебиетін дамыту, жас буынның рухани өсуін, оларды ұлттық құндылықтар мен мәдениетке баулу, балаларға арналған шығармаларды насихаттау, сол арқылы жалпы әдебиеттің дамуына үлес қосу мақсатында Жазушылар одағы Халықаралық «Ертөстік» Балалар әдеби сыйлығын тағайындады. Бұл жоба енді тұрақты түрде іске асатын болады. Бұған қоса, былтыр Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен жүзеге асқан «Алматының жас жазушысы» жобасын ендігі жылдан бастап, Оқу-Ағарту министрлігінің қолдауымен бүкіл Қазақстан аумағында «Қазақстанның жас жазушысы» атауымен өткізу жоспарланып отыр. Мектеп жасындағы жас таланттарды мектеп қабырғасынан әдебиетке баулу біздің қасиетті борышымыз.

2024–2025 жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, әдебиетті дамытуға арналған үш ірі жобаны іске асырдық. Олар: «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы», «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» және «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушыларға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» жобалары. Сіз депутаттық сауалыңызда көтерген «Қазақ әдебиеті институтын ашу» ұсынысы осы жобалардың бірі – «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жобасы аясында іске асып жатыр. 2 жыл қатарынан өз деңгейінде сәтті өткен жобамызды 1 жылдық немесе 2 жылдық жоғарғы әдеби курсқа айналдыру жұмыстарын ойластырып отырмыз. Яғни бұл ұсынысыңыз да бұған дейін егжей-тегжейлі жоспарланып, негізі қаланып, тиісті жұмыстар атқарылып жатқан шаруаның бір парасы.



Қазіргі қазақ әдебиетінде өзіңіз депутаттық сауалда айтып өткен «қазіргі заман адамының келбетін сомдайтын дүниелер» жетерлік. Мұны қазіргі қазақ әдебиетінен хабардар көзі қарақты оқырмандар мен қаламгерлер қауымы ауыз толтырып айта алады. Қазіргі жастардың шығармашылығы сіз айтқандай «өткен заман сүрлеуінен шыға алмай» жатыр десек, қателескен болар едік. Мұны жоғарыда атап өткен 3 жобаның бірі – «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» аясында былтыр жарық көрген 20 кітаптан, биыл жарық көретін 20 кітаптан анық аңғаруға болады.

Бұған қоса, біз 2026 жылдан бастап «Түркі әлемінің әдебиеті» атты тарихи-мәдени, рухани байланыстарды нығайту жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Жобаның мақсаты – түркітілдес елдердің ең үздік шығармаларын қазақ тіліне аударып, отандық оқырманға ұсыну. Бұл бастаманың бұған дейін республикалық «Таң-Шолпан» әдеби журналы арқылы негізі қаланды. Соңғы төрт жылда журнал әр жылды бір түркі еліне арнады. 2022 жылы – Қырғыз әдебиеті, 2023 жылы – Өзбек әдебиеті, 2024 жылы – Әзербайжан әдебиеті, 2025 жылы – Татар әдебиетінен үздік туындылар журнал бетінде жыл бойы жарық көріп, оқырмандармен жаңа есімдермен, жаңа шығармалармен қазақ тілінде қауышты. Қазіргі таңда біз Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстан Жазушылар одақтарымен тиісті меморандумдарға қол қойып, дайындық жұмыстарын толық аяқтадық. Бұл жоба аясында әр елден 52 автор, барлығы 156 қаламгердің шығармалары қамтылып отыр. Бұл игі бастама түркі халықтарының әдеби байланысын нығайтып, рухани бірліктің жаңа белесіне жол ашады деген сенімдеміз.

Сонымен қатар қазіргі таңда Қазақстан Жазушылар одағы жанын-

дағы жанрлық кеңестер қазақ әдебиетінің түрлі бағыттарын дамытуда маңызды рөл атқарып отыр. Әр кеңес өз саласының өзекті мәселелерін талдап, шығармашылық ізденістерге бағыт беріп келеді. Атап айтқанда, проза кеңесі, поэзия кеңесі, детектив жанры, балалар әдебиеті кеңесі, деректі проза шетелдегі қазақ әдебиеті, әдеби сын кеңесі, орыс әдебиеті кеңесі, ұйғыр әдебиеті кеңесі, сатира кеңесі, драматургия кеңесі, Жастар кеңесі (проза), Жастар кеңесі (поэзия), аударма жанры кеңесі, қазіргі қазақ әдебиеті кеңесі.

Бұл кеңестердің жұмысы әдебиеттің барлық жанрын қамтып, ұлттық әдебиетіміздің жан-жақты дамуына тың серпін беріп отыр.

**Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы!**

Сіздің депутаттық сауалыңызда көтерілген қазақ әдебиетінің келешегіне қатысты мәселелер – Қазақстан Жазушылар одағының күн тәртібіндегі басты бағыттармен, атқарылған, атқарылып жатқан жұмыстармен толық үндеседі.

Қазақ әдебиеті – іргетасы берік, рухани қуаты зор, болашағы – жарқын әдебиет. Өзіңіз француздардан Гюго мен Камюды, Жапониядан Муракамиді мысалға келтіргеніңіздей, Қазақтың Абайы мен Әуезові, Мағжаны мен өзге де ұлы тұлғалары әлемдік аренада «әдеби дипломатия» жүргізуге қауқарлы.

Біз әдебиетті дамыту ісінде мемлекетпен бірлесе жұмыс істеуді, жас қаламгерлерге қолдау көрсетуді, ұлттық руханиятты жаңғыртуды өзіміздің басты міндетіміз деп білеміз. Қазақ әдебиеті – ұлт рухының айнасы. Оны дамыту – баршамыздың ортақ парызымыз болмақ! Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы ретінде сіз де мұны ұмытпауыңыз керек!

Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы

# Ата дәстүр, Асыл сөз

Алматыда Қазақстан Жазушылар одағы мен Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының ұйымдастыруымен жазушы, этнограф-ғалым, баспагер, фольклорист Зейнолла Сәніктің 90 жылдығы аталып өтті. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің ғимаратында өткен ұлт руханиятына өлшеусіз қызмет еткен қарымды қаламгердің мерейтойына арналған «Ата дәстүр, асыл сөз» атты әдеби-сазды кешке қала тұрғындары, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер қатысты.



Кеш шымылдығын ашқан Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, Ұлттық құрылтай мүшесі, жазушы Мереке Күлкенов өз сөзінде қазақ этнографиясының еңселі тұлғасы, қаламы мен ғұмырын халқымыздың болмысын танып-білуге арнаған жазушы-этнограф Зейнолла Сәніктің 90 жылдық мерейтойы, бұл – тұтас ұлт руханиятына қызмет еткен және оны қызғыштай қорғап, көзінін қарашығындай сақтаған жандарға тағзым ету екенін атап өтті. «Зейнолла Сәнік – халқымыздың көнеден жеткен мәдени, рухани қазыналарын жинақтап, жүйелеп, ғылыми тұрғыда саралаған, сонымен бірге көркем сөздің құдіретін этнографиялық таныммен ұштастырған тұлға. Ол – дәстүр мен әдебиеттің, тарих пен тағылымның тоғысқан тұсындағы көпір. Оның шығармалары – халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының шежіресі, ұлт мінезін, салт-санасын танытатын айна. Ол жазған «Қазақтың тұрмыс-салт білімдері», «Табиғат тәлімі», «Дала мәдениеті туралы толғаныстар», «Қазақ этнографиясы» сынды еңбектер – тек этнографиялық туынды ғана емес, ұлт болмысын ұрпақ санасына сіңіретін тағылымды мектеп.

Биыл Қазақстан Жазушылар одағының бастамасы, Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы. Зейнолла Сәнік – 90 жыл» атты республикалық ғылыми-шығармашылық экспедиция ұйымдастырылды. Бұл игі шара елдің барлық аймағын қамтыған, Алтайдан Атырауға дейін ұлт руханиятының ұлы көшін жалғаған сапар болды. Экспедиция барысында зерттеушілер мен қаламгерлер Зейнолла Сәнік еңбектерін қайта зерделеп, ел ішіндегі көне дәстүрлер мен этнографиялық деректерді жинақтады. Бұл Зейнолла Сәнік мұрасының өміршеңдігін, оның рухани ілімінің бүгінгі ұрпаққа қажет екенін айғақтайды. Зейнолла Сәнік мұрасы – ұлттың мәңгілік қазынасы. Оның қалдырған ізі – жас зерттеушілер мен қаламгерлерге бағыт, болашақ ұрпаққа рухани темірқазық. Біз оның еңбектерін тек зерделеп қана қоймай, өміріміздің өнегесіне айналдыруымыз қажет», – деді Мереке Әбдешұлы.

Шара барысында Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері, Президент әкімшілігі Мемлекеттік кеңесшісі хатшылығының консультанты Қалқаман Сарин, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті Кітап ісі басқармасының басшысы Алмаз Мырзахмет және Абай облысы әкімдігі аппарат басшысының орынбасары Ербол Алшынбай ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның, Абай облысының әкімі Берік Уәлидің арнайы жолдаған құттықтау хаттарын оқып берді.



Қазақстан Жазушылар одағы мен Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры жазушының 90 жылдығына арналған Халықаралық этнографиялық әдеби байқау жариялаған болатын. Бұл байқауға тек Қазақстаннан ғана емес, алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыз да белсене қатысып, ұлт мәдениеті мен дәстүріне арналған үздік туындыларын ұсынды. Халықтың салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын, этнографиялық мұрасын көркем сөзбен жаңғыртуға бағытталған халықаралық әдеби байқау өз мәресіне жеткен кеш барысында жеңімпаздар марапатталып, «Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы. Зейнолла Сәнік – 90 жыл» атты республикалық экспедицияның қорытындысы жарияланды. Үздік туындылар топтастырылған «Ата дәстүр, асыл сөз» атты жинақтың тұсауы кесілді.

Әдеби байқаудың Бас жүлдесін «Сармерден» этнографиялық әңгімесі үшін Ғалым Қалибекұлы, 1-орынды этнографиялық өлеңдері үшін Нұрлыбек Қалауов, 2-орынды «Қарашегір» әңгімесі үшін Айгүл Кемелбаева, этнографиялық өлеңдері үшін Ақсұңқар Ақынбаба, 3-орынды «Клоун» әңгімесі үшін Нұрғали Ораз, «Бабалардың көштері» этнографиялық жыр-толғауы үшін Әбубәкір Қайран және «Салт-дәстүрін сақтаған...» этнографиялық өлеңдер топтамасы үшін Толыбай Абылаев иеленді. Сонымен қатар байқаудың Арнайы жүлдесі «Кеуденде қоныр қобыз бебеу қағар...» өлеңдер топтамасы үшін Мұрат Шаймаранға, балаларға арналған этнографиялық өлеңдері үшін Азамат Әбілқайырға, өлеңдері үшін Фатим Сұлтан Йылмазға, «Желтабан» әңгімесі үшін Ергали Бақашқа, «Ердің қасы» әңгімесі үшін Қанағат Әбілқайырға, «Жылан тілін білетін бала» әңгімесі үшін Дүйсенәлі Әлімақынға, «Шыманбай» әңгімесі үшін Көлбай Адырбекұлына берілді.

Ұлттық құндылықтарымызды сөз құдіретімен жаңғыртып, әдебиет пен руханият әлеміне өзіндік үн қосқан барлық жеңімпаздарға байқау жүлдесімен бірге, Зейнолла

нәтижесі ретінде Батыс өңіріндегі 4 университеттің үздік студенттеріне ақын, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Есенғали Раушанов атындағы стипендия табысталып келеді. Бұған қоса, экспедиция аясында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Зейнолла Сәнік атындағы этнографиялық аудитория ашылды. Қазақстанның барлық өңірінде жастар, ғалымдар, өңір тұрғындары, жергілікті өлкетанушылар және зиялы қауым өкілдерімен кездесулер, талқылаулар мен конференциялар өтті. Сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде Зейнолла Сәнік атындағы Баспагерлік-редакторлық орталық, Семейдегі Шәкәрім университетінде Зейнолла Сәнік атындағы шетелдегі қазақ әдебиеті дәрісханасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Зейнолла Сәнік атындағы этнография аудиториясы ашылғанын атап өткен жөн.

Осы орайда кеш барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Қансейітұлының, Шәкәрім университетінің төрағасы-ректор Думан Рымғалиұлының, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлының жазушының 90 жылдық мерейтойына жолдаған құттықтау хаттары оқылды.

Зейнолла Сәнік – сөздің киесін сезінген, жыр мен дәстүрдің сарынын тыңдатқан тұлға. Әуен мен күй – сол мұраның жалғасы. Зейнолла Сәнік «Ұлт болып сақталып тұрудың төрт тағаны бар. Бірінші – сол халықтың үні, ән-күйі, музыкалық мәдениеті. Екінші – тілі. Үшінші – тарихы, салт-дәстүрі, асыл әдеби мұралары, этностық белгілері. Төртінші – ата мекені, тарихи қонысы. Осы төртеуінен айырылған ұлт ел болудан қалады» деген еді.

Расында да, ән мен күй – халқымыздың жаны, тілі мен дәстүрі – оның рухы. Мерейтойлық осы кеште Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі мен елімізге танымал мәдениет қайраткерлері орындаған ән мен күй – саналы ғұмырын ұлт руханиятын зерттеуге арнаған қарымды қаламгердің өмірлік философиясы іспетті. Оның еңбегі де, өмірі де – үйлесім мен жарасымға, парасат пен ұлттық құндылыққа құрылған.

Жиналған қауымның зор қошеметі мен ықыласына ие болған бұл кештің мәні де сол – ұлттың ұлы дәстүрін ұлықтау, асыл сөздің қадірін арттыру, Зейнолла Сәнік сынды тұлғалардың рухани мектебін жалғастыру. Оның шығармашылық мұрасы халқымыздың жадында мәңгі сақталып, ұлт руханиятының алтын арқауы бола бермек.

Дайындаған  
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

## «ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Құрметті оқырман! Қазақ руханиятына ғасырдан астам уақыт бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Жұлдыз» журналына 2026 жылға «Қазпошта» арқылы жазылу науқаны басталды.

«Жұлдыз» – қазақ әдебиетінің алтын ұясы, ұлт сөз өнерінің рухани ордасы. Журнал бетінде қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясының озық

туындылары, әдеби-сын мақалалар, танымдық эсселер мен зерттеулер, әлем классиктерінің шығармашылық тәжірибелері мен құпиялары, сондай-ақ жас қаламгерлердің шығармалары тұрақты түрде жарияланып тұрады.

«Жұлдыз» – өткеннің мұрасын, бүгіннің үнін және болашақтың үмітін тоғыстырған рухани әлем! Осы рухани әлемнен қол үзбеңіз. Қолданыңыз, жазылыңыз.

Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс: 75685	Бағасы	Бағасы	Индекс: 25686	Бағасы	Бағасы
1 айға	1183,86	1183,86	1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58	3551,58	3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16	7103,16	6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14206,32	14206,32	12 айға	17394,24	16846,32

## Кемел Тоқаев атындағы VIII республикалық детектив шығармалар байқауының жеңімпаздары анықталды

2018 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан Кемел Тоқаев атындағы VIII республикалық детектив шығармалар байқауының қорытындысы биыл Тараз қаласында өтті.

Салтанатты шараға Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Серік Сәлемов, еліміздің белгілі қаламгерлері, құқық қорғау саласының ардагерлері, журналистер мен қала тұрғындары қатысты.

Байқауға 70-тен астам туынды келіп түскен. Соның ішінде 14 шығарма іріктеліп, шешуші кезеңде бақ сынады. Қорытынды рәсім барысында жеңімпаздарға Жамбыл облыстық сотының арнайы жүлделері мен ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

Әдебиетке қызығушылығы мен шығармашылық таланты арқылы танылған авторлардың еңбегі жоғары бағаланып, үздік деп танылғандар марапат төрінен көрінді:



Бас жүлде – Гүлден Жілкелдиева;  
I орын – Айзада Кенжемолдаева;  
II орын – Алдажар Әбілов;  
II орын – Болай Бердиева;  
III орын – Мирас Мұқаш;  
III орын – Шернияз Жалғасбекұлы;  
III орын – Бақыт Жәлиева.

Айта кетейік, жобаның мақсаты – жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, детектив жанрын дамыту, әдебиет арқылы әділдік пен адамгершілік қағидаттарын насихаттау.

## «АЙША» КӨРКЕМ ФИЛЬМІНІҢ ЖАБЫҚ КӨРСЕТІЛІМІ ӨТТІ

Қазақстан Жазушылар одағының бастамасымен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы ғимаратында қазақстандық жас режиссер Жалғас Әбеновтің алғашқы қысқаметражды «Айша» көркем фильмінің жабық көрсетілімі өтті.



Бүгінде «Болашақ» бағдарламасымен Нью-Йорк киноакадемиясында білім алып жүрген жамбылдық жас режиссердің тырнақалды туындысын Қазақстан Республикасының Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі Асанәлі Әшімов, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, Қазақстанға танымал актерлер мен кинотанушылар, киносыншылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, аталған фильмнің жұмыс тобы мен өзге де көрермендер тамашалады.

«Айша» деп аталған қысқаметражды бұл картина – қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын суреттейтін кино ғана емес, қоғамдағы ең өзекті мәселе саналатын тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы нәзік жанның үнсіз жанайқайын естіретін туынды.

Қысқаметражды фильмнің көрсетілімінен соң фильм туралы арнайы талқы ұйымдастырылды. Талқы барысында Асанәлі Әшімов, Мереке Құлкенов, Қасымхан Бегманов бастаған зиялы қауым өкілдері жас режиссердің шығармашылық жолына сәт сапар тіледі. Кинопродюсер, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Қанат Төребай, режиссер Мұхит Сатыбалды, кинотанушы, Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Өнертану факультеті, Кино тарихы және теориясы кафедрасының доценті Гүлнар Мурсалимова, Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Өнертану факультеті Кино тарихы мен теориясы кафедрасының оқытушысы Гүлім Көпбайқызы, танымал киноактері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Тоғызақов, ф.ғ.к., профессор Сейсекүл Исмамова аталған фильм туралы кәсіби көзқарастарын айтып, фильмнің жетістіктері мен кемшіліктерін тілге тиек етті.

## «ЖАРАТЫЛЫСҚА МАДАҚ» ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДА



Қазақстанда бірегей әдеби жоба: Франциск Ассизидің атақты «Жаратылысқа мадақ» (Il Cantico delle Creature) поэмасының қазақ тіліндегі нұсқасы жарық көрді.

Кітапты «R.S. Publishing» баспасы Френсис Ассизидің (1226–2026) қайтыс болғанына 800 жыл толуына орайластырып шығарған. Аударманың авторы – ақын Қорғанбек Аманжол.

Үш тілде жарық көрген туынды Қазақстандағы Италия елшілігі мен Алматыдағы Италия мәдениет институтының бастамасымен, демеушілігімен жарық көрді. Кітапқа мыналар кіреді:

- итальян тіліндегі түпнұсқа мәтін;
- Қорғанбек Аманжолдың қазақша аудармасы;

— орыс тіліндегі нұсқасы қазіргі заманғы жетекші аудармашылардың бірі ақын Ольга Седякованың еншісінде.

Бүкіл әлем алауыздық пен қақтығыстарды бастан кешіріп жатқан заманда «Жаратылысқа мадақтың» қазақ тіліндегі аудармасы терең мағыналы мәдени дипломатияның үлгісіне айналды.

«Бұл XIII ғасырдың шедеврі ғаламның үйлесімділігін және барлық тіршілік иелерінің бауырластығын дәріптейді. Кең дала, шексіз аспан мен көне көшпелілер даналығы – Қазақстанның рухани дәстүрлерімен таңғалдырады», – деп атап өтті Италияның Қазақстандағы елшісі Антонелло Де Риу.

Кітапта аудармалардан басқа итальяндық және қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің мақалалары мен ой-толғаулары бар. Солардың бірі – италия мәдениеті мен әдебиетінің елімізде қанат жаюына өз үлесін қосып жүрген жазушы Роллан Сейсенбаевтың қазақ тіліне тұңғыш аударған Дантенің «Тозағы».

Басылымға белгілі қазақстандық суретші және фотограф Сарра Есенбайдың 27 түпнұсқалық иллюстрациясы қоса берілген, оның туындылары кітаптың ажарын ашып тұр.

## «КІТАПТАР ӘЛЕМІ» ЖОБАСЫ

### АЯСЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН ҚОС КІТАП

Мұхтар Әуезов атындағы кітапханада «Кітаптар әлемі» жобасының бес жылдық мерейтойы аясында жазушы Салтанат Әбдіғалидың «Жаназық» және «Кішкентай әйел» кітаптарының таныстырылымы өтті.



Шараны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, жазушы Нұрдәулет Ақыш жүргізіп отырды.

Алғашқы болып сөз сөйлеген Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Қасымхан Бегманов жас жазушының аяқ алысы – қос кітабы қомақты еңбек екеніне тоқталып, ақжарма тілегін білдірді. Ал арнайы Тараз қаласынан ат терлетіп келген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Көсемәлі Сәттібайұлы мен «Шалқар» радиосының директоры, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Болатбек Төлепберген «Кітаптар әлемі» жобасының маңыздылығына тоқталып, жетекшісі Салтанат Әбдіғалидың жаңа

кітаптарының көтерер жүгі салмақты екенін айтты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Ардақ Исаева өз шәкірттерімен әннен шашу шашып, шараның көрігін қыздыра түсті. Жиынға сондай-ақ Салтанат Әбдіғали жетекшілік ететін «Кітап жанашырлары» клубының елдегі, шетелдегі мүшелері де қатысты. Түркістан облысы, Созақ ауданынан келген ақын әрі ұстаз Тұмартай Дінтайұлы, ақын Несібелі Шайдазымова, Моңғолия елінің Баян-Өлгей өлкесінен келген Төлеген Баянханұлы, Шымкент қаласынан келген Рүстем Кенжеұлы, Түркістан қаласынан келген қаламгер Жібек Исақовалар «Кітаптар әлемінде» жобасының бесжылдық шарасын ұйымдастырған клуб жетекшісі Салтанат Амангелдіқызына шығармашылық табыс тілеп, барша клуб мүшелері атынан ризашылықтарын білдірді.

## «КІНӘЛІ ӨЛЕҢ ДЕСЕ, СЕНБЕ, КӨКЕМ!..»

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ақын Сәрсен Қадырдың «Кінәлі өлең десе, сенбе, көкем!..» атты шығармашылық кеші өтті.



Шараны ақын, «Ақпарат саласының үздігі», Құрмет орденінің иегері Әнуарбек Бимағамбет жүргізді.

Кеш барысында ақынның «Өткінші жаңбыр» атты жаңа жыр кітабының тұсауы кесіліп, оқырман-дарға таныстырылды.

Қазақстан Жазушылар одағының Маңғыстау облысы бойынша өкілі Сұлтанбек Құдайберген Бейнеу жұртына

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтің арнайы құттықтауын жеткізді.

Шара барысында ақынның сөзіне жазылған сыршыл әндер орындалып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

«Сыбығымды тартып қара,  
Үлкен-кіші, құрдасым.  
Күйге көңіл артып қара,  
Ұлағатты ел тындасын.  
Жүрек жырын айтып қана,  
Бағын ашып бұлдарсың.  
Сезім сырын қайтіп қана  
Досыңа айтпай тұлдарсың!  
«Сырсандықтан» сыбағанды ал,  
Сырттап өтпе, сырласым.  
Деп «Сыйға – сый, сыраға – бал»,  
Сынап біл жан тұлғасын.



Бұл елге жамбылтанушы ғалым, өнертанушы, сазгер, драматург ретінде танылған Януда Амандықовтың «Сыр сандық» атты қолжазба кітабынан алынған өлең. Салмағы екі-үш кітапқа жүк болардай, жүрегінен үзіліп түскен мөлдір жырларын ұзақ жылдар жанының бір қалтарысына сақтапты. Баспаға бермей келді беріге дейін. 2018 жылы «Ақ шағыл» баспасынан «Дүниеге көзқарас» деген атпен жарық көріп, қолымызға тигенде үркінкіреп, мұқабасын аялап қана ұстап, парақтап едік. Біз, ауылдағы жастар, Януда ағамызды, алдымен, Қаратау елінің гимніне айналған «Қаратауым» әнінің авторы деп таныдық, бері келе халық театрларында қойылып жүрген пьесалары арқылы драматург деп білдік. Януда ағамыздың білім саласында жемісті еңбек еткенін, мәдениет саласын басқарғанын ата-анамның әңгімесінен еститінмін. Шалғайдағы ауданда хор капелласын құрып, түрлі байқаулардан жүлделі орын алып, Айды аспанға шығарғанын үлкендер жырғып айтатын, іскерлігі мен сан қырлы талантына тамсанатын. Сөзі мен әні Януда Амандықовтыкі деп хабарланатын әндерді тындап өстік кішкентай қара радиодан. Өзі туып-өскен томаға-тұйық даладай, қатпар-қатпар сырларын қара тасына жасырған қарт Қаратаудай құпиясын сырт көзге бірден аша қоймайтын Януда ағаның «Сыр сандығы» ашылғанда абдырап та қалдық. Сол кітапты биыл ағаның 90 жылдығын атап өту барысында тағы да қолға алдық.

«Жасынан өлең жазуды серік етіп үндемей жүрген автор Януда Амандықовтың қолжазба өлеңдер кітабын қалай баспаға ұсынбай жүрген деп таңғалып оқып шықтым. Көркем дүниелер жабулы жатқан екен. Қай баспа болса да мұндай жақсы кітапты жарыққа шығаруға ықыласты болады деп ойлаймын. Януданың жасы өскен сайын ойы өсіп отырған. Оны кітап көрсетеді. Көзім жетіп, көңілім тойды», – деген екен қолжазбамен танысқан Сағат Әшімбаев. Бұл 1985 жылы еді. Араға жылдар салып Сағат ағаның осы пікірі кітапқа алғысөз боп алынды.

Сан қырлы талант иесі Януда аға алуан тақырыпқа қалам тербейді, өлеңдері әркілі кезеңді қамтып, елдің тыныс-тіршілігімен астасып жатады. Ықыласпен оқи білгенге атүсті кесіп-пішпей мазмұнының тереңдігімен салмақты ой салады. Мұнда да Януда ағамыздың халық шығармашылығының зерттеушісі ретіндегі орасан еңбегі қылаң береді. Ұлттық колорит алуан өрнекте шұрайлы тілмен сөйлейді. Жалықпай оқығанды жаңа иірімдер тылсым тұңғыыққа жетелейді. Тың суреттеуімен таңғалдырады. Фафу Қайырбековтің Януда ағамыздың өлеңдері жайлы пікірі ойымызды дөп басады:

«Мен тұқ жаңсағы жоқ шынымды айтсам, Януданың ақындығына риза болдым. Осы күні үш мың жол өлеңді, ол бір аты әйгілі ақын болса да, ешкім уақыты, ықыласы жетіп оқи бермейді. Қолына алса да, жалығып жаба салуы мүмкін. Мен жинақты жалықпай оқып шықтым. Өйткені барған сайын әр жаңа өлеңнен жаңа образ, жаңа теңеу, өрнек, тың сурет, тосын ойлар кездестіріп отырдым».

Фафу Қайырбеков айтса – айтқандай, Януда ағаның өлеңдерінің ерінбей оқығанға әсері ерекше. Өмірден көп көріп, мол түйгені, ел ішінде өмір сүргені әр жолынан байқалады. Бұнда алдымен, Созак даласы сыр шертеді. Қаратаудың



бітеқайнаскан ақынның сөзі. 1954 жылы жазылған өлең. 19 жаста. Таңғалмасқа шара жоқ...

*Ай астынан – көкжиекті бөктерден,  
Ой салады көз ұшынан от көрген.  
Түн түрліді көлді қауып әуілдек,  
Тамағыма келді ықылық кептелген.  
Қоғалы көл салқ-салқ соғып ұрмайды,  
Түпке тартып сүттей жарық*

*тұрды Айды.  
Көз ұшынан көрген оттың қиялын,  
Әуілдек те, көл де менен бұрмайды.  
Бұл да – 19 жастың өрнегі. Ал «Адам-ау!» өлеңі әлі күнге өзектілігі күйіп тұрған, ересектің өзінің тіл ұшына орала бермейтін фәлсапалы орамдар.*

*АДАМ-АУ!  
Көгеріңші деп ойласаң көсеген,  
Тыныштықта гүлдей жайнап өсер ең.  
Есің кірмей, етек жаппай не теңің,  
Күйіп тұрған Күннің көзін көсеген.  
АДАМ-АУ!  
Өзді-өзіңе толдың, білем. Абайла.*

# «ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАС» немесе «Сыр сандықтағы» сырлы сөз

тіл бітсе сөйлер әр тасы. Бетпақдаланың мидай жазығы. Сол даланы мекен еткен Созак жұрты. Сайын даланың құм белдері, жазығы, тау - тасы, тұз тағылары, ит-құсы... Ұшса құс, жүгірсе аң жете алмайтын сахараның саф ауасын жұтып, бал суына қаныққан еркін елдің тынысы. Ақын өлеңімен бірге өседі. Елуінші жылдардағы алғашқы өлеңдерінің бірі – «Жас тілекте»:

*Арманым – жас құрбыммен  
жүрсем деймін,  
Тілегім – сүйген сізді ап күлсем деймін.  
Білмеймін болашақ іс не боларын,  
Беретін бір сертіңді білсем деймін, –  
десе, албырт жастықпен:  
О, дегдар ару, сенің махаббатың  
Шығарды бір бейбақтың лақап атын.  
Қорланбай толамын деп өз сынына,  
Өсіп келем.Ол – сенің шапағатың, –  
дейді алпысыншы жылдарға қадам басып.  
Ал «Өспес пенде» өлеңінде:  
Өспес пенде өнбес дауды қуады,  
Ел күтпеген өшпес жанжал туады.  
Сонымен сол ел безер ер сенделіп,  
Жайын жүрген жұрттың*

*жолын буады, –  
дейді. Ердің сөзі емей немене?  
Ақында осы сынды өмір толғаулары,  
тебіріңдері өте мол. «Осы орайда Януда ағаның қаламға, сөзге деген жауаптылығы таңғалдырады. Өлең жаздым деп алып-ұшып ала жүгірмей, сан толғанып, өлшеп-пішіп, түзегені қолжазба беттерінде сайрап тұр» депті пікір жазушылар. «Януданы жасынан біле жүре, өнер қырының молдығын сезе жүре осынша жақсы өлеңдер жазып тастағанын білмедім. Сөйтсем, қартамыш Қаратауды, жал-жал боп созылған Мойынқұмды, көне Созакты, оның түрі бөлек, сөзі, тірлігі кесек, мінезі тіпті бөтен адамдарын жан жүрегінің жыры етіп жаза беріпті. Өлең жолдарында айнала тіршілік сайрап тұр», – деп алғаусыз ақтарылады сыншы Төлеген Токбергенов. Айтса – айтқандай, әр жолынан табиғатты құлай сүйіп, әр құбылысты жүрегінен өткізіп, зерделеп, тоқығаны сөйлеп тұр. Аңшылыққа құмартып қана қоймай көп бағып, із кеседі. Аңшылықтан құр қайпаған қанжығасы қойын дәптерге ризығын мол төгіпті. Мысалы:*

*Қыс. Қалың қар. Тобықтан бұзып келем,  
Жаяу шыққан сонардан қызып денем.  
Демім түтін. Шығатын күнге қарсы,  
Аппақ айдын даланы сызып келем.  
Текектеген үшкіл із шарға салды,  
Шардан қуып шығып ем жарға салды.  
Қуыс қылта астынан өтті-дағы,  
Қара қопа қаусырған орға салды, –  
дейді. Міне, жас та болса табиғатпен*

*Жұлдыздардан мейман кеп жүр,  
оны ойла.  
Бір машинаң, бір мылтығың оталмай,  
Ол көрінсе, таппай жүрсін жан айла, –  
бұл да 19 жаста туған. Бірақ албырт ойы емес, қырықтың құрыш шынықтырар арыны дерсін.*

Рас, Януданың өлеңдері тосындау алғашында... көз жүгіртіп құмарта қоймайсың. Абайлап оқып бастап, біржола баурап алғанын байқамай да қаласың. Сөздің құдіретінің өзі сол емес пе? Сыздықтап сырын әрең ашқан Януда жылдары сөт сайын ажарлана түседі, мөлдір... тұмса... Берідегі өлеңдері не дейді? 2001 жылы жазылған «Бетің аумасын» өлеңін алайықшы:

*Ей, ер жігіт, сызды тасқа сүйкенбе,  
Әйел алсаң, көркі үшін үйленбе.  
Қарқаралы қалыңдық бар оң жақта,  
Тегіңді айтып, теңдесіп ал сүйгенге.  
Тәрбиелі, діні таза, деңі сау,  
Қызға үйленсең, бас білдіріп бас асау.  
Бар төркіні сені ес көріп, саған жақ,  
Қайын жұртты, ер күйеулі ел осы-ау!*

– дей келе, 2011 жылы «Дүниеге тіктеп қарашы» өлеңінде:

*Дүниеге тіктеп қарашы,  
Тіршіліктің сол ғой анасы,  
Адамзаттың мәңгі панасы,  
Соны ұғының жүрміз бе?..  
Көзіңді ашқалы жолсерік,  
Жартылыс қана жансерік,  
Түсіңсең сырларын еңсеріп,  
Өркенді үй ғой ол бізге, –  
деп тіршілік парқын бағалай білудің маңыздылығын меңзейді. Асыра әсірелеу, бояма суреттеу жоқ, қарапайым тілмен шұрайлы өрнектелген жүрек сөзі. Тенеулері тосын әрі шынайы.*

Баспа редакторы О.Кенжебеков редакторлық пікірінде: «Януда Амандықовтың бұл қолжазбасына белгілі ақындар Ғ.Қайырбеков, С.Жиенбаев және азулы сыншы Т.Токбергеновтің өзі де тәнті болып, жүректерінен үзіліп шыққан жылы лебіздерін білдіріпті. Дүйім жұртқа белгілі, парасатты, талантты ақын-жазушылардың жыл құсындай көзге жылы ұшырайтын ілтипатқа, құрметке толы пікірлерін көлденеңдеген көк аттыға, көріне қалған көкезуге майшелпектей үлестіре бермесі ақиқат қой... қорыға айтқанда, Я.Амандықовтың бұл қолжазбасын тақырыптық жоспарға ұялмастан енгізуге болады», – депті (1989 ж. «Жазушы» баспасы).

Пайымды оқырман алар ой мол. Үш кітапқа жүк болардай «Дүниеге көзқарас» жыр жинағы жайлы пікірлер бір кітапқа тең. Януда ағамыздың 90 жылдық мерейлі жылында жыр кітабын қолға алып, түйген ойымыз осы еді.

Елден кеткелі біршама жылдың жүзі болған ғалым елден қол үзбеген еді. Жылма-жыл демесек те, арагидік елге ат басын бұрып, сағынышын басып, ағайын-туыспен қауышып қайтатын. Өнер мен әдебиет ордасы – Алматыға ғылым жолына түсіп, білімі мен біліктілікті шындасам деген арман-мақсаты жетелеп кеткен Януданың жүрегінің бір бөлшегі Қаратаудың теріс беткейінде қалыпты. Януданың туған елі, қазақтың қара шаңырағы Созақта қалған өнерлі ел, өнерді құрметтеген ел жамбылтанушы ғалым, сазгер Януда Амандықовтың туғанына 90 жыл толғанын ескерусіз қалдырмады. Жақсы дайындықпен лайықты денгейде аталып

өтті. С.Қожанов атындағы музейде бұрыш ашылды, аудандық мәдениет үйінде облыстық ән байқауы өтті. Ұмытылмаса да есімі елеусіздеу еді соңғы жылдары. Ел жиылып еске алды, өлке білім саласы мен мәдениетін дамытудағы сүбелі үлесі айшықтала айтылды. Есіміне құрмет көрсетілді, мол мұрасы таныстырылды. Әуелете әндері шырқалды. Ғұмыр жолына көз салсақ, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, сазгер, ақын, жамбылтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Созак ауданының Құрметті азаматы Януда Амандықов 1935 жылы Түркістан облысы Созак ауданында Созак ауылында дүниеге келген. Созак мектебінде орта білім алып, Шымкент педагогикалық институтының филология факультетінде білімін шыңдап, 1957 жылы бітіреді. Еңбек жолын Созак орта мектебінде мұғалімдіктен бастап, «Құмкент» совхозындағы М.О.Әуезов атындағы орта мектептің директоры қызметтерін атқарып, 1967–1976 жж. Созак аудандық мәдениет бөлімін басқарады. 1969 жылы аудан өнер ұжымының халық театры атағын иеленуіне айтулы еңбек сіңірді. Януда Амандықов жетекшілік еткен аудандық хор капелласы 1975 жылы Таллинде өткен халықаралық фестивалге қатысып, жүлде алды. Талантты сазгер ретінде 40-тан астам ән жазды, оның 20-сы Қазақ радиосының «Алтын қорына» енген. «Сыр сандық» өлеңдер жинағы, «Үміт шырағы» әңгімелер жинағы, «Әнші Әміре», «Өмір сабақтары» кітаптары жарық көрген. 1976 жылдан Қазақстан Республикасы халық шығармашылығы үйі директорының орынбасары, 1979 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Жамбылтану бөлімінде ғылыми қызметкер боп жемісті еңбек етті. 1984 жылы «Қазақ совет әндерінің даму сатысы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Бұл Януда ағамыздың ғұмыр баянының цифр деректері десек, әр цифрдың арғы жағында ғалымның ерен еңбегі, ұстаздық тәлімі, өнердегі өркенді істері, сазгерліктің тылсымы, ақындықтың қияметі жатыр. Көзіқаракты оқырман еңбегін екшеп, керегін табар деген ой-дамыз.

**Гүлнәр ӨМІРБЕК,**  
Қазақстан Жазушылар одағының,  
Журналистер одағының мүшесі,  
ақын, аудармашы

**Жамбылдың ұстазы Сүйінбай бағалаған, Жетісудың бар суырып салма ақындары бас иген Қабылиса Асанұлы жыраудың талантты шәкірті, кезінде Жамбылға бата берген, XIX ғасырдың айтыс ақындарының тіліп түсер шар алмасының бірі – Бақтыбай Жолбарысұлы.**

Бақтыбай Жолбарысұлының ақындығының сыры біріншіден, ол алдындағы айтыскер ақындардың асыл қасиеттерін бойына дарыта білсе, екіншіден, солардың жеткен жетістіктерін зеректікпен байыптап, байқап, бағалап, дамыта, ширата білгендігінде.

Сонымен қатар ол өзі бойына сіңірген суырып салма айтыскерлік, жыршылық, әншілік, күйшілік тағлымдарды шашау шығармай дамытып, өзінен кейінгі өнер қуған ақындарға, жыршыларға, әншілерге, күйшілерге өнеге, үлгі ретінде жеткізе білген ұлағатты ақын.

Бақтыбай Жолбарысұлы Сүйінбай, Түбек, Арыстан, Жамбыл, Әсет, Жүсіпбек қожа, Уәйіс секілді тарландармен, Тезек төре, Мәйке, Бәйімбет, Қыпшақбай секілді майталмандармен айтысқа түсіп, сөз қағыстырған қазақтың заңғар ақындарының бірі және бірегейі.

Жетісу жерінің дарынды айтыс ақыны, көлемді жырларды нақышына келтіре жырлаған жыршылық өнердің үлкен тұлғасы, өзі де бірнеше дастан шығарған, кезінде «Жалайырдың жел жетпес жүйрігі» атанған Бақтыбай Жолбарысұлы 1835 жылы қазіргі Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Текелі қаласының маңында туып, 1902 жылы Текелі тауындағы Балдырған жайлауында қайтыс болған.

Сүйегі қазіргі Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Өтенай ауылынан алыс емес жерге жерленген. Басына жұбайы, айтыскер ақын, Жалайырдың Сыпатай руының қызы, Мәйке екеуіне ескерткіш тас қойылған.

Бақтыбайдың бірінші әйелі Айбаладан Байқұлақ, екінші әйелі Мәйкеден Нұрыш (1889–1989) деген қызы, Нүсіпбек (Жүсіпбек) (1900–1961) деген ұлы болған. Нүсіпбектен ұл жоқ. Ал Нұрыш қызынан өнген жиен, жиеншарлары бар.

Бақтыбай Жолбарысұлының жасынан ән-жырға, айтыстарға, дастандарға деген қызығушылығы, ерекше дарыны оны тек қана шебер айтыс ақыны ретінде қалыптастырып қоймай өз заманының керемет әншісі, күйшісі, жыршысы ретінде де баулып өсірген.

Оның бір ғана дәлелі бүгінгі күнге жеткен «Бақтыбайдың желдірмесі», «Шабьт», «Жарыс», «Қаратал» және т. б. ән-күйлері, «Едіге-Нұран», «Қыз құлаған», «Төрт өнерпаз» т.б. дастандарының бізге жетіп отыруы.

Өлендері әртүрлі тақырыпта келеді. Өлең-жырлары – өзі өмір сүрген дәуір шындығымен шындалған, тыңдаушы санасын тынымсыз шымшылайтын, өз дәуірінің шындығына жетелейтін құнды дүниелер. Шығармаларының тақырыптарына байыппен көз жіберсек, оның өлендерінде, айтыстарында адалдық, ынтымақ, теңдік, достық, жамандыққа төзбеушілік, қиын тұрмыстың қыры мен сыры, кейбір адамдардың озбыр әрекеттері жыр өзегін құрайтынын көреміз.

Бақтыбай – айтыстың алдаспаны, айтысқанын алысқа ұзатпай «алып та, шалып та» жығатын зор шебер және өзіне дейінгі, өзімен тұтас жыр алыптарынан үлгі алып, өзінің ақындық шеберлігін ширата, дамыта, көркемдік биігіне жеткізе білген ақын. Ол талай жыр жекпе-жегінде уәжді деректерді қалқан етіп, сөз семсерін мезгілінде батыл қолданудың арқасында жеңіске жетіп отырғаны ақынның осы қасиетінің арқасы болса керек. Ақын өмірден көріп, түйгендерін шешендік толғау, терме түрінде мақал-мәтел, ақылнакыл күйінде береді.

Қазақ халық поэзиясындағы суырып салмалық, төкпелік, ақындық пен әншілік, жыршылық өнердің үздік ше-

бері Бақтыбай екенін, оның шығармаларынан, айтыстарынан, дастандарынан, әндерінен анық көреміз.

Бақтыбайдың қазақ поэзиясындағы суырып салма ақындық дәстүрге тән белгілерді қолдануы мен шығармашылығындағы қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды игерген жаңашылдығы, өзіндік стилі – дәстүрлі жалғастықтың көрінісі.

Ақынның шығармалары кейінгі жылдары ғана толық жинақталып, әр басылымда жаңадан табылған өлең, толғау, айтыстары қосылып жарияланып жүргенімен оның есімі, шығармалары «Қазақ әдебиеті тарихынан» ертерек орын алып, назарға ілініп, академиктер, профессорлар М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Исмаилов, Р.Бердібаев секілді ғалымдар, О.Исмаилов, М.Ысқақбаев, Ұ.Доспанбетов секілді жазушылар олар туралы пікірлерін білдірді.

Бақтыбайдың туған жылына байланысты деректердің әртүрлі болғанына қарамастан, Жетісу жері оның анық туған жылын бұрын-ақ анықтап түрлі мерейлі мерекелерін атап өтіп, жерленген жерін тауып, басына, туған ауылына ескерткіш қойып еске алып отырды.

Биыл туғанына 190 жыл толып отырған Бақтыбай Жолбарысұлын Жетісу облысының әкімшілігі ту етіп көтеріп, жас ұрпақты ата жолымен, өсиетімен тәрбиелеуді қолға алып отыр.

Бақтыбай – қазақ суырып салмалық ақындық өнерін шашасына шаң жұкпаған жыр сүлейі Сүйінбайдан қабылдап алып, Жамбыл секілді ұлы жырауға, суырып салма ақынға тапсырған, атағы алысқа кеткен, айтыстарымен талайдың сусынын қандырған Жетісудың жыр жүйрігі.

Қазақ халқы өзінің даналық сөздерінің бірі: «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегенді бекер айтпаса керек. Осы ұстанымды берік ұстанған Бақтыбай өзінің ұстазы, Ұлы жүзде бар ақын бас иген Қабан жырауға тәңіріндей табынған. Небір үлкен, шебер ақындармен айтысқанда Қабан жырауға сиынған, пір тұтқан.

Майлықожа, Құлыншақ, Бодау, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөт, Түбек, Әсет, Арыстан, Уәйіс ақындар мен әншілердің шығармашылығы Бақтыбай өмірінде зор әсері болғаны оның айтыстары мен өлендерінде нақты көрініс тапқан.

Жастайынан жетімдіктің зардабын тартып, мал соңында жүрген бала, ақындыққа өте құштар болып, ақындық таланты ерте оянады. Жүрген жерінде ел аңыздарын тыңдап, өз айтыстарына таптырмас дерек іздей жүріп, ел тарихын құлағына құяды. Оның көптеген айтыстарда жеңіске жетуінің бір себебі, оның осы алғырлығынан болса керек.

Бақтыбай – төгіп те, тауып та айта біліп, талайды айтыста сүріндірген өзі естіген аңызды дастанға айналдырған ақын, жыршы. Оның туған, өлген жылдары көптеген ғылыми еңбектерде әртүрлі жазылып келді.

Бақтыбайдың туған жылы «Желқобыз» жинағында 1842 жыл, «Айтыс» (1966) жинағында 1844 жыл, «Бес ғасыр жырлайды» (1978), «XIX ғасырдың қазақ ақындары» (1978) және «Басылып жатқан қазынам» (2005) атты жинақтарда 1835 жыл деп деректер келтірілген.

Көп жылғы ізденіс, ақын өлендері мен оның айналасындағы адамдар деректерін салыстыра отырып, ақынның туған жылы 1835 жыл екені нақты дәлелденді.

Ал қайтыс болған жылына келетін болсақ, Бақтыбай дүниеден өткен кезде, баласы Нүсіпбек үш жасқа аяқ басқан.

Бақтыбайұлы Нүсіпбек 1900 жылы туып, 1961 жылы қайтыс болып, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Аралтөбе, Бірлік елді мекеніне жақын, «Ханымның сүйегі» деп аталатын зиратқа қойылған. Зираттың «Ханымның сүйегі» деп аталуында да ашылмаған сыр бар. Оның бір шеті Шыңғыс ханға барып тіреледі. Тарихшы Т.Әбенәйұлы және жазушы Б.Нұржеке-ұлы осы жер Шыңғыс хан өмірімен байланысты екенін баспасөз

беттерінде жариялаған да еді.

Бақтыбай ес біліп, етегін жауып болмай төрт жасар інісі Тәттібай екеуі әкешесінен жеті жасында жетім қалады. Бақтыбайға Балқаш көлінің жағасындағы Шұрық деп аталатын елді мекендеген нағашыларын паналауға тура келеді. Тәттібайды әкесінің ағасы Аю асырап алады. Нағашы жұрттың үш жыл жүріп мал бағып, нағашыларының өзін мал артына салып қойғандығына шыдамай, қашып кетеді.

Еліне қайтар жолында ұлы Жібек жолымен сауда жасап жүрген өзбек сауда керуеніне кез болып, олардың еліне апарып тастаймыз дегеніне сеніп, керуенмен бірге Ташкент, Самарканд, Бұқара, Хиуа қалаларынан бірақ шығады. Бұл бір жарым жылға созылған сапар оған талай нәрсені көруге, талай әңгімелерді естуге, көрген, білгенін көңіліне тоқи, құлағына құя беруге мүмкіндік беріп, дүние танымын кеңейтеді.

нөсер құйып кетеді. Бақтыбай тонған сон ешкілердің арасына тығылады. Суық жел, салқын жанбырдан соң ортасы жылы ешкілердің ішінде отырған Бақтыбайдың денесі жылып, маужырап, ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде Қабан (Қабылиса) жырау аян беріп: «Балам қамығып жүрсің ғой, айт тез, көген аласың ба, өлең аласың ба? – деп сұрайды.

Бақтыбай: «Ата, көген алып көгерген тұқымымызда жоқ, өлең алам, өлең!» – деген екен. Сол-ақ екен оянып кетіп, апыл-ғұпыл атып тұрған Бақтыбайдың үні шықпай қалады да, жайылып кеткен ешкілеріне қарай тұра жүгірген оның аузынан өлең-жыр төгіліп сала береді.

Екінші аңызда Қабан жырау түсінде аян беріп, «Ата, көген алып көгерген тұқымымызда жоқ, өлең алам, өлең!» – дегенде, Қабылиса жырау айналасына ақ нұр шашып тұрған алтын балдағын (сақина) Бақтыбайдың саусағына өзі

# Жетісудың



Бір жарым жыл керуен көшімен жүру, оның бітпес ауыр тіршілігі әбден шаршатқанымен, біраз нәрсеге көзі ашылған Бақтыбай керуеннен кетіп, еліне оралады. Келе сала қайтадан атасы Аюдың ешкілерін бағады. Мал бағып жүріп шындала бастаған ақындығын кей кездері жиын-тойларда көрсетіп, түрлі тақырыптарға өлең құрастырып, ақындығын танытады.

Ақыры ел оның ақындығын мойындап, мал бағудан құтқарады. Бұл теңдік оған өлеңнің соңына біржола түсуге мүмкіндік береді. «Арқалап домбырамды сағым қудым» деген өлеңінде өз өмірінің осынау кезеңдерін нақты жырлаған.

Бақтыбайға ақындық қону туралы, өмірінің осы кезеңіне байланысты ақынның өзі де айтқан, халық арасына да тараған мынандай әңгіме бар. «Бақтыбай бір күні ешкі бағып жүргенінде, қатты

кигізеді де, «Алдына адам баласын түсірмей, жырлап өт, балам, әумин!» – деп бата береді.

Осы екі әңгіменің қайсысы аңыздан гөрі ақиқатқа, шындыққа жақын екенін тағы да ақын сөзінен іздейміз. Семейдің Үржар қаласында Арқаның атақты ақыны Қыпшақбаймен айтыс үстінде Жәлменде бидің өзіне қауіптен қарап отырғанын аңғарып: «Атам берген ақ балдақ, Бір шалдық, сірә, болмаса» деп Қабылиса жыраудың түсінде берген «айналасына ақ нұр шашып тұрған алтын балдағын (сақина) бекер иемденіп жүрмегендігін, өзінің сөзсіз жеңетіндігін Жәлменде биге сеніммен айтып өтеді.

Бақтыбай өмір бойы аузынан тастамай кеткен, көп уақытқа дейін тек ақындар өлендерінде аты кездесіп келген Қабылиса (Қабан) жырау кім?

Қабан жырау мұрасының көп жыл-

дар жарияланбай, зерттелмей келуіне қарамастан, Бактыбай айтыстары жариялана басталысымен, Қабан жырау есімі көпшілік құлағына жетіп, жырау мұрасына деген қызығушылық туа бастаған еді. Оның себебі Бактыбайдың ұлы ұстазының атын жырларында да, айтыстарында да аузынан тастамай отырғандығы. Алғаш өлеңінде:

*Өткен ғой Сүйекең мен Қабекең де,  
Оларға қарасам мен жабы екем де,* — деп Қабылиса жырау есімін насихаттайды. Бұл жыр жолдары кейінгі шығармаларында күшейе түсіп:

*Ақын атам Қабылиса,  
Бір шумаққа сыйғызған,  
Он сегіз мың ғаламды,* — деп Қабылиса жыраудың ұлы тұлғасын аша түседі. Кейін ақынның жыр, толғауларындағы Қабан туралы мақтаулар, жырау есімі Бактыбайдың айтыста қарсыластарына қарсы шығарда көтерер туына айналған. Оның мысалы Қыпшақбаймен айтысындағы:

# ЖЕЛ ЖЕТПЕС ЖҮЙРІГІ

«Қолдаса Бактыбайды ақын Қабан, Желкеңнен бауыздармын қара нардай», — деген жолдар мен Сүйінбай, Әсетпен айтыстарынан көреміз.

«Бактыбайда ақындық бар» дегенге алғашқыда сенбей қараған ауыл адамдары күн сайын өлең айтпаса тура алмайтын халге жеткен бала ақынның жырларын тыңдай жүре, оның ақпа-төкпе, ағыл-тегіл өлеңдеріне құмартып, оның ақындығын біртіндеп мойындай бастайды. Оның жеңгесіне арнаған бір жағы қалжың, бір жағы астарлы сөз болып келген алғашқа өлең жолдары ел арасына тез тарайды.

Бактыбайдың жекелеген толғау, арнау, сықак, жоқтау өлеңдері, дастандары болғанымен, айтыс өнері оны биікке көтерді, халыққа танытты. Оның бізге жеткен өлеңдерінің көбі, өз басынан өткен, айналасындағы оқиғаларға байланысты болып келеді.

Бактыбай өлеңдерінің біразы әдемі қалжыңға құралған. Олар: «Тұрысбекке», «Андасбайға», «Азырақ әзіл болды-ау көңілашар», «Менлібайға» және т.б.

Ақынның дүние танымы, өмірге көзқарасы, адамның психологиясын арыдан сезіп, түйе әрбір өлең, толғаулары, айтыстарынан жіті байқалады. Арнау жанрында жазылған өлеңдерінде Бактыбай ақынның өзіндік даусы, өзіндік үні бірден көзге шалынады. «Сарыала түйғын сен едің, Сарыала тышқан мен едім» деген жолдарды оқығанда, астарлы әзілді байқаймыз.

Бактыбай өлеңдерінің бір шамасы юмор, сатираға құрылған. Бактыбай жырлары өмірдің өзіндегі юморды көрсетеді. Күлкіге зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр бере өзінің өлеңдерін шығарады. Құрдасы Менлібайға сұрай арнау түрінде арнаған өлеңінен, сынауды емес жеңіл қалжыңды көреміз, яғни ризашылықтан туған күлкіні көреміз.

Бактыбайдың өлеңдерінің біразы жары әрі айтысып жүрген қарсыласы Мәйкеге де арналған. Мәйкенің талантына, сұлулығына тамсанған ақын, оны жоғары көтереді. Осылай жыр арнаған өмірлік жолдасы Мәйке Бактыбай кайтыс болған соң біраз жоқтау өлең шығарып Бактыбайдың ақындық тұлғасын жан-жақты ашып берген. Бактыбайдың елден ерек әнші, танды-таңға қосып жырлайтын дастаншыл жыршы болғанын алғаш айтқан да жары — Мәйке.

Бактыбайдың айтыстарын сюжетті шығарма ретінде таратушының бірі де Мәйке секілді. Себебі Мәйке Бактыбайдың барлық өлеңін жатқа білгендігі аян, тек хат танымай қор болған.

XIX ғасырда жыраулық поэзияның

сарыны әлсіреп, аясы тарылғанмен, елдің қамын ойлайтын, оның арман-мүдделерін ту етіп көтеретін, бойында намыс оты жалындаған ақындар аз болмады. Сондықтан Бактыбайдың Тезек ордасына келіп, ойындағы пікірін ашық айтуы кездейсоқтық емес, ежелден келе жатқан ақындық дәстүрдің жалғасы.

Ақынның арнаулары жеке адамдар атына байланысты болғанымен, елдегі кейбір шындықтардың бетін ашар сипаты бар, әлеуметтік мәні жоғары шығармалар. Ақынға тән сыншылдық өмір шындығына ұштасады, көбінесе, қоғамдық мәселелерді қозғайды.

Тезекке айтқан сөзінде оны мақтай отырып, зорлықшылдығын бетіне басады. Оның әрекетін әшкерелеп, «мақтамен бауыздау» әдісін қолданады.

Осы кезге дейін Бактыбайдың айтылмай келген қасиеттерінің бірі — әншілігі. Артында әндерін, айтыс мақамдарын жете игеретін шәкірттері болмаған соң

ақынның тек өлең, толғау, айтыс, дастандарының мәтіндері ғана жинушылар көмегімен сақталып қалған.

Әндерді, мақамдарды жеткізу тек музыкалық қабілеті бар адамдар арқылы ғана іске асатындықтан және Бактыбайдың музыкалық мұраларын жоқтаушылар аз болғандықтан олардың көбі сақталмаған

Солай бола тұрса да Бактыбайдың кей әндерін, күйлерін сақтап қалған бірлі-жарымды адамдар болған. Сондай-ақ оның әншілігі туралы, Әсет, Уәйіс секілді өз заманының керемет әншілерімен араласуын аз да болса осы деректерге сүйеніп айтуға болады.

Бактыбай Уәйіспен айтыспас бұрын Уәйістің әншілік дарынын, ақындығын өзінің бірнеше өлеңіне арқау етеді: «Алаштың қысы мен болсам, Уәйіс әнші еді көктемі» деп бағаласа, кейін Уәйістің әніне құмарлығын және оның әндерін Абак, Тараққа өзінің де таратқанын: «Әуеспіз Уәйістің ән-күйіне, Тараттық Тараққа көп сүйіне» деп жыр арнаса, Әсеттің өзінен артықшылығы көзі ашықтығы екенін: «Оқығансың, Әсетжан, Сен құсап мен шаба алман» деп жоғары бағалайды.

Бактыбайдың әншілік өнері туралы бір дерек оның құрдастарына айтқан: «Бұлбұлдың тілін мен алты күн еміппін, егерде жеті күн емдім бар ма, жер жүзінде теңдесім жоқ әнші мен болып кететін бе едім кім білсін» деген әңгімесінен де көреміз. Бактыбай мұраларын жинап, көшіріп кейінгі ұрпаққа жеткізген Нұржігіт Жүнісбеков қария «Бактыбай Тезек төремен айтысқанда он алты түрлі мақамға салған екен» дейді.

Бактыбайдың ақындығымен бірге жыршы, әнші, күйші болғандығы туралы өмірден ерте кеткен жезандай әнші Жәнібек Кәрменов: «Жетісу жерінің жезандайы атанған Бактыбай ақынның ел ішінде он алтыға тарта күйі тартылып жүр» деп жазған еді.

Бактыбай әр айтыстың алдында домбырасына ерік беріп, есілтіп күй тартып, өзін-өзі шабыттандырып, толғамды, толқынды, дауыл сарынды саздарды төгіп, алай-түлей арындатып алады деген аңыздар да бар. Бұл ретте ол шабыт шақыруда Сүйінбайға ұқсайды.

Бактыбай Жолбарысұлы шығармашылығын саралап отырғанымызда, оның өз заманының айтыс өнерінің ақиық тұлғасы, кемшілікті бетке тура айта алған алғыр ақын және таңды XIX ғасырда таңға қосқан жыршы, көмейіне бұлбұл ұя салған әнші болғанын анық байқаймыз. Бактыбай қай ақынмен жыр тартысына түссе де ұшқыр ойды көркем тілмен безендіре, түрлендіре, сәндендіре

күлпыртып, ұрымтал тұсын дәл басады.

Қабылиса жыраудың шәкірті Қатаған, Арыстанбек секілді қырғыздың төкпе ыршыларымен, Қантарбай, Майлықожа, Жантай секілді қазақтың суырып салма ақындарымен айтысып, Тезек төремен тайталасып, атын алты алашқа мәлім еткен Сүйінбай салған сара жолды аузымен құс тістеген, айтысқанын алшысынан түсірген Бактыбай жалғастырған,

М.Әуезов өзінің айтысқа байланысты зерттеу еңбегінде көркем айтыстың мысалы ретінде Сүйінбай, Бактыбай айтыстарынан мысал келтіріп, Сүйінбайға «Айтыс өнерінің алтын діңгегі» деп баға берді.

Бактыбайдың айтыскерлік дарыны сарапқа салынған, қазақтың игі жақсыларының алдында қамшы салдырмай көрсеткен жыр жарысы арғынның атақты ақыны, Омбыны мекен қылған Қыпшақбаймен Семей уезіне қарасты, Үржар қаласында өткен айтысы.

Айтыстың өтуіне негізі себеп Семей уезінің, Үржар қаласында өткен арғындар мен жалайырлардың адам құнына байланысты дауды шешу жиыны. Арғындарды Шәкәрім қажы, Жалайырды Жәлменде болыс бастап, біраз адам бұл жиынға арнайы дайындықпен келген.

Жиынға арғынның атақты ақыны Қыпшақбайдың, Жалайырдың аты алысқа кетіп жатқан ақыны Бактыбайдың қатысуы да тегін емес. Күні бұрын ойластырылып, реті келсе екі ақынды айтыстыруды да көздеген. Айтыстың өтуі себебі кейбір жинақ, қолжазбаларда осылай өріледі. Тек бар мәтінде Шәкәрімнің аты Шәкірхан деп бұрмаланып беріледі.

Қиыннан қиыстырған Бактыбайдың жұмбағы Қыпшақбайды сөзден тайдырды, арынды ақындығына тұсау салды. Оған Қыпшақбайдың ақындығы ғана емес түстен салсаң өрге озған Бактыбайдың суырыпсалма ақындығы, тас жармаса бас жаратын тілі, айғайына адам шыдамайтын дауысы да себеп. Қыпшақбай Бактыбайдың жеңгенін мойындады. Ол — көп ақынның бірі емес, талай тойда топ жарған, бүгін Шәкәрім сынды қажының, асылдың өзі сеніп айтысқа алып келіп отырған ақын. Қыпшақбай Жалайыр Бактыбаймен айтысыпты деген хабар желдей есіп Омбыдан асып Арқа мен Алтайға тарап жатты.

Бактыбай айтыстары дегенде ендігі бір назар аударарлық жай Бактыбайдың Сүйінбай, Арыстан, Жамбыл ақындармен сәлемдесуі, сөз қағыстыруы.

Жалпы, Бактыбай мұрасын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келе жатқан нәрсенің бірі Бактыбай өз айтыстарында Қабан жыраумен қатар Сүйінбайға да қатты еліктеген, яғни көп жағдайда Сүйінбай салған жолмен жүріп, сол жолды одан әрі дамытып, ширатып отырған.

Кезінде Сүйінбайды қанша асқақтатып көрсетеміз деп көп ғалым, зерттеушілер оны өз айналасынан шығармай, өзінен бұрынға керемет ақындарға жақындатпай, аспаннан түсе салған жекетұлға ретінде көрсетуге тырысты. Бірақ Сүйінбай — ақындықтың қалыптасу, ширау, самғау жолынан өткен тұлға. Бұл айтыстағы ақ алмастай ақындарды бағалап, мақтан тұта білуді Сүйінбайдың Бактыбайдан кейінгі шәкірті, кезінде Бактыбайдан бата алған Жамбыл да жалғастырып, зерттеушілердің бұра тартқан пікірлерін жоққа шығарып былай жыр толғаған:

*Майкөт ақын, Құлманбет,  
Орын берді қасынан.  
Майлықожа, Құлыншақ,  
Пірім еді бас ұрған.*

Бұдан ұлы жырау, айтыста желдей ескен Жамбылдың көптің көзіне түсе бермей, көңілден таса болып келген Майлықожа, Құлыншақты Сүйінбайдай пірім, кейін өзінен жеңілді деген Құлманбеттің қасына отыруын өзіне мәртебе санаған шынайы, асқақ ақынды көреміз.

Бұларды айтып отыру себебіміз Бактыбай да, Сүйінбай салған осы сара жолмен жүріп, өзі кездескен немесе арнайы іздеп барып сәлем беріп, сөз қағыстырған ақындарға зор құрметпен қарап, шынайы құрметі мен ілтипатын білдірген. Бактыбайдың Арыстан ақынмен айтысындағы жыр тіркестері біздің осы сөзімізді дәлелдейді.

Бактыбайдың суырып салма ақындығы дүркіреп тұрған шағында, Қаратал мен Аягөздің бойын жайлаған, жалайырлармен көп жылдар қатар қоныс тепкен шапыраштылардың, оның ішінде жалайырдың жиені Сүйінбайдың, Сарыбай бидің ұйымдастыруымен Қордайға жақын жерге көш түзеуі және Сүйінбайдың ел ісіне белсене араласуы, айтыстағы алдына үлгі тұтар, жыр толғаса шабыт берер Сүйінбайды Бактыбайдан алыстатып тастаған еді.

Бақанастың бойындағы Жалайырдың Байшегірдің атасының елінде ұлы дүбір ас бар, асқа Сүйінбай келе жатыр деген хабарды естіп, Бактыбай арнайы келіп, бұл кезде ауру меңдей бастап, қарттыққа шылбыр ұстатқан Сүйінбай ақынды күтіп жатып, кездеседі. Өлең, жырды:

*Өлеңнің ұлы дария мұхитысын,  
Жел сөзге кім нар келер желгеніңе,*

деп Бактыбай Сүйінбай ағасына керемет баға береді.

Сүйінбайды өлеңнің ұлы дария мұхитына тенең отырған Бактыбайдың сөзі жағыну үшін жай мақтау емес, жүрегінен шыққан шынайы пікірі, жыры.

Бактыбай Жамбылмен жасы елу бес-терден асқан кездерде, Жамбылдың жасы отыз бестерге келіп, атак-даңқы енді шыға бастаған кезінде кездескен тәрізді.

Сөзді Бактыбай бастап өзінің қандай ақындармен айтысқанын, атак-даңқының алысқа кеткенін айтып, ортаға ой тастайды. Бактыбай реті келсе Жамбылмен айтысуға қарсы емес екенін де білдіреді. Себебі айтыс деген сый-сияпат, алдына мал салу. Ол бар күнкөрісі айтыспен өлеңге байланған ақынға артықтық етпейді. Бірақ жалындап аты енді шығып келе жатқан Жамбыл айтыстың тарланы Тезекті, Арыстанды, Қыпшақбайды сүріндірген Бактыбаймен, оның үстіне ұстазы Сүйінбай жоғары бағалаған Бактыбаймен айтыса ма екен? Жамбыл айтысу емес Бактыбайдай ақынның батасын алып қалуға тырысады.

*Егер сөзім ұнаса,  
Оң батаңыз берісің.  
Ұнамаса өлеңім,  
Онда менен жерірісің.*

Жамбыл Бактыбайдың көңілін тапты, батасын алды. Аты ары қарай алты алашқа тарай берді.

Қорыта келгенде айтарымыз, Бактыбай Жолбарысұлы ежелден Жетісу өлкесінде Қабан жырау негізін салған жыраулық, жыршылық өнерді де дамытқан жыршы, таңдайына бұлбұл ұялаған әнші, айтыстың көркін қыздырып алты алашқа аты шыққан дарынды да, дара туған, артында өшпес мұра қалдырған ұлы тұлға.

**Анарбай БҰЛДЫБАЙ,**

*профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*

## Көсемелі СӘТІБАЙҰЛЫ

Баяғыда ғой, Алматы барам –  
Әмірбектің Көпені Асқаржанды  
сұрайды. Қарағанды барып,  
Қарқаралыға қайран қалам –  
Ақсұңқардың Серігі Асқаржанды  
сұрайды...

Шерхан Мұртаза көкемнің «Бішкек  
барсам Айтматов, ауылдың  
амандығынан бұрын Сайлаубекті  
(Жұмабеков) сұрайды» дегенін  
естуші ем.

Асқаржан да мен үшін Сайлаубек  
болған сияқты. Белгілі ақын-жазушылар-  
дың Асқаржанды сұрағаны, әрине,  
жақсы. Әулиеатадай аруақты жерде кей-  
де бір атым насыбай таппай қысылып  
жүретін могоантомпай Асқаржан Сәр-  
сектің іздеушілері бар екен ғой, «Құдай  
тәуба» деп, өзімше қоқырайып қалам.

Ә-ә, айтпақшы, балам 2-сыныпта  
оқып жүрген кезде «Ана тілі» оқулығын  
ашып, шәкірттерге арналған «Құтты  
біліктің» ішіне қандай қасқалар мен  
жайсандар кіріпті?» деп парактап көр-  
меймін бе баяғы, сөйтсем, мұнда да әлгі  
Алатау мен Арканың ақындары іздеп  
жүрген Асқаржан Сәрсектің өлеңіне кез  
болдым...

*Мен тимеймін жасқанба,  
Дос болайық көбелек.  
Жайнап тұрған бақшамда,  
Гүлдерімді көре кет.*

*Тұтқиылдан састыра,  
Жаңбыр жауса себелеп.  
Тақиямның астына,  
Тығыла ғой көбелек.*

Сөйтсем, осы тақия «киген» қазақы  
өлеңнің де «бармаған жері, баспаған  
тауы» қалмапты. Мәскеудің «Просвеше-  
ние» баспасы шығарған «Хрестоматия  
всемирной детской литературы для  
старшего дошкольного возраста» деп  
аталатын орыстың кітабында да жүр.  
«Атағынан ат үркетін» кітапқа ісі қа-  
зактан екі ақын ғана еніпті. Біріншісі –  
елімізге белгілі ақын Қадыр Мырза Әлі,  
ал екіншісі – менің (дұрысы, сәбилердің)  
қайда бармайын, қай ақын-жазушымен  
тілдеспейін алдымнан тақиясын киіп  
шыға келетін Сәрсегім екен.

Жапон халқының талантты жазушысы  
Акутагава Рюноске өзінің бір-ақ новел-  
ласымен ұлы ұстазы Нацумэ Сосэкиден  
(1867–1916) «жазушы» деген үлкен баға  
алыпты дегенді оқығаным бар (бұл мы-  
салдың «деген екендерді» теріп жазатын-  
дарға қатысы жоқ). Асқаржан Сәрсекке  
де «талантты балалар ақыны» деген баға  
бергізген бір өлеңін білем.

Белгілі балалар жазушысы Бердібек  
Сокпақбаевтың дуалы ауызына ілінген  
Сәрсектің сол өлеңдерін оның 1976 жылы  
шыққан «Мереке» деп аталатын жинағын  
тауып алуыңызға болады. Әлдеқашан  
«өліп қалған» өлеңдерін қайта-қайта кітап  
қып шығарып, баспагердің де, басканың  
да басын қатыратын пысықайлардың  
сортынан болмаған соң Асекеңнің ол  
өлеңі де ауыздан-ауызға көшіп жүріп  
қазақтың қасиетті қара өлеңіне айналып  
кеткен сиқы бар. Біреу-міреу «жекеше-  
лендіріп» алмай тұрғанда тағы бір еске  
түсіріп қойғанның артықтығы жоқ.

*Жерде жатқан шылымды,  
Есек келіп іскеді.  
Іскеді, бірақ тиіспеді.  
Жерде жатқан шылымды,  
Ит те келіп іскеді.  
Іскеді де, бірақ ол да тиіспеді.  
Сол шылымды алайда,  
Тауып алды Балғабек.  
Алақ-жұлақ етеді,  
Сіріңкеңіз бар ма? – деп.  
Асқаржан Сәрсек сәбилерді*

кәкір-шүкірмен алдамайын дей ме, әйте-  
уір, келесі кітабының жолында толғанып  
ұзақ жүріп алады. Көпен Әмірбек сияқты  
«Балдырғанның» базарын бірге «ара-  
лаған» достарының ара-тұра іздеп қо-  
ятыны да сондықтан шығар. 1976 жылғы  
«Мерекесінен» кейін бес жылдың белін  
үзіп барып «Қарға мен Қарлығашын»  
(1981) берді. Бұл жинақ туралы кезінде  
сыншы Құлбек Ергөбеков қуана-қуана  
жазған. «Балдырғанның» Тұманбайдан  
(Молдағалиев) бұрынғы «бастығы» Мұ-  
зафар аға Әлімбаевтың да назарынан тыс  
қалған жоқ. Алматыда жүріп ауылдағы  
Асқаржанның талантына тәнті болатын  
абзал ағаның бірі сол кісі. Асқаржан Сәр-  
сектің жырлары жарияланбаған «Жыл он  
екі ай» және кем шығар.

Ақын-жазушы атаулыны абдыратқан  
жылдар арта қалған сияқты. Елмен бір-  
ге Асекең де ес жиып, қайбір жылдары

*Я хочу со сметаной блин.*

*– А, я хочу банан! –*

*Крикнул Джину и Роман.*

*– А, я хочу ананас! –*

*Дал приказ и Опанас.*

*Джин сначала оробел,*

*А потом как гром прогремел:*

*– А, я что ль не хочу!?*

*Да я тыщу лет не ел.*

*И превратил мигом Джин*

*Клима в блин,*

*Романа в банан,*

*Опанас в ананас.*

*С аппетитом все съел,*

*И улетел*

*За море, за океан,*

*Ко всем своим чертям.*

*Такой уж Джин попался*

*странный.*

*Наверное иностранный...*

Асекең баяғыда, көзі тірісінде «Қайда

қара домбыра табыла кетеді. Ал қобыз...  
жок. Неге? Өйткені қобызды «қолы» кө-  
тере алатындар ғана ұстайды. Біз іздеген  
«жанның» сыры да солай. Әркім тәуекел  
ете бермейді.

*Теміртас, Асыл, Ақық қалдың*

*зарлап,*

*Адамзат қалмақ па екен солай*

*сарнап.*

*Көз көрген құрбыларға дұғай сәлем,*

*Батасын оқи берсін маған арнап.*

*Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,*

*Шешеннің сөз шығады таңдайынан.*

*Теміртас, Асыл, Ақық қарғаларым,*

*Искетіп кетсеңдерші*

*маңдайыңнан.*

*Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым,*

*Үкідей мен сендерді балақтадым,*

*Бірде өскен құрбы-құрдас замандастар,*

*Есіктен келе ме деп алақтадым.*

# СӘБИЛЕРДІҢ СӘРСЕГІ

«Жаман ойын» деп аталатын суретті  
кітапшасын жарыққа шығарды.

*Жапақ деген ағасы  
Деді бір кез ойланyp:  
– Таптым ойын жаңасын,  
Кел, мас болып ойнайық!  
Тұр кемсеңдеп інісі,  
Жанарына жас толған:  
– Ойнамаймын, құрысын,  
Жаман екен мас болған!..*

Асқаржан Сәрсектің кітабына «Жа-  
ман ойын» деп ат қойып, үркіп отырған  
ойыны осы өлеңде өріліп тұр.

Асқаржан қай уақта да балаларға  
«шылым шекпе», «шарап ішпе» деп  
«кабақ шытып» көрген емес. Ақынның  
өлеңін оқыған жасөспірім кітаптағы  
құрдасының қылығына күліп отырып,  
өз бетінің де ду ете қалғанын сезеді.  
Сәрсектің шеберлігі де осында. Құрғақ  
үгіт-насихаттың мәселесін оқиғалы, ой-  
нақы өлеңмен құтыртып жіберді.

«Арақ» деген атың өшкір бөленің «тар  
жол, тайғақ кешуін» Асқаржан да көру-  
дей-ақ көрген. Бірақ ол сол үшін арақты  
жерден алып, жерге салмайды.

*О, арақ!  
Осы сені ойлап тапқан адамның,  
Ескерткішін орнатса ортасына*

*алаңның.*

*Сүйер еді аяғын талай-талай*

*боздақ кеп,*

*Сиер еді аузына талай қатын*

*боздап кеп, –*

деп, ықылым заманнан бері «ықылық»  
атып келе жатқан мәселенің өзін ойынға  
шаптыра салады. Қорығынды шығару –  
әркімнің еркі мен жігерінде.

Асқаржан көкем «қартайғанда» (ердің  
жасы елуге келген кезін айтам) жорға  
шыққан кәрібоздай орыс тілінде де  
бақ сынаған. Талант шіркін түртпектеп  
қоймаған соң, ішін жарып бара жатқан  
бұл мүмкіндігін де тәжірибе ретінде бір  
байқап көргісі келгені шығар. Меніңше,  
оның «Странный Джин» деген өлеңін  
егер орыстың баяғы Маршагі мен Михал-  
ковтары оқыса, Қазақ елінің бір провин-  
циясында жүрген қарапайым қазақтың  
талантына қызыға қарап, өздерінің  
ормандай орыстарына «анау қара қазақ  
құрлы жоксындар ма» деп қапаланар ма  
еді деп те қиялдаймын...

*Рыбачили как-то друзья –  
Роман, Опанас и Клим.  
Но проголодавшись к исходу дня  
Выудили лишь кувшин.  
А из кувшина как дым,  
Появился громадный Джин.  
– Эй, Джин! – крикнул Джину*

*Клим,*

## Белгілі балалар ақыны Асқаржан Сәрсектің туғанына 75 жыл



жұмыс істейсіз?» дегендерге: «ЖұмЖур»  
ЖШС-нің жетекші маманымын» дейді  
әзілдеп. «ЖұмЖур» дегені – «жұмыссыз  
журналист» дегені.

Тараз – баспасы мен баспасөзі көп  
Астана мен Алматы емес. Облыстағы  
тәуелсіз газеттер де бүгін бар, ертең жоқ.  
Ал сәбилер үшін Асқаржан Сәрсек керек  
ақын. Алатау мен Арқадағы достары оның  
талантына бекерге табынбаса керек.

\*\*\*

Есті халқымыз ет-бауырынды елжіре-  
тетін «жан» сөзін онды-солды қолдана  
бермейді. Сондықтан болар, адам есім-  
деріндегі «бек», «бай», «хан», «мырза-  
лардың» арасынан «жан» сирек естіледі.  
Неге? Мұнда не сыр бар? Балажан қазақ  
балаларының атына неге «жан» сөзін  
қосуға құмбыл емес. Сәбилерінің «бек»,  
«бай», «хан», «мырза» болғанын тілеген  
ата-ана «жан» болғанын қаламаған ба?

Ой түбіне жету, әрине, қиын. Де-  
генмен қобыздың өксігі сынды бір  
күй ызындап құлаққа жететін сияқты.  
Қисын да осы қобыздан келіп шығады.  
Қараңыз, өзін ән-күйге жақынмын  
дейтін қазақтың кез келгенінің төрінен

Сай-сүйекті сырқырататын сырлы  
сөз, төбе құйқанды шымырлататын зарлы  
ән – Біржан ғой.

Біржан-тағдыр беу-беулеп Асқаржан-  
ның басынан да өтті. Біржан сал сияқты  
жынды атанып, аяқ-қолы маталмаса да,  
жұмыссыздықтың азабын тартты. Жұмыс  
көпте қолдан «жұмыссыздық» жасау –  
қой мінезді қоңыр ақынды қоғамнан  
қарадай шеттету еді.

Бұл – бір.

Екінші – Асқаржан «бірге өскен құр-  
бы-құрдас, замандастары есіктен келе  
ме деп» аурухана төсегінде де көп алақ-  
тады. Аға-інілері барды көңілін сұрап.  
Бірақ жұмыстан шығарғандар жағы аяқ  
басады. Бірақ бала дегенде шығарда  
жаны ғана бөлек жан – Асқаржан бүгінгі  
заманның Теміртас, Асыл, Ақықтары,  
бүлдіршіндерге арнап жазуын тоқтат-  
пады. Күліп отырып жылады. Жылап  
отырып күлді. «Баламен бала болып»,  
өзін-өзі жұбатты.

*Келді бірде қаладан,  
Әсел деген жиенім.  
Қазақшасы шалалау,  
Күлемін де, күйемін.*

Алдыменен танысқан,  
Көрші бала Боран кеп.  
Қазір оны алыстан,  
Шақырады «баран» деп.

Өкпелеп жүр бір апта,  
Күлім көзді Қулиман.  
Тілі келмей бұл атқа,  
Деген еді «хулиган».

Енді, міне, бүгін кеп,  
«Слон» деді Сланды.  
Несін алам тілін деп,  
Слан шатақ шығарды.

— Атым менің — Бекжігіт,  
Дедім талай ақырын.  
Сонда-дағы «верблюду»,  
Деп жүр мені батырым.

Түсінбеді сөзіме,  
Әй, Әселбек, Әселбек!  
Сондықтан да өзіңе,  
Атақ бердім «осел» деп.

Асқаржанның мұндай ойнақы өлеңдері өте көп. Олардың біразына белгілі балалар жазушысы Бердібек Сокпақбаев, ақын Мұзафар Әлімбаев, сыншы Құлбек Ергөбеков кезінде жақсы баға бергенін айттым.

\*\*\*

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінде Асқаржанмен көп жыл қызметтес болдым. Фельетонды «құтыртып» жазатын. Ұмытпасам, сондай бір шағын дүниесі «Өзі биік, көзге күйік» деген жұмбақпен басталады. «Бұл не жұмбақ?» деп фельетонды аяғына дейін оқып шыққаныңды өзің де білмей қаласың. Әлгі «өзі биік, көзге күйік» — қаланың төріндегі тұрғын үйдің құрылысы болып шығады. «Күйік» болатын себебі — «сақалды құрылыс» атанып, жұмысы жүрмей тұр. Шынында, тапқырлық емес пе?!

«Асқаржан айтыпты» деген әлқисса да көп. Бір күні ақын Маралтай ішек-сілесі қатып күліп келді.

- Не болды?
- Асқаржанға жолықтым.
- Жолықса несі бар?
- Қатырды.
- Қалай?

— «Бас жазатын тиын-тебенің бар ма?» деген соң Асекене арақ-шараптан бас тартқаныңды меңзеп «мен қазір мұсылман болып жүрмін» деп едім, жұлып алғандай «бірақ кәпір болып кетпеген шығарсың» дегені...

Көз алдыма Асқаржанның күлкілі әңгіме айтқан кездегі қуақы бет-бейнесі келе қалып, оның арақ-шараптан іргесін аулақ салған Маралтайға «бірақ сараң болып кетпеген шығарсың» дегенді астарлап жеткізгенін түсіндім де, мен де күліп жібердім.

— Сен не дедің?

— Не деймін. Жоқ, кәпір болған жоқпын деп, бір шиша арақ алып бердім.

\*\*\*

Ақындардың «аруы» белгілі. Асқаржан бұл «кәсіптік дерт» туралы «Шабыт пен шампан» деген өлеңінде бүй депті.

Пері дейді ақынды бесенеден,  
Не көрсем де көрермін пешенемнен.  
Ақ шампанды кей күні, бокал емес,  
Ішкен кездер болды ғой кесемнен.

Көз сүйсінтіп кесемде күміс нұры,  
Жүрегімде ояңды күн ыстығы.  
Шөл қандырып жарықтық,  
толғандырып,  
Құйылады жанымға жыр ұшқыны...

Жә, осы да жетер...

«Қазақ әдебиеті» газеті «Еңбек адамы – 2025» байқауына арналған кезекті материалды оқырман назарына ұсынады

## ИНЖЕНЕР МЕН ЖҰМЫСШЫ ҚҰСТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫНДАЙ

«Сен де бір кірпіш дүниеге,  
кетігін тап та, бар, қалан!»  
Абай

Адамзат өркениетіндегі жасампаздық пен жанашылдықтың алар орны ерекше. Кеше де, бүгін де жасампаздық пен жанашылдық инженерлердің қолында. Небір аспан тіреген зәулім ғимараттар да, зауыттар мен фабрикалар да, жолдар мен көліктің түрлері де, жерасты құрылымдары да, ғарыштағы стансылар мен жасанды серіктер де — бәрі де инженерлік ойдың жемісі, адамзат жасампаздығының белгісі. Енді сол сызбалар мен жобалардағы инженерлік нысандарды қалап, өріп, жалғап, қосып, салып өмірге әкелгендер — алтын қолды, асыл саусақты жұмысшы мамандар, яғни инженер мен жұмысшы — бір құстың қос қанатындай, екеуі егіз. Жеміс пен жеміс — екеуінің бірлігінде!

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы — еліміздегі экономикалық түрлі салаларындағы алдыңғы қатардағы инженер мамандар мен ғалымдардың басын біріктіріп отырған іргелі ұйым. Академияның құрамында елімізге еңбегі сіңген майталман тұлғалар да, әлемдік деңгейдегі ғалымдар мен инженерлер де, сан алуан мамандықтың қас шеберлері

де, еңбегімен танылып үлгерген, келешегінен үміт күттіретін жалынды, жігерлі жастар да бар. Отыз бес жыл тарихы бар Ұлттық инженерлік академия белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың сәтті басшылығымен үнемі өзекті мәселелерге арналған маңызды іс-шаралардың, жаңа ойлардың (идеялардың) ұйытқысы болып келеді. Солардың бірі — академиясын Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп жариялап отырған «Еңбек адамы — 2025» республикалық байқауы.

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үстіміздегі 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Мұндағы мақсат — жұмысшы мамандықтарды насихаттап, еңбек адамына деген құрметті қалыптастыру, қоғамымыздағы жұмысшы жандардың еңбегінің маңыздылығын ашып көрсету, өскелең ұрпақтың бір бөлігін сол мамандықтарға баулу. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп жариялап отырған «Еңбек адамы — 2025» республикалық байқауы қоғамымыздың дамуы мен ел экономикасының өсуіне елеулі үлес қосып жүрген майталман инженерлер мен

жұмысшы мамандарды жалпақ жұртқа кеңінен танытатын, адал еңбек пен Отан үшін жұмсалған күш-жігерді насихаттайтын шынайы әдеби туындылардың қызу додасы болатынына сенім білдіреміз.

Осы байқауға қатысуға бел буған қаламгер бауырларымызға айтпағым, ел экономикасының өзге де салаларының өкілдерімен қатар, көлік саласының майталмандары да назарларыңыздан тыс қалмаса екен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Көлік-логистика секторын стратегиялық басым бағыт деп атап көрсетті, транзиттің еліміздің халықаралық бәсекедегі ұтымды мүмкіндігі екенін бірнеше рет айтқан болатын. Көлік, логистика және транзит салаларында білімді инженерлер мен білікті жұмысшы мамандардың көптеп болуы, еліміздің экономикасының бүгінгі мен ертеңінің кепілі болмақ.



**Бағдат ТЕЛТАЕВ,**  
техника ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі

## АҚЫН АУЫЛЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

**Үмбетәлі Кәрібаев** — белгілі халық ақыны. **Жамбыл ауданындағы ақын тұрған ауылға Үмбетәлі есімін беруге және музейін ашуға жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы көп еңбек сіңірген еді. Кезінде архивтен өлең-жырларын жинап, «Шапағат» деген атпен кітабын шығаруға ой салған болатын. Музей ашылғаннан кейін қолында бар бес папка мұрасын арнайы тапсырды. Екі томдық шығармалар жинағын құрастырып шығарды.**

Жуырда Үмбетәлі ауылында заманауи қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, талантты жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының 75 жылдығына арналған «Тау баласы» атты шығармашылық кеші өтті.

Алдымен, Үмбетәлі ақынның кезінде өзі тұрған қара шаңырағында Құран оқытып, музеймен танысты. Артынан

осындағы мектепте үлкен әдеби сазды жиын өткізілді.

Онда Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас Нағашыбек Қапалбекұлының бүгінгі күнге дейін елуден астам кітап шығарғанын айта келіп, елі мен жері үшін атқарып жатқан қайраткерлік еңбегіне тоқталды. Ол құрастырып шығарған Жамбылдың 40 томдық, Сүйінбай ақынның 10 томдық жинағы және басқа да талай тарихи тұлғалар жайлы зерттеулерін баса айтты.

Кездесуде Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы төрағасының орынбасары, көрнекті ақын Қасымхан Бегманов, филология ғылымының докторы, Қазақстан ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессор Гауһар Балтабаевалар баяндама жасады. Әдебиеттанушы, сыншы Армиябек Сағындықұлы, Шалқар радиосының директоры, философия ғылымының кандидаты Болатбек Төлепберген және де басқа ауыл тұрғындары ақ тілектерін

айтып, сөз сөйледі. Үмбетәлі мектебінің жұмыс өз өнерін көрсетті.

Шара жылы әрі рухани бай атмосферада өтті. Кеш барысында қаламгердің шығармашылығы мен өмір жолына арналған естеліктер айтылып, өлеңдер оқылып, жүректен шыққан лебіздер жолданды. Әріптестері мен замандастары Н.Қапалбекұлының қазақ әдебиетіне қосқан зор үлесін, терең ойлы туындылары арқылы ұлттық рухты, туған жерге деген сүйіспеншілікті дәріптегенін ерекше атап өтті.

Нағашыбек Қапалбекұлының шығармалары бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес рухани қазына болып есептеледі. Оның қаламынан туған әрбір шығарма адамдық қадір-қасиетті қастерлеуге, еңбекті бағалауға және ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеуге үндейді. Жазушының мол мұрасы халық жүрегінде мәңгі сақталып, кейінгі буынға шабыт пен сенім сыйлай беретіні сөзсіз.

И.ИМИНОВ

## ТАБЫЛДЫ ДОСЫМОВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

**Ыстанбұл қаласында Зейтинбурну ауданында Қазақтың тұңғыш бард ақыны, композитор Табылды Досымовтың шығармашылығына арналған «Табылды Досымовты еске алу» атты ән кеші өтті.**

Аталған шараға Қазақстанның Ыстанбұл қаласындағы Бас консулы Нүриддин Аманқұл, алғашқы Қазақ консулы, «ТҮРКСОЙ» ұйымының Бас кеңесшісі, Қазақстан мәдениет және сауда орталығының басшысы Ержан Уәйіс, «KATEAD» Қазақ қауымдастығының төрағасы Сүлеймен мен төраға уәкілі Эрол Жолшы, Мимар Синан университетінің профессоры, тарих ғалымы Әбдуоқап Қара, Вена қаласындағы қазақ қауымдастығының



төрағасы Қадис Зәлін, Алманияда Мюнхен қаласындағы қазақ қауымдастығының тең төрағасы Сүлеймен Сатқам, мәдениет майталманы Бешір Көсе, Мұстафа Қазантук, Абылай Қылыш, Мұрат Теміз, дәстүрлі әнші Майра Әкімгерейқызы Сахитова, «Томирис Хатун» түркі әлемінің мәдениет, өнер және білім қауымдастығының жетекшісі Анар Байжан және де басқа мәдени қайраткерлер, студент жастар мен

жергілікті өнер сүйер қауым қатысты.

Шығармашылық кештің ашылуында Табылды Досымовтың өмірі жайлы баяндалып, бейнебаян ұсынылды. Кеш барысында ақынның «Із тастап аққан бір жұлдыз» атты кітабының тұсаукесері өтіп, Ақтөбе облысы маслихатының депутаты, «Табылды Досымов» республикалық қорының директоры Бижан Қалмағанбетов, Атырау облыстық маслихатының депутаты, белгілі кәсіпкер және меценат Қайырбек Баймұратов Табылды Досымов жайлы естеліктерімен бөлісті.

Аталған кеште Орал-Қосай Байсеңгір, Асхат Әмірғалиев, Тәуірбек Жұмабергелұлы және Табылды ақынның тұяғы, ұлы, әнші Абыл Аяш Т.Досымовтың әндерін шырқап, халықтың көзайымына айналды.

## ТҮТҚЫННЫҢ ТАҒДЫРЫ

Бұл естелікті кезінде Барлыбай деген азаматтың әкесі айтып, аудиожазбаға түсірткен екен. Мен оны тыңдап, 1941 жылғы соғыстың қиын сәтіне тағы да бір қаныққандай болдым. Сол жылдары әскери тілші болған К.Симоновтың «Тірілер мен өлілер» романында емеурінмен ғана айтылып кеткен шындық мұнда табиғи қалпында қарапайым тілмен жеткізіліпті. Менің де әкем дәл осы кезеңде тұтқынға түсіп, 1943 жылы 25 мамырда Еуропаның Моат деген қаласында концлагерьде қайтыс болыпты. Әскери тақырыпқа қалам тартқан жастарға бұл естелік таптырмайтын дәлел болар еді деп ойлаймын.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ,  
Қазақстанның Халық жазушысы

# ӘКЕМНІҢ

Мен әкем мен шешемнің (Анар апаны айтады, өз анасы Мәуке) тілін алатынымын. Шешемнің қазанын жуып, тезек әкелетінмін. Славный деген ауылда әкеммен бірге мал бағатынымын. Сонда Балпан елінің әйелдері айтатын: «Анардың қызы да – Рысбек, ұлы да – Рысбек» деп. Ешқашан әкем мен шешемнің көңілін қалдырмаушы едім. Лубзаводта жұмыс істедім, одан кейін 1940 жылы әскерге кеттім. Орынбайдың баласы Өксікбай, Қасықтағы Башан бәрімізді бірге Фрунзеден тіке Эстонияға апарды. Полк мектебінде болдық. Бәріміз соғыстан аман қайттық. Башан Қасықта селсебет.

Полк мектебін біткен соң аға лейтенант Патуткин 175-атқыштар полкіне өткізді. Бір-екі айдан кейін соғыс басталды. Полк командирінің орынбасары Литовец еді. Он үш адамды қатардан шығарып: «Сендер тұтқынсындар», – деді. Бізбен бірге әскери борышын өтегендер жұдырығын түйді, «коммунистсіңдер» деп. Сөйтсек, бәрі сатқындар екен. Бізді Вильнустің түрмесіне апарып қамады. Үстімізге еврейлерді әкелді. Бір жарым айдан кейін лагерьге айдайтын болды. Бірге әскери борышын өтеп жүрген сатқын менің етігімді тартып алды. Полк мектебінде берген жақсы сары етік болған, соған қызыққан болар. Маған өзінің етігін лақтырды. Оны тар болған соң шылғаусыз жалаң аяққа киіп алдым. Аяғымды қажаған соң, етікті лақтырып жібердім. Бір ұрғанда бас киімім ұшып кетті, атады екен деп алуға батпадым. Түрден түр жоқ!

Старшинаның бір жақсылығы – шинелінді киіп шық дегені. Менің түрімді көріп суретшілер, фотопрофтар мені суретке түсірді. Құдай біледі Германияда менің суреттерім жүрген шығар. Лагерьде 1000-нан астам адам жиналды. Содан соң жаяу айдады. Жаны ашыған жай адамдар нан лақтырады, соны аламын деп ұмтылғанда, басымнан резина камшымен бір қойды. Басым дыңылдап, есім ауып қалды. Екінші рет басымна шинель киіп шығатын болдым. Аяғым қанап, дуылдап барады. Қатардан қалғандарды атып тастайды. Бір тоқтағанда дамбалымды шешіп аяғымға орадым, ол түк болмады, содан кейін көйлегімді жырттып аяғымға орадым. Жолшыбай Степнойдың жігітін таныдым. Оның жанында бір жігіт бар екен, таныстық. Баба екен Өмірзақ, Өміртай деген кісілердің інісі Нұрланқұл. Менің шинелімді төсеп түнде жерге жатамыз, мен ортасында жатамын, шинель менікі ғой... Тамақ бір төлке нан төрт адамға. Бір жолы нан артылып қалды. Немістер

құйып аламын, кәдімгідей нәр. 1942 жылдың көктемінде жұмысқа жарайтын адам азайды. Өлгені бар, көбісі көтерем, сондықтан қосымша тамақ берді. Мамырдың аяғында жұмысқа жарарлық Гродно лагеріне ауыстырды.

Үстімізге тағы 300 адам әкелді. Солардың ішіндегі екі полицейді танып, тұтқын болғандар біреуін тірідей көміп, екіншісін ұрып өлтірді. Сол үшін екі күн тамақ бермей: «Кім өлтіргенін айтыңдар!» – деп қорқытып атты. Одан кейін Шталак деген лагерьге апарды. Ол жерде байлардың картошкасын қаздырды. Олар бір мезгіл тамақ берді. Жиырма адамды Ынтланты деген жерге жіберді. 1943 жылы немістер қолдарына кара лента тақты, сөйтсек, немістің алты армиясын құртыпты. Азалы күн жариялапты. Тилзит деген жерде 11 адамды фермердің жұмысына салды. Ол өзі дәрігер екен, әйелі мен қызы бар. Біз биттеп кеткенбіз. Картошкамен бірге

дай болуларың керек» деді. Капитан өзінің вагонына мені алып келді. От жағушы болдым. «Командирлер тұратын вагонды дайында» деп тапсырма берді. Вагонның қабырғасына ақ қағаз қағып қатырып қойдым. Подполковник 1945 жылы 31 желтоқсанда Жаңа жылды бірге қарсы аламыз деді. «Біз жеткенше бізге көмектес, су әкел, от жақ» деп тапсырды. Өзімнің тамағымды вагондағы көрші татарға бердім. 25-26 күн жүріп Гродно қаласына шекараға келдік. Өзімнің взводуға бардым, өйткені түгендеп анықтайды. Одан кейін, подполковник Подольский взвод командиріне: «Рысбек менің қарамағымда болады» деп бұйрық берді.

Гроднодан Барановичи, Брест-Литовск, поселок Гейчевич, станция Леснаядан түстік. Соғыс складында болдық. Сияр сауамын, бес-алты фляг сүттің қаймағын мен жеймін. «Чёрный куда добрался», – деп көре алмайтындар болды, адам баласының табиғаты сол ғой... Подольский маған адамгершілік жасап, жақсы киім, етік тіккізіп, өзінің шинелін берді. «Пьём умираем, не пьём умираем, давай 100 грамм пьём», – деді. Мен адал болдым. Ақшалары шашылып жататын, мен бір тиынына тимейтінмін. Сол үшін мені жақсы көретін. Ол ауысқаннан кейін өзімнің ротамға бардым. Тамыздың бірі. Демобилизация. Тамаққа, пойызға 25 күнге талон берді. Екі күн жатып пойызға әрең отырдық. Мәскеу Белорусский вокзалға келдік, одан Казань вокзалы. Орын жоқ болып 7 күн жаттық. Жүк вагонымен Ташкент бағытындағы пойызға отырдық. Арыстан станциясынан түстім. Ташкенттен Фрунзе бағытындағы пойызға әрең міндік. Фрунзеден жүк көлігіне отырып, Жугерскийге (Георгиевка) келдім. Таныс адам кезіге кетті. Ол – Нақан. Қызыл партизанға барып атын алып, маған берді. Өзі алдын ала сүйінші сұрауға кетті. Бұл заман ба, адам ба? Әкем, жеңешем (Анар ана) екеуі Ырғайтыдан бір жарым шақырым жерден қарсы алды. Жеті жыл көрмеген ит те таныды. Жеңешем қырманда қарауыл екен. Көкқапдалға көштік. 1937 жылы Аралбай туылып, маған серік болды. Аралбай мектептің бастауыш сыныбын қайын атам Елшібектің үйінде жатып оқыды, сондықтан Красногорькаға көшіп келдік. Бір-бірімізге өте бауырмал болдық.

Адал жұмыс істеу керек. Шешелерің де жұмыс істеді. Мал бағып, аш болып, жаурап жүрсем де сендерді жеткіздік. Тіл алсаңдар адал жұмыс істендер, сонда бәрі болады. Соның арқасында 120 сом зейнетақы аламын. Ренжіп, менікі болсын дегенді қойыңдар. Анамыз – Күншаш. Өмір жастарың ұзақ болсын, бір-біріңді сыйлаңдар.

**P.S.:** Бұл анамыздың туған күніне жиналғанда магнитофонға мен жазып алған дауысты жазба. Жазуды цифр форматына көшіріп, флешкаға сақтап қойдым. Дауыстарын естимін десеңдер мархабат. Әкемнің әңгімесін ешқандай өзгеріссіз қағазға түсірдім. Ұл мен қыз ата-ананың кәдірін тірі кезінде білсе, біз үшін үлгі-өнеге. Балаларына атасының әңгімесін оқып беріңдер, естіртіңдер. Тұтқында болғандардың жағдайын Сергей Бондарчуктің «Судьба человека» деген кинофильмінен интернет арқылы көруге болады.

Барлыбай РЫСБЕКҰЛЫ

(Материал қаз-қалында ұсынылып отыр)

## СОҒЫСТА БОЛҒАН ӘҢГІМЕСІ



қызық көріп, нанды лақтырады. Менің жасым 21-де, бірінші болып нанды басып қалып едім, үстімнен адамдар басып тұншығып өліп қала жаздадым. Бір тоқтағанда шешулі тұрған саптама етікті шылғауымен киіп алдым. Жаным кіріп қалды. Польшаға Сувалки деген лагерьге апарды. Мен тиын ойын ойнап, көп ақша ұтып алдым. Тәртіп онша емес еді. Сол ақшаға Нұрланқұл көйлек, дамбал, шинель, плащ, палатка алды. Үшеуіміз бір жүреміз, бір жатамыз сондықтан бізге ешкім батпайды. Қалғандары бір-бірінің нанын, киімін тартып алады.

Күн суығанда көп адам өліп, соларды көмдірді. Менің бетім жалпақ болған соң ба мені мықты деп ойлайтын болу керек. Жылаймын: «Әке-шешем неге менің жүзімді осылай жаратты екен» деп. Маған ордың түбінде өлген адамдарды көп сыйсын деп штабельге жиғызды. Неше мың өлген адамдарды аяғыммен басып тұрдым. Шаршағаннан соң бір күні жұмысқа бармайын деп, дәретхананың жанында, өлген адамдардың жанына барып жаттым. Жаураған соң аяғымды бір-біріне қағып едім, полицей көріп қойып, әбден тепкіледі. Содан кейін жұмыстан қалмайтын болдым.

Баракқа жатқызатын болды. Моншаға апарды. Күзетші теріс қарап тұрғанда, қаштым. 150 метрге барғанда атты, ұрды да қайтадан әкелді. Тапқан амалым, екі ыдысқа екі адамдық сорпа

ішкі киімдерімізді суға қайнатамыз...

Одан Гданск деген қалаға апарды. Роман деген Чита облысынан келген жігітпен жолдас болдым. Ол «жалғыз болуға болмайды» дейтін (осы жерде мен әкемді Тахауи Ахтановтың «Боран» атты романының бас кейіпкері Қоспанның тағдырына ұқсатамын). Бірге тұтқында болған Гусев: «Дұрыс адамның алмайтыны жоқ, бәрін жеңіп шығады» дейтін.

1944 жыл аяқталып қалды, бізбен бірге ағылшын, француз тұтқындарын қоса айдады. Совет армиясы жақындап қалған еді... Германияның Хонкиль лагеріне әкелді. Тұтқында аш жүрдік. Иттің етін жеп көрдік, қалақайды қайнатып іштік.

Ағылшындар келіп 1945 жылы 5-мамырда бізді босатты. Тамаққа тойдырды, оны көтере алмай жеті адам өлді. Бізге бір ай бостандық берді. Немістер қорқатын болды, қолымызда пистолет... Одан кейін жиналу пунктіне әкелді. Штеттен деген қалада құрлыс батальонында жұмыс істедік. Заводтарды бұзып, Волгадонға, Уралға жібердік. Желтоқсан айында союзге үш жүз адамды жіберетін болды. Вагонға қару-жарақ, шөп, сияр т.б. салдық. Солдаттар бір вагондамыз, орын жоқ. Мен еденге жата кеттім. Капитан: «Неге полда жатырсың?» – деп қалғандарына ұрысты. «Сендер бір адамның баласын-

Қазақ елінің топонимикасында көзге шыққан сүйелдей болып тұрған екі нәрсе бар, ол – Петропавл және Павлодар қалаларының атаулары. Осы арада мына бір жайды айта кетуге тиістіміз, Құдайға шүкір, Петропавлдың ескіден келе жатқан, ешкімнің таласы жоқ Қызылжар деген өзінің тарихи аты бар. Сондықтан жақын болашақта қаланың осы атауды иеленуі уақыт еншісіндегі жайт. Олай дейтініміз, қазір шаһар тұрғындарының этникалық құрамы үлкен өзгеріске ұшырап, жыл өткен сайын қазақтар облыс орталығында бірте-бірте басым көпшілікке айналып келеді.

Ал Павлодарға келсек, қала тұрғындары арасында байырғы автохтонды қазақ этносы қазірдің өзінде саны жағынан айқын доминантка айналып үлгерді. Осыған байланысты қала атауының қазақылануы бұл күндері кезек күттірмес мәселенің бірі десек болады. Біздіңше, осы шаһар атауына байланысты әзірше шешімін таппаған бір ғана түйткілді мәселе бар, ол – Павлодардың жалпы жұрт бірауыздан мойындаған Қызылжар секілді тарихи атауының болмай тұрғаны.

Сондықтан біреулер оны Тұзқала деп атауды ұсынса, екіншілері Кереку, үшіншілері Сарыарқа деген атауларды алға тартады. Меніңше, бұл топонимдердің Павлодарға қазақша ат болуға қисыны келіңкіремейді. Өйткені уикипедияға жүгінсек, «Сарыарқа – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және тарихи-табиғи аймағы. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, бұрынғы Торғай, қазіргі Семей, Павлодар облыстарының біраз жері кіреді. Қарағанды облысы Сарыарқаның ортаңғы бөлігінде орналасқан, сондықтан жергілікті

## САРЫАРҚА, КЕРЕКУ МЕ, ТҰЗҚАЛА МА, ӘЛДЕ...



халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арка даласы деп атаған» дейді.

Көріп отырғанымыздай, біріншіден, Сарыарқа тек Павлодар қаласына тиесілі географиялық аймақ емес. Екіншіден, ол – Еуразияның қақ ортасынан ойып тұрып орын алған о шеті мен бұ шеті ұшқан құстың қанаты талатын осы бір апайтөс даланың ықылым заманнан бері қалыптасқан тарихи

атауы. Сондықтан бұл топонимді Павлодарға тықпалауымыздың реті жоқ.

Керекуе келсек, ол – Корякин деген орыс көпесінің фамилиясының қазақша бұрмаланған, ана тіліміздің лексикалық қорында атымен жоқ, жеке тұрғанда ешқандай мағына бермейтін бұралқы сөз. Сол себепті бұл нұсқаның да негізге алынуы мүмкін емес.

Тұзқала... Рас, ертеректе осы қаланың манайындағы көлдердің бірінен жергілікті кейбір кәсіпкерлер тұз өндіріп, оны басқа өңірлерге керуенмен саудалаған екен. Содан азды-көпті пайда да тапқан секілді. Бірақ Павлодарда тұз өндіруден басқа кәсіп түрлері де жеткілікті болған ғой, сондықтан қазіргі заманғы отандық индустрияның ірі орталықтарының бірінен саналатын шаһарды бұлайша атау да ешқандай ақылға сыймайды. Міне, сондықтан да мен ерке Ертісті бойлай қоныстанған осы бір көркем қалаға Мойылды деген поэтикалық атауды лайық көремін.

Неге дейсіз ғой, айтайын. Павлодардан бар болғаны он-он бес шақырым жерде еліміздегі әйгілі «Мойылды» деген курорт-санаторий бар. Оның бұлай аталуы бекер емес, өйткені осы сауықтыру орнын ғана емес, бүкіл Павлодар қаласын жағалай айнала, әсіресе жазғытұры көрер көздің жауын алатын тамаша жеміс бұтасы Мойыл (черемуха) өседі. Сондықтан осы маң Мойылды атанып кеткен. Мысалы, Қарағанды қаласының атауы да оны айнала қаптап өскен қараған деген бұтамен байланысты шыққан бәрімізге белгілі емес пе. Ендеше осыған ұқсас, Павлодар қаласын мойыл деген қасиетті өсімдік атауымен байланыстыру өзінен-өзі сұранып тұрған топонимдік поэтикалық балама емес пе?! Меніңше, ендеше біздің тарихи жадымызда әлімсақтан бері сақталып келе жатқан Қарағанды, Қайыңды, Өленті деген секілді топонимдермен керемет үйлесіп тұрған Мойылды атауы біздің ұлттық таным-талғамымызға барлық жағынан да сай келмек. Сондықтан көпшілік, оның ішінде Павлодар шаһарының жұртшылығы қолдау білдірсе, осы атауды Республикалық топонимикалық комиссияның қарауына ұсынғанымыз жөн болар деген ойдамын.

**Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ,**  
жазушы, драматург

## ЕЛІКТЕУ МЕН ЖЕЛІГУ ЕМЕС ПЕ?

**Қазір жасы бар, жасамысы бар өзге мәдениетке, жат дәстүрге қызығатындар аз емес. Тіпті олардың саны артып та келеді. Ол терең білімнен емес, жаппай еліктеуден екені байқалады. Ұлттық құндылықтар жөнінде тәп-тәуір бастамалар көтеріліп-ақ еді, тиянақсыздықтан, бақылаудың кемдігінен жарты жолда шашылып қалғандай.**

Әйтпесе жаңару тұсында әр сала өз құндылықтарын елеп-екшеп, ұлттық болмысты, қадір-қасиетті айқындап алудан артық қандай елдік маңызды іс бар? Мұндай босансу, құндылықтарды құнттамау түбінде қоғамдық мінез-құлққа әсер етпей қоймайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы: «Ашығын айтуымыз керек, қазір адамдарда дөрекі сөйлеп, бір-біріне ерегісіп, жаға жыртатын әдет бар. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады. Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар. Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс», – деп ашына айтты.

Рас, көкбеттенетін тек әйел қауымының өкілдері ғана емес. Ұсақталып кеткен, көкезу, беймінез ер-азаматтар да жетіп артылады. Енді мұны түзеу үшін қандай амал істеліп жатыр? Әзірге бірді-екілі телевизиялық дау-дамайдан, даурықпа талқылаудан, шай мен боза үстіндегі әңгімеден өзге жүйелі жұмыс көрінбейді, естілмейді.

Әлде астыртын әдіспен, құпия түрде немесе өзге жолмен ұйымдастырылып жатыр ма?

Шындығында, мұны көп болып, біртұтас ел деңгейінде қолға алмаса, жағдай ұшығып кетуі мүмкін. Сондықтан, әлеуметтік маңызы бар мәселені отбасы әдебі мен тәрбиесіне ғана жүктеп қою –

сындарлы шешім емес. Бұл Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылымдары, әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар белсене кірісетін шаруа деп санаймыз.

Тағы бір алаңдатар, көңілге алар жайт бар. Соңғы кезде коммуникация құралдарында, әлеуметтік желілерде қайбір бойжеткен, қыз-келіншек жеке өмірін жалпақ жұртқа жариялау жарысына түсіп, алдына жан салмай барады. Жарнамалатып, әйелдерге ажырасу төңірегінде ашық үгіт жүргізе бастады. Еліктеудің көкесін көрсететіні сонша, есін де, етегін де жинай алмай қалып жатады. Оразасын, сауатын әлеуметтік желімен ашатыны сезіліп тұрады. Өмірде көрген-білгені, оқыған-тоқығаны бар шетелдік замандастарынан орнықты мінезді, пайдалы кәсіпті үйренсе, озық мәдениетпен, біліммен қаруланса бір сәрі. Елін-жерін, тарихын, шыққан тегін, салт-дәстүрін мансұқтап, «өзінді жақсы көр, сонда ғана бақытқа жетесің, байлыққа бата қаласың», «әр адамның өзінің жеке кеңістігі болуы керек» деген тар түсінікке тұсалып, басы айналып қалатын сияқты.

Заманауи психология тәсілін оқып алып, қоғамда адамдардың қарым-қатынасын өзінше бағалауға тырысады. Өз ортасынан тек негатив іздейді. Сонда елімізде, дәстүрімізде бұрын-соңды болмаған дұдәмал ой, жұқпалы «індет» бізге қайдан келіп жатыр?

Сырттан таңылады ма, әлде іштен қаулап өсіп бастады ма? Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, айтатыны – «жана» адамдардың «абыюзер», «тиран», «токсик», тағысын тағы түрлері. Сырттан келген атауларға сәл-пәл анықтама бере кету артық болмас. «Токсик» – айналасындағылардың өмірін уландырып, жағымсыз және ынғайсыз атмосфера тудыратын адам. Ал «абыюзер» – отбасында, өзге қарым-қатынастық байланыста психологиялық, физикалық немесе экономикалық зорлық-зомбылық істейтін қатал зұлым. «Тиран» дегені – қысым көрсететін, басқаларды билеп-төстейтін немесе азаптайтын

қатыгез. Осылай психологиялық зорлық-зомбылықтың түрін түстеп, жілігін жіктеп тастаған. Соның арқасында «газлайтинг», «ред флаг» ұғымдары да замандастарымыздың санасына ентелей еніп кетті. Айталық, «газлайтинг» термині пьесада және оның негізінде түсірілген «Газ жарығы» фильмінен алынған екен. Бұл фильмде опасыз күйеу әйелін есінен танып қалатынына иландыру үшін оған айла-шарғы жасайды және азаптайды. Адамды манипуляциялау әрекеті арқылы оны өз шындығына, естелігіне, ойына айналасында болып жатқан оқиғаларға күмәндануға мәжбүр ету тәсілін қолданады.

Ал «ред флаг» (red flag) ұғымы қарым-қатынаста, серіктес адамының мінез-құлқында, денсаулығында, киім киісінде жеке немесе романтикалық қарым-қатынасында болатын зиянды мінез-құлқын сипаттау үшін қолданылады. Осының бәрі кейде еліктеу, желігу мен елірудің жемісіндей көрінеді. Әйтпесе алуан түрлі құлқына, іс-әрекетіне қарай кісіні «есірік, есалаң, есуас, нақұрыс, есерсок, дөңайбат, жарымес, келесау, әумесер, әулекі, милау, жындыкеш, әңкі» деп мінездеме бере алатын қазақтан өткір адам сыншысы жоқ-ау, сірә.

Айналып келгенде, бөтеннің аузындағы сөзді қағып алып, қолданысқа күштеп ендіру әрекеті аңғарылады. Өзге қоғамдық тәртіптің, дамудың, мәдениеттің өлшемдерін жалпыадамзаттық әлеуметтік паразитизм белгілері ретінде қабылдай беруге болмас. Оны іліп әкеткен жастарға да ешқандай кінә арта алмаймыз. Ықтимал қауіптердің алдын алу үшін өз құндылықтарымызға, тыйымдарымызға табан тірегеніміз жөн.

Ата дәстүрімізде, дінімізде қыз баласын қорлауға, оған жәбір көрсетуге, азаматтың қадір-қасиетін кемітіп, ерді езуге жол берілмеген. Осыған байланысты:

*«Ері әйелін сыйласа – ердің бақыт тапқаны,*

*Ерін елі сыйласа – әйелдің бақыт тапқаны»*  
деген нақыл да бекер айтылмаса керек.

«Қызыңды Алладан қорқатынына бер: жақсы көрсе – қадірлейді, жақсы көрмесе – қорламайды» деген екен бұрынғы даналар.

Салт-санамызда отбасыны бекем етудің мынандан астам амалы, жүздеген шешімі бар. Соның көбі теңін тапқан жұптың қиыншылықты қалай жеңгені туралы, сын-кәтерден қайыспай өткені жөнінде, бала-шағаны дүниеге әкеліп, өнеге көрсету жайында, қайырымды, мейірімді, сауапты істері, бейбіт күндегі ерліктер турасында. Қазір де жасандылықтан ада, өмірдегідей шынайы, иланымды, заманға сай мазмұнда, жігерлендіруге түрткі болатын (мотивация беретін) туындылар әзірлеп, оларды түрлі жанрда, сан қилы форматта (хронометражды мейлінше шектеп) әлеуметтік желіге дейін таратсақ, нұр үстіне нұр болмақ. Бұл ерлі-зайыптылар арасындағы қатынасты іштарлықтан, қызғаныштан, арандатушылықтан, табалаушылықтан, кекшілдіктен сақтандырады еді.

Екінші байлам – бірінші болып кешірім сұрауды дағдыландыру. Сәби шақтан, мектептен, студент күнінен. Бұл адамның әлсіздігін білдірмейді. Кешірімді кісі ғана ірі тұлға айналады. Жүрегі кен, өресі биік, мейірімді адамдардың шаңырағы ешқашан шайқалмайды. Жалпы, дінімізде де үйлену, отбасын құру және халық санын көбейту турасында жақсы айтылатынын білеміз. Олай болса, өзгенің қансығын таңсық етпей-ақ, тәуелсіз еліміздің іргетасын бекемдейтін бірегей құндылықтарды мыңжылдық дәстүрімізден табайық. Әлем игілігін жөнімен, жүйесімен игерейік.

Ұл-қызымызды, некелі жас отбасыларды, тағдырдан ашы сабақ алған азаматтарды жақсы жолға салудың үлгісі елдік салт-дәстүрімізде, рухани мұрамызда тұнып тұр. Біз мұны қаншалықты менгердік, қалай өмірде пайдаланып жүрміз, қазіргі санадағы, отбасыдағы ала-құлалық, елдіктен безу мен тұнықты лайлау соның көрсеткіші. Бұған қол сілтеу немесе «өзі реттеледі» деп бейтарап қарау қоғамдық жауапкершілікті, азаматтық парызды құнсыздандырады.

**Дархан МЫҢБАЙ**



**Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ,**  
эссеші-жазушы

## Күй-аңыз

Мерзияш аркан бойы көтерілген күнге көзін көлегейлей қарап қойып, ойлы жүзін маған бұрды.

— Сенің Тоқсан атаң керемет күйші болған деп естуші едім, саған оның өнері дарымады ма? — деп сұрады ол, қызығушылық танытып.

— Жок, өкінше қарай, үлкен атамның өнері маған қонбады, — дедім мен, басымды шайқап. — Бәлкім, дарушы да ма еді, егер Нұрғожа атамның өзі аз-маз қолдау көрсеткенде. Бірақ, сонау бір зобалаң замандардан санада ұялап қалған әлдебір үрей, қорқыныштан ба, біздің үйдің төрінде домбыра ілініп тұрмайтын. Әйтпесе, бала күнімде мені «Қисық шеке» атандырған аздаған тентектігім болса да, сакқұлақ едім. Тоқсан атам тартқан күйлердің көбі құлағымда қалып қойған. Олардың біразы сонау нәубет жылдарында атын сыбырлап қана айтатын атақты Қожекенің күйлері екенін кейін таныдым ғой.

— Күйшілік өнерді игеріп алуға талпынсан, әлі де кеш емес, інім, — деді Мерзияш, жұбату айтқандай. — Кісінің бойында бір қабілет болса, ол ешқайда жоғалмайды екен. Өзін жақсы білетін Омархан күйші өнерге егде жасында-ақ қайта оралған еді ғой. Шынымды айтсам, мен Күртгі ауданындағы «Күйған» совхозын алты жылдан астам уақыт бойы басқарып тұрғанымда, қол астымда қарапайым қойшы болып істейтін Омарханның қолына домбыра ұстағанын мүлдем көрген емеспін. Сен айтқандай, төрінде домбыра ілініп тұрмайтын. Оның сырын араға он алты жылдай уақыт салып, бір-ақ білдім ғой. Бір күні теледидар қосып қалсам, өнер зерттеуші Жарқын Шәкәрім Екеуі күй туралы әңгіме қозғап отыр екен. Оз көзіме өзім сенбей, қайта-қайта үніле қарап: «Әй, пәлі, мынау өзіміздің Омархан қойшы ғой», — деп қоямын. Омархан Жетісу күйшілері жөнінде, оның ішінде бұрын-соңды айтыла бермейтін Қожекен туралы келелі сөз айтып, оның күйлерін келістіре тартқанда, өнеріне тәнті болдым. Әрі-беріден соң оны қойшы деуге қимай қалдым.

— Содан кейін оған жолыға алдыңыз ба, аға? — деп сұрадым мен.

— Омарханмен арадағы қатынас біршама уақыт үзіліп қалса да, сырттай амандауымызды сұрасып тұрдық қой, — деді ол, басын изеп. — Омекеннің менен бір-екі жас үлкендігі бар. Екеуміз бажа боп келеміз. Оның Сөгетіде тұратынын білетінмін, әлгі хабардан кейін өзім арнайы іздеп бардым. Үйінде қона жатып, жеңгейдің қолынан дәм татып, Омарханның күйлерін айызым қанғанша тыңдадым. «Омеке-ау, мынадай ғажап өнеріңді көзден тасада ұстап келгенің қалай?» — деп тамсана сұрадым одан. «Е-е, Мырзекен, қу тірліктің құлы болып, күнт-тамадық қой», — деді ол, зорлана күліп. «Қап-ай, ә, сол кезде білсем-ші, — дедім мен, өкініш білдіріп. — Баяғыда жарты патшалықтай билігі бар Асанбай Асқаров үйінде қонақта болғанда, оған осы күйлеріңді тартқаныңда ғой, ендігі атағың жер жарып кетер еді. Есекен қойшылығыңды қойдырып, Алматы қаласының қақ төрінен пәтер алып берер еді ғой. Мұндай өнеріңнің бар екенін білгенімде, өзім-ақ талай мәрте дәмдес-түздас болған Нұрғиса Тілендиев ағамызға тікелей ертіп апарар едім». Омархан: «Өзім де күйшіліктің қадірін енді ғана түсінгендеймін. Осының өзіне қанағат», — деп, домбырасын құшағына қысып қойды.

— Омархандай күйші болмаса, Қожекен, Сыбанқұл, Қосдәулет, Бестібай, Тілеміс, Шіде, Түсіпхан, Көтіптердің күйлері бізге жетпей неғайбыл еді, — дедім мен. — Тағдыр тәлкегімен отыз жыл бойы қолына домбыра ұстамай кеткен адамның алпыстың жотасынан асканда жігіт шағындағы күй сарындарын ес-жадында жаңғыртып, өнерсүйер көпшіліктің назарына ұсынуы таңғалдырмай қоймайды. Бір ғажабы, мен бұлардың атын білмесем де, кейбірінің күйлерін Тоқсан атамнан естіген екенмін. Соған өзім де таңмын.

— Сен де Омархан сияқты жас кезіңнен өн бойында жасырынып жатқан өнеріңді жадында жаңғыртып, жарыққа шығар-

етіп шығар, ақысына ақ жорға мінісін», — деді нық сөйлеп.

Рақыш мәймөңкеге салынбайтын, тұрашыл кісі еді. Домбыра үйренгісі келген балаларды жиып алып: «Мен киіз үйдің ішінде отырып күй тартамын. Сендер сыртта тыңдайсыңдар да, маған қайталап тартып бересіңдер. Дұрыс тарта алмағаның менің алдыма қайтып келмейсің», — деп, қатаң талап қойды. Мен зеректік танытсам керек, қасына алып қалды.

Омархан етті турап болды да, табақты маған жақындатып: «Қонағымсың ғой, өзің баста», — деді ілтипатпен. Майлыққа қолын сүртіп жатып, әңгімесін үзбей, сөзін сабақтай түсті.

# КҮЙ-КҮДІРЕТ



саңшы, — деді Мерзияш, маған қозғау салғысы келгендей. — Кім біледі, Тоқсан атаңның аруағы қолдап кетер.

— Аға-ау, енді оған сана еліксе де, сау-сақ ілікпейді ғой, — деп, мырс етіп күлдім мен. — Мен жас кезімнен құймақұлақ болсам да, көбіне сөз өнеріне, тіл мен әдебиетке үйір болып, қаламгерлікке бой ұрған адаммын.

## Күй-тағдыр

— Керімқұл атам мен Рәпия әжем мені Дубәкір әкем мен туған шешем Ауалдан қыркымынан шыға салысымен бауырларына салып, өздері тәрбиелеп өсірген, — деді Омархан, маған табақтағы басты ұсынып жатып. — Керімқұл атам құралайды көзге атқан мерген, атқан оғын құр жібермейтін аңшы еді. Аңшылық кәсіппен жиған мол дәулетімен, кісілік келбетімен Албан-Қызай еліне сыйлы болған. Мен алты жасымнан ашамайға мініп, атаммен бірге ел, жер араладым. Ойын баласы болсам да, басқа балалар сияқты қызық ойынға қосыла кетпей, үлкендердің әңгімесіне құлақ түруші едім. Әсіресе, домбыра тартылған жерден мені ешкім сүйретіп шығара алмайды.

Мен Омарханның әңгімесін зор ықыласпен тыңдай отырып, бас ұстауға ептілігімді байқатып, он жақ езуінен кесіп, ортақ табаққа салдым да, екінші езуім өзім жедім. Өзім жақсы білетін қазақы дәстүрмен екі құлағын кесіп алып, Омекеннің екінші әйелі Зейнеханнан туған екі ұлына, екі көзін ойып алып, марқұм бәйбішесі Дәменнен туған екі қызына тілек айтып ұсындым.

Омекен маған риза кейіппен әңгімесін жалғастырды.

— Бір күні атам мені Қожекен күйшінің ұлы Рақышқа алып барып: «Осы баланың аңсары домбыраға ауады да, тұрады. Таалабын байқап көрші», — деді. Ол: «Ойбай, аға, сіз де алдыңызға жан салмайтын домбырашысыз, балаңызды өзіңіз-ақ үйрете бермейсіз бе?» — деді. Атам басын шайқап: «Жок, қарағым, мен мұны мандайынан сипай отырып, үйрете алмаспын. Әкен Қожекендей алдына жан салмайтын домбырашы, дәулескер күйші болу үшін темірдей тәртіп, тәлімді тәрбие керек қой. «Еті сенікі, сүйегі менікі», өзінің орнында басағын күйші

— Рақан мені он алты жасымда Құлжа қаласына алып барып, үш аймақ — Іле, Тарбағатай, Алтай өнерпаздары бас қосқан үлкен жарысқа қатыстырды, — деді ол, байсалды қалпынан аумап. — Бірнеше күнге созылған осы жарыста мен ұстазымнан үйренген жүз жиырма күй тарттым. Ақсақалдың өзі жарысқа қатыспаса да, маған дем бергендей, әкесі Қожекенің екі жүзге жуық күйін тартып берді. Үлкен кісілерден қырғыздың пайғамбар жасындағы күйшісі Асаналы қатысып, тоқсанға тарта күй тартып берді. Бас жүлдені Асаналы ақсақал жеңіп алды. Екінші жүлде маған бұйырды. Сонда ол маған әзілдеп: «Қырғыздың да күйін үйреніп ал, байкемнен қалған асыл мұра еді деп айта жүрерсің», — деп, бірнеше күйін тартып көрсетті.

— Аға, сонау отызыншы жылдары Ошуруулы Асанаалыдан Александр Затаевич он екі күй жазып алғанын білемін, — дедім мен, ол атақты қырғыз күйшісі туралы хабарлар екенімді білдіріп. — Олар кейін Мәскеуден шыққан жинаққа еніпті. Үлкен атам Тоқсаннан Асаналының атын естудім бар. Сіз одан кейін оны көре алдыңыз ба?

— Жок, одан кейін көре алғаным жоқ, — деп, басын шайқады Омархан. — Мен елге қайтып келгенде, оның бірнеше жыл бұрын қайтыс болып кеткенін естідім. Сол кезде жасы сексенге таяп қалса керек.

— Елге қайтып келгеннен күйшілікті қойшылыққа айырбастауыңызға не себеп болды, аға? — деп сұрадым мен, суыртпақтап.

Омекен басынан тастамайтын тақиясын майлы қолының сыртымен бір қозғап қойып:

— «Басқа түскен баспақшыл» деген ғой, — деп бір қойды да, әңгімесін сабақтай түсті. — Бірақ, мен елге келгесін бірден қойшы боп кеткем жоқ. Рас, маған Қытай жеріндегідей серілік құру бұйырмады. Әншейін, ауыл арасында домбыра шертіп жүргенім болмаса, кейде соның өзі де болмай қалады. Сол тұстарда Алматыда халық арасынан таланттарды іздеу, әсіресе, өрден келген ағайындардың арасында әлі елге танылып үлгірмегендерді жарыққа шығару үшін Ғылым Академиясы жанынан арнайы экспедиция құрылды. Экспедиция Жетісудан өнер саңлақтарын іріктеп, Алматыға алдыртып, байқау өткізді. Олардың ішінде менімен бірге өзім бұрыннан жақсы танытын әнші Дәнеш Рақышев бар еді. Кезінде Шыңжаңдағы қазақ радиосының әуе толқынында біреуіміз әсем ән шырқап, біреуіміз күмбірлеген күй шертіп жүруші едік.

— Талдықорғанда Дәнеш ағаның концертінде болып, қатты әсер алғаным бар, — деп қостым мен.

— Әлгі байқауда елден озып шыққан екеумізге оқуға жолдама берген-тұғын, — деді Омархан. — Дәнешті Талдықорғанға, мені Қарағандыға жіберді. Дәнеш кейін он жылдай Панфилов ауданында халық театрының режиссері қызметін атқарды. Содан соң ол Талдықорған филармониясының әнші-солисі және осындағы «Тамаша әзіл-сықақ кеші» тобының жетекшісі болды.

Ал, мен байқаудан өтіп, арманым орындалып, көктен тілегенім жерден табылғаны-

на қуанып, алып-ұшып, ауылға жетіп барсам, алдымнан шыққан Рәпия әжем көңілімді су сепкендей басты. «Омархан домбырасын құшақтап, әртіс болып кетсе, бұл әулеттің күні не болмақ?» деп қатты уайымдаған әжем өнер айдынына кемемді салғалы тұрған маған:

— Әй, Омархан! Мен асарын асап, жасарын жасаған адаммын. Сүйегі қаусаған мені қойшы, мына шиеетей бала-шағанды қайтпексің?! Өзің сонау Шымкенттен, Қарағандыдан көшіріп әкелген туыстарыңның жағдайын кім ойлайды?! Кетпек болсаң, мені біржола көміп кет! Сенің әртіс атанып, жын-шайтанға үйір болғаның маған керек емес! — деп, кесіп айтты.

— Апырмай, қатты айтқан екен анамыз, — дедім мен.

— Иә, алғашында мен абдырап қалдым, — деп, басын изеді Омархан. — Не дерімді білмей, бір сәт қалшып тұрып қалсам керек. Әйтсе де, өзімді сәби кезімнен бауырына басып, аялап өсірген асыл әжемнің сөзінен қайда асамын? Қолымдағы үкілі домбырамды жерге бір-ақ ұрып сындырдым да: «Апа, сіздің айтқаныңыздың бәрі дұрыс. Шын айтам, менікі ақымақтық болған екен. Енді қолыма домбыра ұстап, күй тартсам, мені балам деп санамаңыз!» — деп, ант-су іштім. Содан бастап мен күйшілік өнерді емес, енді қарапайым елмен бірге өмір сүрудің, күн көрудің жолын тандадым.

— Сөйтп, қолыңызға қойшы таяғын ұстауға бел бұдыңыз ба, аға? — деп, тәптіштей түстім мен.

— Оның өзі бір сәті түскен шаруа болды, — деді Омархан жылы жымып. — Өйткені, бұл Хрущевтің кебек ұнға қаратып қойған кезі еді. Жұмыстың жоктығынан өрден келген біздер тұрмақ, жергілікті жұрттың өмірі нашарлап, күнкөрісі қиындап кетті. Қарапайым халық жетіспеушіліктің, жокшылықтың тауқыметін тарта бастады. Осынау бір қиын шақтарда Жаланащқа «Күйған» совхозы директорының орынбасары Шаяхмет деген азаматтың жолсапармен келе қалмасы бар ма? Кездейсоқтық па, әлде құдайдың бір құдіреті ме, мен онымен танысып, екеуара әңгімеден оның совхозына адам күші жетпейтінін білдім. Ол мал бағатын адамдар болса, көшіріп әкететінін айтты. Мен: «Егер совхоз бізге өмір сүруге дұрыс жағдай жасайтын болса, шаруашылыққа мал бағуға он отбасын көшіріп апарамын», — деп едім, «олай болса, келістік, уәде беремін», — деді ол қолын ұсынып. Соңыра Шаяхмет уәдесінде тұрып, көлік жіберді. Сөйтіп, «тәуекел түбі — желқайық» деп, «Күйған» совхозына көшіп бардық. Міне, сол сәттен бастап мен алдыма бір отар қойды салып, қойшы боп шыға келдім. Балқаш көлін жағалап, қамысы мен тоғайын аралап жүріп, қой бақтым. Өзің де білесің, ол жақ Жаланащ секілді таулы, ауасы қоңыр салқын емес.

— Жаланащтың табиғаты бөлек қой, — деп тамсандым мен.

— Асқар таулы, мөлдір бұлақты, қоңыр салқын жерде туып-өскен маған алғашында жерсін ауырлау болды, өйткені, Балқаш дегенін — ұшы-қиырына көз жетпейтін бұйрат-бұйрат ұлан құмды, сай-саласы сулы, қамыс-копасты, нулы болып келетін, тораңғылы, жиде-талды, сексеуілді тоғайларынан адам адасатындай, тек аң-құз, мал-жануарға бай өлке көрінеді, — деп, көз алдыға келтірді ол. — Оның құмы мен желіне көндіге алмай, «бізді айдалаға айдап әкелді» деп күнкілдеуді шығарған ағайын-туыстарыма: «Оу, ағайын, совхоз барлық жағдайыңды жасап беріп отыр ғой, ең бастысы, қарның тоқ, киімді бүтін емес пе? Бұрынғы жокшылық, жетіспеушілік жок, кімге ренжисіңдер?» — деп ақылымды айтып, жөнге салып отырдым. Өзім де жаңа өмірге көндіге қоймасам да, қазақтың «тас түскен жеріне ауыр» деген байырғы қағидасын мықтап ұстанып, еселеп, еңбек ете бердім. Сол табандылықтың арқасында



бәріміз жақсы өмір кештік десем де болады. Араға бірнеше жыл салып, мен ферманың аға шопаны болдым. Озат малшы ретінде аудандық, облыстық жиын-тойларға жиі-жиі шақырылып, талай рет марапатталдым.

— Аға, сіздің үйде алғаш рет қонақ болғаным есіңізде болар, — деп, еске салдым мен. — Сонда совхоз директоры Шернияз: «Озат шопанның үйінде обком басшысы, ел құрметтеген Асанбай Аскарұлының өзі қонақта болған», — деп, сізді сыртыңыздан таныстырып еді.

— Иә, Асекең біздің үйде жетпіс үшінші жылдың қысында болды, — деді ол, есіне түсіріп. — Дәмен екеуіміз сүрініп-қабынатындай пәлендей дайындала қоймасак та, пейілімізге, жайған дастарқанымызға көңілі толса керек, риза болып, ақ батасын берді ғой. Асекең қазақтың ескі салт-дәстүрі бойынша жөн сұрасып, қандай қиыншылықтар барын білгісі келді. Мен оған ешнәрсе қажет емес екенін айтып, совхоздың барлық жағдайды жасап отырғанын, жәрдем беріп тұратынын баяндап, өзімнің үш жыл қатарынан «социалистік жарыс жеңімпазы» болғанымды атап өттім. Мемлекет, ел мүддесі туралы жағымды сөздермен Асекеңнің көңілін көкке көтеріп, аттандырдык.

— Аға, сіздің үйде алғаш болғанымда қабырғада домбыра ілулі тұрғанын көрмегенім әлі есімде. Әженіздің алдында ант-су ішіп, өзіңізге серт берсеңіз де, күйшілік өнеріңізді жадыңыздан қалай шығардыңыз? — деп сұрадым мен.

— Құдайдың берген қабілетін қалай ұмытарсың? — деді Омархан. — Мен өрісте қойдың соңында жүргенде, кей кезде көзіме домбыра елестеп кететін. Ондайда құм үстіне жамбастап жатып алып тыңдайтын жалғыз ермегім Қазақ радиосы болды. Кішігірім кобдишадай радиоқабылдағыштың құлағын бұрап, жаңалықтарды тыңдаймын, түрлі хабарды, қазақ эстрадасының концерттерін қызықтаймын. Әуезді, тынысты, жанға жағымды әндер әуелете шырқалса, көңілім көтеріліп, бір жеңілдеп қаламын. Ал, енді домбыра тартылып, күй шертіле қалса, көңіл-күйім нілдей бұзылып, радиоқабылдағышты тез өшіре қоямын.

Омархан майда әжімдер сызылаған кең маңдайын орамалмен бір сүртіп қойып, желпіне түсіп, әңгімесін жалғастырды.

— Күндердің бір күні қойды өріске жайғап тастап, радиоқабылдағыштың құлағын бұрай қалып едім, шіркін-ай десеңші, өзім жақсы білетін Дәнештің дауысы жазды күнгі ақ нөсердей құйылып кеп бергені! — деді ол, көзі жарқ-жүркі етіп. — «Айналайын Дәнеш, сенін айың туып оныңнан, жұлдызың туып соныңнан, түү биіктен көрініп, жарқырап келе жатыр екенсің-ау, арыстандай айрысым!» деп еріксіз есім шыға қуанып айқайлап жібергенімді өзім де білмей қалдым. Қуаныш, шаттығым басылғаннан кейін: «Әттең-ай, өзіме берілген жолдамамен Арка төсіне, Қарағандыға барғанымда, мен де Дәнеш сияқты осылайша радиодан өнерімді көрсетіп, күй тартып отырушы ма едім!» — деп, өкінішпен тобылғы сапты қамшымның сабына жармаса кеттім. Бір кезде өзімнің «Әттең-ай, әттең» деп әлдебір әуенді ыңылдап айтып отырғанымды аңғардым. Пәлі, кеудемнің терең түкпірінде,

көкейімде белгісіз бір күйдің мұңлы сарыны ойнағандай бола ма, қалай өзі?.. Көңілім босап, көзім жасқа толып, өкінішке толы өксік көмекейіне тығылды да қалды. Одан әрі қарай ыңылдауға да шамам жетпеді...

Осыны бір айтып кідірген Омархан: — Міне, осылайша өнердің үлкен жолын қуа алмай арманда кеткен менің жігіттік шағымдағы осы өкінішім көп жылдан кейін «Әттең-ай» деген күй-тағдыр болып домбыраның ішегінен құйылып түсті, — деп жеңіл күрсінді.

## Күй-толғау

Омарханның екі көзін жұмып алып, жеңіл теңселіп қойып, күйді шертіп тартқанына бажайлай қарап отырып, көз алдыма кобызда ойнаған бақсыны елестеттім. Өз байқауымша, Омархан күйші домбыраны шертеннен бастап күйді аяқтағанға дейін екі көзін жұмып алып, жеңіл теңселіп отырады екен. Әй, бірақ та, Омекеңді бақсы деуге келіңкіремейді-ау. Бақсы дегенің Омекең тәрізді жәй, жеңіл ғана теңселмейді ғой, шайқалып кетеді. Олай болса, бақсы деуге көбірек келетін күйші Нұрғиса Тілендиев ағамыз болса керек. Оның жөні бөлек қой, әлбетте.

Омарханның домбыра тартысы мен күйге елтіп отырғанымда, балалық шағым есіме түсіп кетті. Еміс-еміс болса да, көз алдыма Токсан атамның осы бір күйді шертіп отырғаны елестеді. Сонда бұл кімнің күйі болды екен?..

Күй аяқталғанда, мен Омарханға сұраулы жүзбен қарап:

— Мына күйді мен бала күнімде естіген сияқтымын, аға. Атамның ағасы Токсан атам күйші болған ғой. Әйтеуір, маған бала күннен таныс сияқты, — дедім, күйден алған әсерімнен арыла алмай.

— Осы уақытқа дейін Токсан атаңнан басқа ешкімнен естімеген болсаң, бұл тыңдағаның — Қожекенің «Сарбарпы бұлбұл» атты күйі, — деді Омархан, қасын керіп. — Пәлі, олай болса, сенің Токсан атаң Қожекенің күйлерін білген болып тұр ғой.

— Соған өзім де таң боп отырмын, — дедім мен, ағымнан жарылып. — Бала күндегі естігенім есіме еміс-еміс келеді емес пе?

— Әдетте, мен әңгіме арасында күй шертенде, оның тарихын баяндай отырып орындаушы едім, — деді өз кезегінде Омархан. — Қожекенің мына «Сарбарпы бұлбұл» күйіне келсек, Сарбарпы — адамның құсқа айналған түрі екен дейді. Баяғыда елден асқан оқымысты адам болыпты. Көктің де, жердің де, судың да, оттың да, құстың да құпиясын біліпті. Бірақ, адамзатқа ешбір пайда келтірмепті. Сондықтан, Алла тағала оны құсқа айналдырып жіберіпті.

— Қызық екен, аға. Мен Қожекенің «Сарбарпы бұлбұл» деген күйі бар екенін білмесем де, осы аттас күй-аныздың басқа бір нұсқасын білуші едім. Оны сіздің де білуіңіз мүмкін, тындап көріңізші, айтып берейін.

— Айта ғой, айналайын, құлағым сенде. Қазақта «адамның білетіні — тоғыз, білмейтіні — тоқсан тоғыз» деген сөз бар ғой. Мен дәулескер күйші Қожекенің ғана «Сарбарпы бұлбұл» күй-анызын білемін.

Бәлкім, басқа бір біз білмейтін күйшінің де осы тақырыпта шығарған күйі бар шығар, — деп өз долбарын айтты Омархан.

— Оны білмедім, аға. Менің естігенім — ауыз әдебиетінің үздік үлгісінің бірі ретінде белгілі осы күй-аныз нұсқасы, — дедім мен. — Бұл аңыз бойынша, баяғыда бір Сарбарпы деген өзі асқан сұлу, өзі әнші, сайрауық құс болыпты. Сарбарпы бұлбұл сайрағанда, ұшып бара жатқан құс қона қалып, жүрген аң тоқтап, естіген адам ұйып тындайды екен. Оның осындай ерекше қасиеттерін — сұлулығын да, әншілігін де қызғанған көктегі қырғи, құрлықтағы жылан бұлбұлдың балапандарын жеп қоя беріпті. Сарбарпы енді ұясын су жағасына салады. Мұнда су жылан да тыныштық бермепті. Көкте қырғи, жерде жылан тұқымын құрта берген соң, бұлбұл зар еңірей сайрапты. Оның сайрағанынан күн тұтылып, су тартылып, тау шайқалып, дауыл көтеріліпті. Бірақ, ешбір аң, не құс жәрдем бермепті. Бұл жағдайды бір аңшы көріп, естіп, Сарбарпы бұлбұлды әлгі озбырлықтан құтқарыпты. Ол әнші құсты өзінің үйіне әкеліп, төрінде бағыпты. Содан бастап Сарбарпы бұлбұл адамның айнымас досы, жыршы құсы болыпты.

— Расында да, ауыз әдебиетінің үлгісі боларлықтай әдемі аңыз екен, — деп Омархан, домбырасын қайта қолға алды. — Мен енді «Шіденің сарынын» шертіп берейін.

Омекеңнің шабыты келсе керек, күйді ұзағырақ тартты да, бір кезде кілт тоқтатып, домбырасын құшақтай отырып:

— «Шіденің сарынын» күйшілер бірде домбыраның құлақ күйі ретінде тартса, бірде арқасы ұстағанда, сарынға сарын қосып, аттын басын жіберіп, тоқтамай тартатын болған, — деп түсіндірді де, әңгімесін жалғастырды. — Шіде Сыбанқұлдың немере інісі болып келеді. Ол ел ішінде танымал күйші болумен қатар, қол өнерді де қатар меңгерген шебер екен. Туғанынан екі көзі су қараңғы болса да, өз тіршілігімен айналысып, алақанмен сипап отырып, домбыра, астау шауып, ел керегін де, өз кәжетін де өтеп отырған.

— Сіз де қол өнерінен құр алақан емессіз ғой, аға, — деп еске алдым мен. — Сіздің үйде алғаш болғанымда, неше түрлі қамшыларға, ат әбзелдеріне көзім түскен еді.

— Күйшілік өнерді өрімшілік өнерге алмастырғаным, сөйтіп, өзімді-өзім алдандырғаным рас, — деп ағынан жарылды ол. — Алты таспадан отыз екі таспаға дейін барлық өру әдістерін игердім. Осы өнерім өзіме көп көмегін тигізді. Былғары-қайыс көпке шыдас беретінін жақсы білетін малшы қауым, атбегілер қолға салады. Өрттей қызыл тобылғысын, тапқандары не еліктің, не қарақұйрықтың әдемі сирақтарын әкеп, қамшы өрдіріп, саптатып алады.

— Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың алпыс жылдық мерейтойына сіз арнайы өз атыңыздан алпыс қамшы өріп апарғаныңызды сол тойға қатысқан жұртшылықпен бірге мен де көрдім, — деп қостым мен.

— Иә, тойдың барысында өткен өрім өру жарысында жүлдегер атанып қайтқан едім, — деп еске алды ол.

— Ал, енді, аға, отыз жыл бойына үзіліп қалған күйшілік өнеріңізге қайта оралуыңызға қандай жайт мұрындық болды? — деп сұрадым мен.

— Зейнетке шыққан соң аталарымның кіндік қаны тамған жеріне қайта оралғаннан кейін көнекездер «домбыра тарт» деп қолқалайтын болды, — деп, есіне түсіре бастады ол. — Мен оларға: «Ой, қойыңыздар, баяғы заман өтті- кетті ғой. «Оралынның барында ойна да құл» дегендей, ол кезде жас болдық, көңіліміз мас болды, күш-қуатымыз тасып тұрды. Енді алпысты алқындаған кезімде бағы дүрілдеген заманым қайта орала қоймас. Көзден бұлбұл ұшты, көрген түстей болды. Қазір не, ой шабан, көңіл пәс, бойдан күш-қуат кеткен. Баяғыда сағатқа жүйріктей жорғалаған он саусақ бүгінде бүгіліп, тарамыстай тартылып қалған», — деп, ырық бермей жүрдім.

Күндердің күнінде өзі де өнерден қара жаяу емес ауыл ақсақалы, менің нағашы ағам боп келетін Нүптекенің консерваторияның жоғары курсына оқитын Базарлы деген ұлы: «Дипломдық жұмысым ел

ішіндегі өнерпаздар туралы еді. Тыңнан қосар кім бар?» — деп сұрайды әкесінен. Ол: «Ой, пәлі-ай, Омарханнан артық кім керек саған?» — деп, баласын маған бағыттап жібереді. Мен Базарлыға: «Е-е, қарағым, домбыра жайына қалып, қойшының таяғын ұстап кеткен жоқпыз ба? Егер домбыра тартып, күй шертіп жүрген болсам, мына қабырғада үкілі домбыра ілулі тұрмас па еді?» — деп, шығарып салдым.

Ертесіне қара домбырасын қолтықтап Нүптеке қария табалдырығымды аттағанда, шегінерге жер таппадым. Амалым қалмай, ол кісінің қолындағы «көнекезге» қол создым. Бірақ, бақсам, расында да, өзім айтқандай-ақ, он саусағым қатып қалған, шірдерлеген аттай кібіртіктеп жүрмейді. Домбыраның құлақ күйін келтірудің өзі қиынға соғып, қатты қиналдым-ақ. Болмағасын: «Ертеңге дейін маған мұрсат беріңіздер», — деп, әке мен баланы қайтардым.

Омархан қолындағы домбырасын аялай сипап, сөзін сабақтай түсті.

— Шынымен де, қарайып қалыппын. Бірақ, тобылғы түсті домбыра қолға тиген соң Рақыш пен Асаналының, туа көзден айырылған Шіденің аманаты есіме түсті. «Ақылдының сөзіндей ойлы күй» деп Абай айтпақшы, олардың маған үйреткен, «Маған сөз сөйле дегенше, күй тартқызыңыздар» деп төрден есікке, есіктен төрге күй ырағыммен қозғалып, көз алдындағыны, ел айтқан аңыз әңгімені күй тілінде жырлайтын Сыбанқұлдың тылсын дүние-лерін мен қалайша атаусыз қалдырамын? Олар кетті, ал, мен дін аман жер басып жүр емеспін бе? «Сонда мен кімге бәлінсіп отырмын?» деген ой жон арқамнан шыпшып тер шығарып, денем мұздап сала берді.

Бір уақытта Қосдәулеттің «Арманын» тартқанымда, «қатып қалған» жүрекке қан жүгірді. «Әттең-айды», одан өзге де күйлерді еске түсіргенімде, көңілдің көкжиегі кеңіп, ойым шалқи түсіп, құлағымның түбі алуан түрлі сарынға толып кеткендей болды.

Ертесі еске түскеннің біразын Базарлы ұнтаспасына жазып алды. «Мен үшін бұл ұлы жаңалық болды, аға, бастаған ұлағатты ісіңіз алға баса берсін, тағы келемін», — деп, қатты қиылып кетті.

«Ел құлағы — елу» деген, әңгіме жерде жата ма, «Омархан домбырасын қайта қолына алыпты» дегенді естіп, ағайындар келе бастады. Аттай қалап отырып, Қожекенің «Ойбай, жаным!», «Бұлбұл», «Көкенейдің зары» атты күйлерін, оның «Мұңлық-Зарлығын», теріс бұраумен тартатын Сыбанқұлдың «Жосыған құлын», «Салды-қашты Сарыөзен», «Телқоңыр» деген күйлерін және де оның үш бөлімнен тұратын «Үш аққуын» («Аққудың ата-мекеніне қайтқаны», «Аққуды бидайық құстың қуғаны», «Аққудың балапандарын аймалағаны»), қырғыздың қыл кобызынан қазақтың домбырасына түсірілген Асаналының шығармаларын сұрайды. Кейбір күйлердің атын білмесе, тіптен сарынын ыңылдап айтып есіме түсіреді. Сөйтіп, жан жолдасым болған қара домбырамен қайта қауыштым, — деп, әңгімесін қорытындылады Омекең.

— Осы уақытқа дейін неше күйді еске түсірдіңіз, аға? — деп сұрадым мен, қызығушылық танытып.

— Баяғыдан өзім білетін жүз жиырма күйдің алпыстан астамы алғашқы жылдары-ақ ойыма оралды, — деді ол ойлы жүзбен. — Қазір енді жүзден аса күйді жадымда ұстап отырмын. Бір қызығы, қолыма домбыра алсам болды, алуан сарындар бірінен кейін бірі келе береді. Күн сайын кеміп бара жатқан денсаулық сыр беріп қалмаса, барлық күйді қайта қалпына келтіріп, кейінгі ұрпаққа қалдырып кетсем, мақсатыма жеткен болар едім.

Омекең домбырасының құлақ күйін келтіре отырып:

— Өзім шығарған күйлер де жетіп артылады, — деді, масаттанып. — Саған енді менің нәзік жанымды тербеп, көңілімді толғандырған, әрі намысыма күш-қуат беріп, өнер айдынына кемемді қайта салдырған ел-жұрттың шын ықыласына, пейіліне арнап шығарған «Толғау» атты күй-толғауымды тартып берейін.



Ерсін МҰСАБЕКОВ

Айнала көк желекпен көмкеріліп, шуаққа малынған мамырдың мамыражай күні. Жарықтық мамырдың майдақоныр желі енді бой көтере бастаған көк шалғынды мақтадай үлпілдетіп, мақпал көрпедей бүлкілдетіп тұр. Бір-біріне жалғаса салынған төрт әуелім үйдің ортасындағы алаңқайдың бір кемшілігі, көлеңкеден арылмайды. Бұл үйлердің тұрғындары — көкжиекке көз талдырып көрмегендер. Көрсен де, ара-тұра қала сыртына шыққанда жанарлары шыққан күннің шұғыласын шалып, батар күннің шапағына шарпылған болар. Немесе пәтерінің терезесі сыртқа қараған тұрғындар әлемнің жылуын әйнек арқылы ғана сезініп жүр.

Бұл ауланың қары да кеш ериді. Дегенмен алаңқайы — кең. Балаларға арналған ойын алаңының дүбірі қысы-жазы толастаған емес. Арқасын қыздырып, маңдайын жіпсітер күнесі болмаса да, бірлі-жарым қариялар да аулаға шығып, әңгіме тиегін ағытуға пейілді. Кейбіреуі немерелеріне бас-көз болып, дамыл таппайды. Енді біреулері өздерінің өткен-кеткенін айтып, ауыз жаппайды. Бірен-саран орыстың шал-кемпірі болмаса, дені ауылдан көшіп келген қазақтар. Қалалық қария мен тас қаланы жерсіне алмай жүрген далалық қарттың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Өрекіпген өркениеттің ордасына ерте қоныстанған қазақтың шалбар киіп, шаш бояған кемпірлері мен ауылдан жуырда ғана көшіп келген әжелерді де оңай ажыратуға болады.

Оюлы бешпенті даланың кендігін аңғартып, басындағы орамалы рухтың байрағындай желбіреген Сақып әженің сәлиқалы сөз саптап, салмақты әңгіме еркітіп отырғанының өзі жылуы аз мына ауланың ажарын кіргізіп, базарын үстеп тұрғандай. Қасын сүріп, шашын каштан-датып алған қазақшасы шамалы Света апа танауын аспандатып отыр. Бұтына киіп алған қара шалбары арасы алшақтай бастаған қос тізесінің кемшілігін әшкерелеп-ақ тұр. Екі кейуана бірін-бірі жақтырмай отырғаны сырт көзге тайға таңба басқандай еркін байқалады. Сонда да әңгімелері түгесілер емес. Әсіресе Сақып әженің қалжыңмен қағыта сөйлейтіні өзіне жарасып-ақ тұр.

— Әй, Қызылбас! Немене, көшеден жанарыңды тайдырмайсың? Келініңнің жұмыстан келетін уақыты болып қалды ма? Әлде қосақ қылуға қолайлы шал тауып, сонымен кездесуге уағдаласып қойып па едің? — дейді, шалақазақ құрбысын тұқыртып.

— Ой, шал не надо. Өз шалым во болған. Тақой шал жоқ! — деп шала бүлінеді қызылбас Света.

Осы кезде төртінші қабаттағы Төлеубала әже қосылды қатарларына. Ол осыдан бес жыл бұрын жалғыз ұлының қолына көшіп келген. Ауылда шалы екеуі тұрыпты. Ақсақалы өмірден озған соң, баласы көшіріп алды. Сақып әжедей емес, жанары — мұңды, күрсінуді — жиі. Екі сөзінің бірі — ауыл. Қаладағы тағдыр табыстырған мына кемпірлер танымаса да, абысын-ажындары туралы әңгімені бұрқырата береді. Осы жолы да Света мен

Сақыптың жанына отырмай жатып:

— Ой, бүгін күн жарықтық тамаша болып тұр екен, ә... Осы кезде мал төлетіп, мәре-сәре болып жататын едік. Қалима абысыным бестің шөйін самаурынға қайнатып, әгрөнөм қайнымның тұқымдыққа әкелген бидайынан қуырып, шайға шақырып жататын уақыты ғой дәл қазір. Терлеп-тепшіп шай ішіп, тербеп-толғап ескі әңгімеден жіберетінбіз, — деп, Сақып әжеге болмаса, қызылбас Светаға түк те қызығы жоқ өз тақырыбын қозғап кетті. Тақырыбы болғанда, сағынышы ғой байғұстың. Терең күрсінді де, Сақыпқа қарап:

— Қыз-ау, бүгін жалғыз шығыпсың ғой. Шалың қайда? Қыз Жібек пен Төлегендей жарасып отырушы едіңдер, — деп одан бұрын «шабуылдап» өтті.

— Е, мына Қызылбас екеуіңнен қызғанып, қамап кетті деймісің? Соңғы кезде ыңқыл-сыңқылы көбейіп жүр ғой. Қан қысымы көтерілді ме, түскі астан кейін бүк түсіп жатты да қалды.

Екеуінің әңгімесіне мүлде қызықпаған қызылбас Света ұялы телефонын шұқылап әлек. Ара-тұра өз-өзінен езу тартып, әлденеге мез болады.

Төлеубала әже тоқтайтын емес.

— Осы ана профессор шал мен кемпірі көрінбей кетті ғой. Сырқаттанып қалмады ма екен? — деп ауланың шал-кемпірін түгендей бастады. Қаланың байырғы тұрғыны, осындағы университеттің бірінде оқытушы болып істейтін көзәйнегінің қалыңдығы бір елі Ермекті айтып отыр. Кемпірі де іргелі кәсіпорынның бірінде есепші болып істеген, боянып-сыланып жүретін кербездің өзі. Мына отырған қызылбас Светаның сынары десен, мұқым ел ойланбай сенер еді. Өздері мынау Мұхит ауданының тумалары. Аулаға ауық-ауық шығып, осы төңіректің жаңалығын жіпке тізіп отыратын Сақып әже Төлеубаланың күдікті сұрағын жауапсыз қалдырған жоқ.

— Танертең келінің көргенмін. «Сарыағашқа» кетіпті, демалуға. Екеуіміз секілді анда-санда өлік-тірік, той-томалаққа барып тұратын ауылдары да жоқ, көрөрттамағанда қайтеді?!

— Е-е-е, қайран ауыл! Қыстай бір барып қайтпадық. Ұлға қақсай-қақсай, жағым талды, — деп, Төлеубала апа тағы аһ ұра күрсінді, мұңайып қалды. — Балалар жан каникулға шықсын, ауыл бие байлап, қымыз баптасын деп отыр ғой ұл. Оған да көп уақыт қалған жоқ.

— Иә, мектептің каникулына аз қалды ғой... Шыда! Біздің немерелер де тағаттары таусылып, күн санап жүр. Ауыл десе, қаланың бар қызығын тәрк етуге дайын, иттің күшіктері. Мен де барып, абысын-ажындармен қауқылдасып, қыздардың үйін жағалап, бір жасап қалар едім. Шалдың да ауырып қалғаны содан, Құдай біледі бар ғой, — деп сөзінің басы Төлеубаланың көңілін демдеген болып басталған Сақып әженің әңгімесі өзінің де ауылға деген аңсар көңілін жария етіп қойды.

Қызылбас Света әлі жақ ашқан жоқ. Өз әлемі — өзінде.

Екі әженің де әңгімесі ұзаққа созылмады. Ең әуелі Сақып әже:

— Мына Қытайдың қамалындай үйлердің қабырғасынан күннің қанша еңкейгенін де байқамай қаласын, нәлеті. Сағат қанша болды екен? — деп, етегін сілкіп, бешпентінің өңірін қымтап, орнынан қозғалды.

Светаның телефонындай болмаса да, ауылдағы қыздарымен, абысындарымен хабарласып жүретін түймелі телефонына көзін сығырайта үңілген Төлеубала әже:

— Ойбуу, кеш болып қалыпты ғой. Қой, қозғалайық. Кешкі асты қамдайын. Ұл да, келін де жұмыстан сіркелері су көтермей шаршап келеді. Тамақтары дайын болмаса, қабақтары түксіп қалады-ей, бәтшағарлардың, — деп орнынан ширақ қозғалып, есікке беттеді.

Қызылбас Света саусағының ұшымен телефонның алақандай экранын тары тазалағандай түртіп қойып, өз-өзінен мез болып, мыналардың кеткеніне қуанғандай

жайбарақат қалып барады.

Ұзақ отырып, әбден құрысып қалған белін зордың күшімен жазған Сақып әже де:

— Қой, мен де шалдың дәрісін беріп, тамақ дайындайын, — деп бүкшендей жөнелді. Бейне бір қария емес, мынау жалғанның мың-миллион құпиясына қойылған сұрақ белгісі қозғалып бара жатқандай...

\*\*\*

Күні бойы доп қуалап, әбден дінкелеген балалар шоқтай иіріліп, демдерін алып отыр. Құйрығына допты басып, ұялы телефонына шұқшиған Сұңғат осы топтың ересегі еді. Енді ғана көктем лебін сезініп, ұштала бастаған шалғынға тізелерін құшақтай жайғаса кеткен аула балалары Сұңғаттың қабағын бағып, тым-тырыс отыр.

# ҚҰРАЛАЙДЫҢ

— Бір тыныстап алып, жалғастырамыз ба? Есеп қанша еді, өзі? — деді Сұңғат телефоннан басын жұлып алған бетте жан-жағына алақ-жұлақ қарап.

— Есеп — 3:2. Біз — алдамыз! — деп, Сұңғаттың командасының қақпашысы Мейір мақтанып қойды. Ол — Төлеубала әженің ауылға арманын айырбастап жіберуге дайын екінші немересі.

— Шаршадық, демалайық. Бүгін көп ойнады.

Футболға аса зауқы жоқ болса да, аула балаларынан оқшауланғысы келмей, амалсыз ойнаған Бекарыстың уәжі осы болды. Оның да бар ойы — ауылда. Бұл — Төлеубала апаның үлкен немересі. Атасы қайтыс болғанша атасы мен әжесінің қолында болып, ауылда оқыған. Қалаға бойы үйрене қоймаған. Бес жылдан бері орысшаны да дұрыс меңгере алмай, тас қалаға сыймай жүрген тасмандайдың нақ өзі.

— Мә-ә-ә, күн бүгін күшті болып тамылжып тұр екен. Осы уақытта біз ауылда асық ойнап, асыр салып жатушы едік. Алтыатардан алдыма жан салмаушы едім, шіркін! Көршінің балаларын түгел ұтып алып, артынан әжелері келіп, жылауық достарымының ұтылған асықтарын қайтарып алып кететін. Көшенің ғана емес, бүкіл ауылдың сұрмергені едім, — деп, Бекарыс мүлде басқа әлемге қияндап кетсін.

— Асық деген қандай ойын? Қызық па? — деді Сұңғат ерекше қызығушылық танытып. Өйткені оған ауыл деген Марс планетасындай жұмбақ әлем еді.

— Пәлі, асық ойынын білмейсің бе, не? Оның қызығы деген керемет қой! Шіркін, каникул қашан басталар екен?! — деп Бекарыс өршелене түсті. — Менің ауылда бір шабадан асығым қалды. Көшкенде Нұрсұлу әпкемнің баласы Жұбаншықа беріп кеткенмін. Каникулда ауылға барсам, екі шабадан қылып, көбейтіп кетемін ғой...

— Ауыл деген қандай жер? Онда да осындай биік үйлер, супермаркет, дәл мынадай ойын аландары бар ма? Кино-театр, футбол ойнайтын стадион бар ма? Балмұздақ сата ма? Компьютер клубтары ше? — деп Сұңғат Бекарыс пен Мейірді сұрақтың астына алсын.

— Сен не, ауылға барып көрмегенсің бе? Ауылда мына алдамшы қызықтың бірі де жоқ. Бірақ өз қызығы бар. Тайға мініп жарысамыз, өзенге барып шомылып, қармақпен балық аулаймыз. Компьютер клубын не, онда интернет те жоқ. Сонда да қызық.

— Сұңғат, сенің ауылың жоқ па, не? Біздің ауыл керемет қой, шіркін! Өзен жағасындағы қалың тоғайда жасырынбақ ойнағанға не жетсін?! Бір-бірімізді күн

ұзаққа іздеп, мүлде таба алмай қалатынбыз. Тү-у-у, ауылды сағынып кеттім ғой.

Бекарыс пен Мейір жарыса жауап беріп, мақтанып жатыр. Ауыл қызықтарын айтқанда, екеуінің де делебесі қозып кетеді. Сұңғат мұңайып қалды.

— Иә, мен ауылды мүлде көрмеппін. Атамның туған жері бар екен. Ол да ғажап жер болғанын атам үнемі айтып отырады. Мұхит ауданының алыс ауылдарының бірі ғой деймін. Атам қалада оқып, осын да қалып қойған. Әкем жалғыз ұлы ғой. Ол қаладан қозғалмаған. Қазір ауылда туыстар қалды ма, сендер айтып отырған қызықтар бар ма, ештеңесін білмеймін. Шынымен, ауыл сендер айтып отырғандай, қызық болса, менің де барғым келеді — деді аптыға.

Сұңғат — профессор Ермектің жалғыз немересі. Атасы Ермек ауылда туып, мектепті ауылда бітіргенімен, институт

# ҚҰРАЛАЙДЫҢ

бітіргеннен бері қалада тұрады. Институтты үздік бітіріп, қаланың қызына үйленген. Бұрын ауылға ат ізін салып тұратын-ды. Кейін мүлде бармай кетті. Себебі — Сұңғатқа құпия.

— Шіркін, менің де ауылым болса ғой...

\*\*\*

Сүріне-қабына үйге кірген Сұңғат:

— Әке, әке деймін! Осы біздің ауылымыз бар ма? Мейір мен Бекарыс каникулда ауылдарына кетеді. Ауладағы балалардың біразының ауылы бар. Барлығы кетеді. Жаз бойы мен жалғыз қаламын. Ауылымыз бар болса, мен де барайыншы! Ауылға барғым келеді, — деді аптыға.

Теледидардан жаналық көріп отырған әкесі Талғат ләм деп жауап қатпады. Ауыр күрсініп, ол да ауылды ойлап кетті. Бекарыс пен Мейірдей кезінде бұл да ауылға барушы еді. Ол кезде әкесінің туған ауылымен қарым-қатынасы тығыз болатын-ды. Еңбек демалысына шыққанда, мұны ертіп ауылға барады. Бір ай ауылда қымыз ішіп, бағылан қозының етіне тойып, туысқандардың баласымен ойнап, арқа-жарқа болып қайтатын еді. Неге екенін Сұңғат тұрмақ, өзі де білмейді, кейінгі жылдары профессор әкесі ауылға емес, шипажайға тартып отыратын болып алған.

— Түү, әке, ауылымыз бар ма біздің? Бар болса, барайық та!..

Сұңғаттың даусы ойын бөліп жіберді. Жұмыстан шаршап келген отағасының мазасын алған ұлын жақтырмаған анасы Сәуле:

— Сұңғатик, не болды саған? Ауылы несі? Сен түгілі, әкеңнің ауылға бармағанына қырық жыл өткен шығар. Қи сасып, малдың шаңына көмілген ауылда не бар дейсің?! Сен интернеті жоқ ауылда бір күн де өмір сүре алмайсың? Жуын, тамақ ішеміз, — деп, алып-ұшқан баласын тыйып тастады.

Келіншегінің бұл сөзін Сұңғаттың әкесі жақтырмай қалған.

Ауыл! Ауыл! Қайран ауыл! Дегенмен зиялының баласы ғой. Ауыл жайлы ойлағанда жаны тебіреніп, жүрегін әлдебір сағыныштың сазы тербей жөнеледі. Марқұм әжесінің қымызы балдай еді ғой. Құрт-ірімшігін айтсаңшы! Бауырсағы ше! Жаңа піскен ыстық бауырсаққа жағып жеген сары майдың дәмі келді таңдайына. Әр каникулға барған сайын, атасы марқұм бұған тай үйретіп қоюшы еді ғой. Тақымы тершіп қоя берді. Талдысайдың мөп-мөлдір суына шомылған күндер қайда? Қармақты салған бетте қабатын ашқарақ майтабанын айтсаңшы! Каникул кездерінде барғаны болмаса, Талғат та қалада туып, қалада өскен. Бірақ ауылдың

киесін ұғынып, қадірін білетін еді.  
Сонау тоқсаныншы жылдардың дүр-белеңінде уақыт жел уығын қиратып, шаңырағын ортасына түсірді ғой. Ауылға барыс-келіс тоқтаған содан бері. Қап-қап болып келетін соғым да келмейді. Атасы мен әжесі дүниеден өткелі құрт-ірімшік, сүр қазы толып жететін сәлемдеменің де жолы тұйықталды. Ауыл қаңырап қалған. Көнекөздер Талдысайдың жағасындағы қорымға, жастары қалаға көшкен. Осының бәрін асфальтта өскен шолжаң ұлына қалай түсіндірсін енді?!

Тұңғиық ойы тұйыққа тірелді ме, әлде ауылға деген сағыныш санасын сансыратып жіберді ме, келіншегі Сәуленің ауыл жайлы таяз ойы жанын жүдетіп жіберді ме, әйтеуір, Талғаттың көңіл күйі түсіп кетті. Теледидарды да өшіріп тастап, Сұңғатқа:  
— Жарайды, балам, жуын, тамағынды

бозбала шағы осында өтті. Мектеп бітіріп, арман жетегінде қалаға кеткенше, дүниенің бар қызығы осы ауылда ұя салғандай көрінетін. Асқақ рухтың берік бекінісі де осы ауылдың іргесінен басталатындай болушы еді. Сұрапыл соғыс жылдарындағы бейнетті күндерді ауыл халқының бекем бірлігі мен ырысты ымырасы жеңіп шыққан. Боздағынан айырылып, «Қара қағаз» келген үйге өзі құралпы жас балалар әке-шешелерінің айтуымен қолғабыс етіп, колхоздың жұмысына да ерте араласты. Қайран, ауылдың аттылы кісі көрінбейтін шабындығының өзі берекенің басы, ырыстың ордасы екен ғой... Сол шабындықты қол шалғымен жусатып, бригадир бекіткен күндік норманы асыра орындағанда, жауды жеңгендей мағұрланатын күндер қайда? Бәрі сағымдай бұлдырап, жүректі сыздатар сағынышқа айналды. Осынша терең тарихты ауылдың

соғыс жылдарындағы бейнетті күннің бедері, ашқұрсақ күндер, майдан даласынан үй аралап келіп жатқан қара қағаздың қасіреті, ананың зары, жесірдің жоқтауы, соғыс жетімдерінің жәудіреген жанары... Бәрі-бәрі ойына шырмалып, ет жүрегін жаншып келеді. Қазір баратын алтын бесік ауылының әр бұтасы мен әрбір қиыршық тасына дейін сол бір сұрықсыз күндердің суретін көз алдында көлбендетеді-ау...

Колхоз, колхоздан — совхоз құрылып, мектеп бітірген соң бір жыл өзі жылқы баққан сайын дала... Мұздыбұлақтың қырат етегіне жайыла аққан аңғарындағы көк шалғын... Жаңа туған құлындар осы аңғарда қос тәулік жайылса, қарақұлақтанып шыға келуші еді. Бұл төңіректе құнарсыз жер жоқ еді. Енді неге қаңырап қалды? Ымырасы жарасқан, бірлігі бекем ел еді, неге үдере көшті екен? Анау қырдағы қорымға барып аруақтарға дұға оқитын ешкім қалмады-ау... Дұға қылмақ былай тұрсын, өтіп бара жатып бет сипайтын жолаушы өтпегелі қанша уақыт болды екен?

Ермек ақсақал түбі жоқ тұңғиық ой толқынын малтып келе жатқанда, көлік асфальттан бұрылып, ескі жайдақ жолға түскенін де аңғармай қалыпты. Ауылға жақындап келеді. Ерекенің жүрегі атқақтап, бұрын-соңды мүлде басынан кешпеген құпия күйдің құшағына еніп барады. Бәлкім, елге деген сағыныш шығар.

...Талғаттың ойын оқыған адам таң қалар еді. Осы сапарға уәде бергеніне өкініп келеді. Әкесі де соңғы жылдары ауыл жайлы жиі айтып, апарып келуін қиылып өтінсе де, уақыт таппаған. Оған баласы қосылды. Каникул кездерінде ғана келгендікі ме, ауыл жайлы бұл көп ойламайтын. Иә, ара-тұра сағынып кететіні бар. Бірақ ойынан тез шығып кетеді.

Өткеннен бері жоспарлап жүрген талай жұмысы бар еді. Соның барлығын ысырып қойып, кейінге қалдырғаны әжептәуір шығын әкелетін шаруаларын да амалсыз тежеп, жақында ғана салоннан алған көлікті шандақ жол, тастақ грейдермен қинап келе жатысы — мынау. Бекер келістім дегені шығар, рульді сығымдай ұстап, басын шайқап қояды.

...Сұңғаттың бала қиялы тым шарықтап кеткен. Ол атамекенінде ат басын тіреп, ас-су ауыз тиетін ешкім қалмағанын білмейді. Өз ойынша барған үйінде ат болса, асық ойнайтын өзі құралпы бала болса... Атқа мініп, асық ойнап, фотоға түссе... Қалаға келген соң «Міне, бізде де ауыл бар! Мен барып, тайға міндім, асық ойнадым!» — деп, Бекарыс пен Мейірге мақтанар еді. Осыны ойлаған кезде бала көңілі алып-ұшып, көліктің жылдамдық өлшеуіш приборына бір, әкесіне бір қарап қояды. «Неге қаттырақ жүрмейсіз?» дегісі келеді. Бірақ ауылға апаруға бірден келісіп, атасы екеуін шексіз қуанышқа бөлегені үшін әкеге ескерту жасауды артық санайды.

Осылайша, үш ұрпақтың өкілі өздеріне тән үш әлемде ой өріп, қиял өрбітіп келе жатқанда, көлік ойпаңдағы ауылды алақандағыдай көрсететін қайқанға шыға келген. Ата мен әкеге таныс жұрт, мәлім мекен болғанымен, Сұңғатқа бейтаныс әлем.

— Міне, біздің ауыл. Мына атаңның кіндік қаны тамып, балалық дәурен, бозбала шағы өткен алтын бесігі — осы, шырағым. Қайран, ата жұртың! Алтын сандық, асыл қазынам! Сенің ойраныңды шығарып, орданды талқандаған озбырлықты кім ойлап тапты екен?! — деген Ермек қарияның даусына діріл араласып, үні құмығып әрең шықты.

Алдыңғы екі орындықтың ортасынан жолға телміре қарап отырған Сұңғат:

— Қане, қане? Біздің ауыл осы ма? — деп, ұшып кете жаздады. Бірақ көзіне шоқ талдар мен қалқайған қабырғалардан басқа ештеңе шалына қоймаған соң, атасына болмашы үмітпен қарап: — Ата, бұл ауыл біздікі ме? Үйлері қайда кеткен? Ешкім тұрмайтын ауыл бола ма? — деп, өзі де ерекше толқып келе жатқан байғұс

қарияға сұрақты қарша боратты.

— Иә, құлыным, біздің ауыл — осы. Атаңның ежелгі қоныс, ескі жұрты — бұл. Дәл осындай күй кешеді деп ел де ойлаған жоқ, мен де ойламағанмын. Бабамның мал өргізіп, ұрпақ өрбіткен қасиетті мекені еді. Кешегі Кеңес дәуірінде де дүркіреп, төрт құбыласында төрт түлігі мыңғырған, еңісінде егісі жайқалып өрісінде өлең шөбі сарғайып көрмегені құнарлы далам құлазып қалады деп ойлады па?! Жонын жау баспаған, ел ішін дау баспаған қасиетті қара шаңырағым-ай! Қаңырап қалды-ау... Кешегі базарлы елді мазарлы белге айналдырып, сол аруақтарға қол жайып, бет сипайтын ешкімді қалдырмаған қандай зауал екен? Анау Бұйратаудан бастау алатын Мұздыбұлақпен Тұздыбұлақтың көусары осынау киелі өңірден көшкен елдің көз жасындай көлкіп жатқан шығар...

Алғашында немересінің сұрағына жауап ретінде басталған Ермек ақсақалдың сөзі, осылайша, жан тебіренісіне айналып кетті. Жол бойы ішіне тұнған шер-шемен болып ақтарылып сала берді. Талғат көлікті жермен жексен болған ауылдың жұртына қаңтарды. Көліктен түскен үшеудің көңіл күйі дәл бүгінгі күн райындай бұзылып, қабақтары аспанды торлаған қара бұлттай түнеріп кеткен.

— Міне, мынау — біздің үйдің орны. Алғашында жал пешпен бөлінген қоржын үй болатын. Кейін әкей марқұм тағы екі бөлме қосып, кеңітіп алған. Іргетасы да жерге сіңіп, құм басқан екен. Мына жерде ошақ болатын. Анам байғұс күннің аптап ыстығында нан жауып, мейманға қазан көтеріп жатушы еді, — деген кезде Ерекенің жанарына жас тұнды. Көңілі босап кеткенін баласы мен немересіне көрсеткісі келмесе керек, аяндаған күйі қалың қараған-шілік өскен сайды бетке алды. Бұл жай ғана сай емес, ауыл іргесінен күркіреп ағып жататын Талдысай өзенінің аңғары еді. Әкесі ұзап кеткенде, Талғаттың даусы шықты:

— Балам, осынша құмартып келген ауылың — осы. Қираған үйдің орынан басқа не көрдің, ал? Бар жұмысымнан қалдырып, алтын уақытты зая қылып келгенде, достарына не көрдім деп барасың?

Атасы тебірене толқып жүр, ал әкесі мұны табалап тұр. Бір әулеттегі үш ұрпақтың арасы аз ғана уақытта қалай алшақтап кеткен? Жасы алғашқы мүшелден енді асқан ерке Сұңғаттың ойына мынадай естияр ой алғаш рет келіп, өз-өзіне тұңғыш рет осындай есті сұрақ қойып тұр, әлде мына ескі жұрттың киесі есейтіп жіберді ме екен?

\*\*\*

...Қайтар жолда ескі қорымға барып, ата-бабаларының рухына Құран бағыштады. Атасы жаттатқан жеті атасының үшеуі осы қорымда жатыр екен. одан арғы аталарының мәңгілік мекені туралы мәліметті сұрауға жүрегі дауаламады.

Тізерлеп отырып, Құлһу-Алланың үш қайырған атасы орынан ауыр қозғалып, төңірекке құмарлана көз тастады. Ызғырық жел өнменіннен өтеді. Бойының мұздағанын енді аңғарған Ермек карт Талғатқа бұрылып:

— Бүгін нешесі? — деді.

— Он тоғызыншы мамыр, әке.

— Е-е-е, құралайдың салқыны бас-талған екен ғой. Бәсе...

...Қалаға келген бетте Ерекенің мұрттай ұшты. Қан қысымы да, қызуы да көтеріліп, үй іші әбігер бола қалды. Құралайдың салқыны тиді-ау.

Ауылдан, ауылдан емес-ау, жолдан көңілісіз оралған Сұңғат аулаға шыққан. Достары көрінбейді. Олар да құралайдың салқынынан сақтанып жатыр-ау, шамасы. Есік алдына дабылы жүрек шымырлататын «Жедел жәрдем» көлігі келіп тоқтады. Атасын алып кетеді қазір, бірақ бұл көлік атасын ауылға емес, ауруханаға апарды.

Құралайдың салқыны өткір екен. Басылар емес...

# САЛҚЫНЫ



(Әңгіме)

іш. Атаң келсін, бір сенбі-жексенбіде барып қайтамыз ауылға. Сонда түсінерсің әкенің атамекенінің жағдайын, — деді де, жатын бөлмеге беттеді.

Содан бері Сұңғатта дегбір қалмаған. Шешесіне:

— Атам мен әжем қашан келеді? — деген сұрақты жиі қоятын болады.

...Артынып-тартынып, атасы мен әжесі де келді. Өткендегі әкесіне қойып-қойып, мардымды жауап ала алмаған сұрақтарын атасына жаудырды.

Ауыл туралы әңгіме қозғалса, бұл үйдегілердің көңілі неге бұзылады? Әлде Мейір мен Бекарыстың ауылындай емес, бұлардың ауылы қызықтан жүрдай, қасиет-киеден ада ма? Ұзақ ойға шомып, үнсіз қалған атасы Ермек әлден уақыттан кейін:

— Жаксы, құлыным! Әкең апарып келемін десе, барып қайтайық. Әке-шешемнің басына дұға оқып, қайран туған жерімнің иесіз қалған тау-тасымен, орман-тоғай, өзен-бұлағымен сырласып қайтайын, — деді. Өзі диванға шалқасынан жатып, тұңғиық ойдың жетегіне ерді.

Мұхит дүркіреп тұрған аудан еді ғой. Ал өзінің туған ауылы ақтылы қой өргізіп, халқы еңбек ету мен адал пейілден айнымаған киелі мекен болған деп қалай айтасын бүгін?! Соңғы барғанында бөлімше тұрмақ, ауыл орталығында екі-үш үй ғана қалған еді. Қалқайған қабырғалар мен жерге сіңіп бара жатқан іргетастың орнын «Мынау — менің ауылым» деп кімге көрсетіп, кімге мақтанбақсың?!

Қызығы кемшін болды демесен, балалық балдәурені, түбіт мұрты тебіндеген

түтінін иіскеп көрмеген мына немересіне қалай шертпек? Қанша жерден әсерлі әңгімелеп, иландыра айтқанымен, мына Сұңғат атаның әңгімесін ертегі деп ойлайды ғой...

Жұма күні жұмыстан ертерек келген Талғат әкесі мен баласына:

— Ертең ертелетіп жолға шығайық. Сұңғатқа берген уәдемді орындап, ауылға апарып келейін, — деді. Сұңғаттың қуаңғанын көрсеңіз... Аспанға секіріп, сол ауылда мәңгіге тұрақтап қалатындай шаттанып жүр.

Ермек қария мұнайып отыр. Осы Талғатқа: «Ауыл жаққа барып келейік. Әкем мен шешемнің басына барып, дұға жасамағалы қанша жыл өтті» деп, құдайдың зарын қылғанда, әке ыңғайына бір көнбеп еді. Үнемі «уақыты жоқ», жұмыстан босай алмайды. Енді өз баласының өтінішіне уағда қылып, бір сөзін екі етпесін қарасаншы... «Мына заман не болып барады, антүрған?!» деп күбір ете қалды да, орнынан тұрып, кемпірін іздеді.

\*\*\*

Бұлар жолға шыққанда ауа райының бұзылар ыңғайы байқала қоймаған. Көктемнің күні құбылмалы келеді емес пе?! Оның үстіне, таңғы мезгілдегі ызғар ыдырайтын шығар деп те ойлаған. Олай болатын түрі жоқ. Көктегі бұлт қоюланып, жел күшейе бастаған сынайлы.

Қаладан солтүстік-батысты бетке алып, оқша зулаған көліктің ішіндегі үш ұрпақтың өкілі әрқайсысы өз ойларымен әлек болып келеді.

Атаның ойы — тым тереңде. Сұрапыл



Нұрлан ҚАЛҚА

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.  
АБАЙ

## АБАЙҒА ЖҮГІНУ

Мен білемпін алданып қаларымды,  
Бір кейістік жауларын қабағымды.  
Өзім ғана арқалап кетсем деймін,  
Жүректерге түсірмей нала-мұңды.

Мен білемпін аяқтан шалар мыңды,  
Күліп тұрып кей досың тағар мінді.  
«Кең болсаң, кем болмайсың» дейтін анам,  
Айтып қайтсем аздан соң тарар мұңды.

Мен білемпін көңілдің алалығын,  
(Аңқаулығым, әлде бұл адалдығым).  
Кім кінәлі: тағдыр ма, адамдар ма?  
Көрсетті ғой дүние жалғандығын.

Мен білемпін пенденің көп қылығын,  
Тасадан-ақ тастарын дөп құрығын.  
Сенгіш көңіл секемшіл күйге түскен,  
Үзе жаздап сенген жан дәп жұлынын.

Ойлаптын ба, Абайға жүгінем деп,  
Жауһар жырлар жатыр-ау бүгін емдеп.  
Ақыл – досым, сенгенім – адал еңбек,  
Налымаймын арқалар жүгім көп деп,  
Қайта-қайта Абайға жүгінем кеп.

## БОЗҚАРАҒАН

Бозқараған...  
Көрдің бе бозқараған?  
Сирень иісі аңқиды боз даладан...  
МҰҚАҒАЛИ

Аппақ гүлі ғажап қой көз қарыған,  
Жұпар иісі бойыма тез дарыған.  
Қалай ғана байқамай келдім екен,  
Сондай нәзік болар ма бозқараған?!

Әдемілік көрмей кеп көптен бері,  
Тар қапаста талай күн өткен еді.  
Сезім шіркін, бүр жарып жанарымда,  
Жапырағы жанымның көктей берді.

Сала берді дүние арайланып,  
Бара жатты жастықтан бас айналып.  
Жібіп кетті бірдемде қайран көңіл,  
Бүріп тұрған індеттен тас байланып.

Айналам да ақ нұрға оранғандай,  
Қайран жастық бір сәтке орағандай!  
...Жерден алып ақ гүлді бетім бастым,  
Сүйгенім сыйға тартқан орамалдай...

Бордай болған жүректі боздаттың-ау,  
Сағыныштың гүл-шоғын қоздаттың-ау!  
Қалғып кеткен хас ару – махаббатты,  
Әй, жарайсың, ақыры қозғалттың-ау!..

Бозқараған гүлдепті!  
Бозқараған!  
Сонау жерден жалт етіп көз қарыған.  
...Бозғылт түске шашымыз боялғанмен,  
Аумай қаптық баяғы бозбаладан.

## ЖАНЫМНЫҢ ЖАЛАУЫ

Өлең – досым, жанымның жалауысың,  
Шарқ ұрған көңілімнің қалауысың.  
Шырқырап, жалғыздықтан жапа шексем,  
Жылытатын жүректі алауымсың.

Өлең – досым, түнімен сырласамын,  
Барып қайтам ауылға, қырды асамын.

Бала кезде ойнаған тау мен тасты,  
Аралаймын, мауқымды бір басамын.

Өлең – досым, мұң-сырым саған мәлім,  
Басқа емес, келеді саған әлім.  
Көтересің еркелеп кетсем кейде,  
Білесің ғой, айтпаймын қалған жағын.

Өлең – досым, тыңдайсың бәрін үнсіз,  
Ал басқаға келгенде жаным тілсіз.  
Аялайсың, арқамнан қағып бір сәт,  
Сен үшін мен адаммын арым мінсіз.

Сұм өмірден жалығып, жабыққанда,  
Жан дүнием сұмдық бір қамыққанда,  
Өлең – досым, тыңдайсың мұң-наламды,  
Шер тиегін көңілден ағытқанда...

# Өлең – досым, Жанымның жалауысың...

Өлең – досым, сөкпедің басқалардай,  
Сатпадың сен, кейбір ез, қасқалардай.  
...Дос көремін кейбір жан күліп тұрса,  
Сеніп қалам, тисе де тасқа маңдай...

Өлең – досым, сырласым, жан серігім,  
Сен тұрғанда серпіліп, сан сергідім.  
Айтып-айтып аламын жүрек сөзін,  
Саған ғана арналған бар сезімім.

Өлең – досым, сен барда, мен де бармын,  
Сыйлымын, азаматпын, елге нармын.  
Бүкпей бәрін айтып сап, жеңілдеймін,  
Мінезіме жібектей кейде таңмын.

Саған сеніп, сырымды ақтарамын,  
Артық кетсем, алдыңда ақталамын.  
Өлең – досым, жанымның жалауысың,  
Шаттанамын, өзіңнен бақ табамын.  
\*\*\*

Жанымның жалауысың сен өлең,  
Артыңнан қалмай еріп мен келем.  
Пендеден ығыр болсам, сен барсың,  
Тек жақсылық ойлайтының мен сенем.

Тірліктен кеткен кезде жалығып,  
Сенімен табысамын сағынып.  
Түсінетін менің жұмбақ жанымды,  
Сенсің тек, келем соны сан ұғып.

Мұңымды қайдан ұқсын айналам,  
Қабағымды бағып отыр қай адам?!  
Өзегім өртенсе да қаншама,  
Ишке сақтап, ешкімге сыр жаймағам!

Жаратқан қолдап, қорғап жүр мені,  
Содан болар көз-көңілім күлгені.  
Жапанда жаным күйіп, торықсам,  
Іздеймін өлең-досым бір сені.

Жанымның жығылмайтын Туысың,  
Сен деп білем жалғандағы туысым.  
Әркез мені аялайсың анамдай,  
Сенсіз досым, өмір мәнсіз, біл, түсін!

## СІЛКІНІС КЕРЕК САНАҒА

Сілкініс керек санаға,  
Ұмтылу үшін жаңаға.  
Бас тартып көне сұрлеуден,  
Алға бас, артқа қарама.

Сілкініс керек санаға,  
Үлкенге, кіші, балаға.  
Сергектік – аңсар биікке,  
Апарар нағыз жол жаңа.

Сілкініс керек адамға,  
Қайтесің бекер алаңдап.  
Бір сәтке қомдан қырандай,  
Барсаңшы жаңа қадамға.

Сілкініс керек санаға –  
Деп қалдың бізге, жан аға.  
Қияға сол сәт самғадым,  
Ұялап арман санама.

Сілкініс керек санаға,  
Қазаққа ол да тән, аға!  
...Жаңару керек ел үшін,  
Дамудың кілті – жаңада!

## ҚОҢЫР ТІРЛІК

Қоңыр тірлік, сәнсіз жейде сын емес,  
Қиналғанға ер жігіттің мыңқ демес.  
Көзді байлап, тура жолдан тайдырып,  
Адастырар шайтан-ойлар, жын-елес.

Қу дүние шайтан болып арбайды,  
Уайым жеп, қырау шалар самайды.  
Елімеді, есірмеді буы оның,  
Нәпсі-қармақ бір-ақ сәтті қармайды.

Қу дүние оға бермес ешкімге,  
Ойлан бүгін, ертең болар кеш мүлде.  
...Қанағатшыл жанға түбі береді,  
Жаратушым бәрін біліп, естуде!

Өтер жалған дәм таусылса бір демде,  
Не жетеді мәнін оның білгенге.  
... Жаратқаннан жан байлығын тілейік,  
Бір күн болсын жерді басып жүргенде.

Мейлі, мейлі, басыңа бақ орнасын,  
Мансап болсын, байлық болсын – ол да сын!  
... Пенделікпен адассақ та қаншама,  
Жүректегі иман гүлі солмасын.

## ҚУЛЫҚ ТАУДЫҢ ЕТЕГІНДЕ БІР ҮЙ БАР

(Баллада)

Тыңда балам, зердеңе сен түйіп ал,  
Қулық таудың етегінде бір үй бар.  
Сонда өтті балалығым, бал күнім,  
Домбырамда шертілмеген бір күй бар.

Үлкеніміз кішілерге қарасып,  
Жүретін ек қылығымыз жарасып.  
Кіші болып үлкен сөзін тыңдаймыз,  
Көрген жоқпыз салғыласып, санасып.

Алла берген үш қыз, алты баламыз,  
Жұмыс басты әкеміз бен анамыз.  
Ойын ойнап, үй де жинап кезекпен,  
Сабаққа да біз уақыт табамыз.

Отын жарып, мал қарауға шығамыз,  
Қай іс болсын тек ұмтылып тұрамыз.  
(Көрші-қолаң, туған-туыс, таныстар,  
Сұрағанға айтып берер жыр-аңыз).

Ол кездері жаңа киім мүлде қат,  
«Алып бер» деп сұрау тіпті, бізге жат.  
Ағамыздың киетінбіз костюмін,  
Болмайтұғын біздер үшін өзге бақ.

Улап-шулап жүретін ек доп қуып,  
Талай тердік Далайтының шоқ гүлін.  
Содан бәлкім, бір мен үшін біл, ұлым,  
Ауылдастың әркез биік шоқтығы.

Мұғалімге тұратынбыз беріп жол,  
«Ассалау!» деп үлкендерге беріп қол.  
Бөлмейтінбіз бастық па, жоқ, басқа ма,  
Ибалылық бала кезден серік боп.  
\*\*\*

Тыңда балам, зердеңе сен түйіп ал,  
Қулық таудың етегінде бір үй бар.  
Сонда өтті балалығым, бал күнім,  
Домбырамда шертілмеген бір күй бар.

Сол үй ыстық кездерімнен ес білген,  
Жылдар өтті, аздап қазір ескірген.  
Мәңгі-бақи шықпайтыны жадымнан,  
Әр бұрышын жүрегіме көшіргем.

Ағаларым орын тапқан төр жақтан,  
Сол баяғы анау бұрыш мен жатқан.  
Ағаш үстел сол күндердің куәсі,  
Жазу жазып таң атырғам, кеш батқан.

Сол бір үйде тоғызымыз ер жеттік,  
Оқып-тоқып, еңбек еттік, тер төктік.  
Таңдауымыз қала болып кеттік біз,  
Тағдыр жазған осы болды кем-кетік.

Сол үй ыстық көрінеді көзіме,  
Берілемін нелер қимас сезімге.  
...Қайта тусам, қалар едім сол үйде,  
Оралар ем аппақ, аңғал кезіме!..

Ақ самайлы анам отыр сол үйде,  
Ақ сақалды әкем сезем, не күйде...  
«Шаңыраққа ие болар кім бар?» деп,  
Көз ілместен атырады кей түнді.

Тыңда балам, зердеңе сен түйіп ал,  
Қулық таудың етегінде бір үй бар.  
Сонда өтті балалығым, бал күнім,  
Домбырамда шертілмеген бір күй бар.



**Арайлым  
МҰРАТӘЛИЕВА**

**Ош көктемі**  
(Қырғыз жегітіне)

Бір болмыс бар қиялымда,  
Бала күннен ғашық еткен.  
Біз кездеспей қалған болсақ,  
Бұл көктемнің несі көктем?

Кетіп едім көптен сүймей...  
Тосынсыз болған ба өмір?  
Ошқа келіп ойда-жоқта,  
Өртке оранды тоңған көңіл.

Сансыратты санам ішін,  
Сан сұрақтың аламань.  
Ой орманын аралатты,  
Ойлы көзбен қарағаны.

Шіркін, неткен отты қарас!  
Жан дүниеңді қарып өтер.  
Сүйе алмаған күндерімнің,  
Жазасындай ауыр екен.

Оның айтқан әрбір сөзі,  
«Манас» болып естілгендей.  
Қарап тұрмын Жүрегіммен,  
Мен көргенді ешкім көрмей.

Тұрып алды көз алдымда,  
Сұңғақ бойлы сырбаз жегіт.  
Ғаламыма Күн орнатып,  
Қаламыма жыр жаздырып.

Қаламыма жыр жаздырған,  
Маңдай бағы бес елі екен.  
Ал өзі ше, мені көрсе,  
Қандай күйді кешеді екен?

Айып етпес, үш күн бойы,  
Жан жүрегі жүрсе езіліп.  
Парасаты паң \*Памирдің,  
Биігіндей тұр сезіліп.

Көркемдігі мінезінің,  
\*Кара-Койдай ғажап екен!  
Сол ғажапты күнде көрмеу —  
Арулардың азабы екен.

Тұлғасына болдым ынтық,  
Сол жегіттің Ошта туған.  
Қолымыздан басқа бірақ,  
Не келеді қоштасудан?

Хат жазысып тұрар, бәлкім,  
Сағыныштан сарғайғанша.  
Арман шіркін азаяр ма,  
Болашақ жар сондай болса!

Алматыға кетіп барам,  
Біз жолыққан күн ескіріп.  
Жүрегімің түкпірінен,  
«Бегімайдың жыры» естіліп...  
Арайлымның үні естіліп...

\*Памир — Орта Азияның ең биік тау жүйелерінің бірі.  
\*Кара-Кой — Қырғызстанның Ош облысындағы жайлау.

**ЖАҢБЫРЛЫ КЕШ**

Сәттерге оралуға кешегі өткен,  
Арада өтеді енді неше көктем?  
Жаңбырда сені ойлады, аяулы адам,  
Ғаламның бір бұрышын мекен еткен.

Демеймін қолым жетпес шалғайдасың,  
Мендегі тағдырдасың, маңдайдасың.  
Сен иісін ұнатқан гүл болайын,  
Кеудеңдегі көктемнің сарғаймасын.

Уақытым іңкәрлікпен өтсін өстіп,  
Сырымды қоймасын тек ешкім естіп.  
Мен — жаңа атқан таң едім,  
Сен — сағатсың,  
Көрсетіп тұрған тілі кешкі бесті.

Тағдырдың күлкілі емес неге әзілі?  
Сен жайлы ойлар болды жан азығы.  
Кешіккен көктем үшін шым-шым еткен  
Жүрегіңнің бар еді не жазығы?

Сендегі тазалыққа іңкәр еткен,  
Өмірді ойлады ба тұмса деп мен?  
Көбелек қанатындай хаттарыңның,  
Самалы дидарымды жұмсақ өпкен...

Жолортада кездестік сәл кешігіп...  
Бойтұмарым секілді болды есімің.  
Ешкім жүре алмаған жолым үшін,  
Ешкімнен сұрамаймын мен кешірім!

Өмірге биігінен қарап тұрмын,  
Анам соғып қалдырған мұнараның.

Күз — әрбір жапырағын гүлге теңеуге бо-  
латын екінші көктем.

Альбер Камю  
Сары күз, сүймеуші едім сізді бұрын,  
Жапыраққа ұқсатқан қыз ғұмырын... \*  
Жапыраққа ұқсатқан адам жанын...  
Не тылсым табыстырды бізді бүгін?

Бүгін маған ұнайсыз, данышпан күз,  
Алдыңызда — сүюден мән ұққан қыз.  
Есіңізде бар ма екен, екеуіміз  
Менің бала күнімде танысқанбыз.

Содан бері сыр аштық біз әлемге:  
Мен ақынға айналдым, сіз — өлеңге.  
Қалам деген жақсы ғой, сиясымен  
Қателігін өмірдің түзегенге.

Ақындарсыз түн бе екен қараңғы түн?  
Ақылдан адасқам жоқ, санам бүтін.  
Ай нұры сығалап тұр тереземнен,  
Арымды тергегендей боп алды тым.

Жауабы жоқ сұрақтар жанымды жеп,  
Жылатып ала берді әнін жүрек.  
Тыныштығым жоғалған сәттерімде,  
Тек сіз ғана сұрайсыз халімді кеп.

Тұрлауы жоқ тірліктен жоқ аларым,  
Белгісіз қайда барып оңаларым.  
Хатыңызға өртеніп кетердеймін,  
Отыңызға өртенсем не боларын...

**АҚЫН ҚҰРБЫҒА**  
(Экспромт)

Өзіңді жүр ме екенсің таппай әлі?  
Келешексіз сүюдің жоқ баяны...

# КҮЗ ДЕ КЕЛДІ ШЫҚПАЙТЫН ЖҮЗ КҮН ОЙДАН



Өзіңді салып еске мына жаңбыр,  
Ғаламды тазартқандай күнәдан бір.  
Бәлкім, ол сен шығарсың өзімді аңсап,  
Аспанның көңілінен құлаған жыр.

**UNFATHERED**  
(экспромт)

Мен әкемді көрмедім... көрінбеді,  
Көрінбейтін Жүректің төрінде еді.  
Содан болар, мен оны іздемедім,  
Іздегенін сезбедім оның мені...

Бәлкім, көрген шығармын, жоқ есімде,  
Есіме сақтамаптын елесін де.  
Менімен жасырынбақ ойнаймын деп,  
Тығылды ма анамның өңешінде?!

Тығылып қалды ма оның өткеніне?  
Жан тербеген аяулы сәттеріне?  
Бүгінде анам да жоқ... табылды олар  
Өлеңнен... тамып түскен дәптеріме.

Содан бері хат жазу болды ермегім,  
Сол хаттар жүрегіме салды өрнегін.  
Ешкім жауап бермеді, мен де ешкіммен,  
Жасырынбақ ойнауды жөн көрмедім.

Орныма қанша көктем төкті жасын?  
Қанша әке қай жартасқа соқты басын?  
Бәрі жақсы болады-ау, бәрі жақсы,  
Кешіре алсақ тағдырдың көп күнәсін.

Айтып еді жан анам бірде сырын:  
Мен — өмірдің ғажайып жұлдісімін!  
Мен — Ұлы махаббаттың жемісімін!  
Содан болар тербетсем жыр бесігін...

**ӘКЕМ ЖАЙЛЫ**

Санама анам соққан мұнараны,  
Қиратпадым... өзі де құламады.  
Маған ауыр тиеді, менің емес,  
Әкесі бар қыздардың жылағаны.

Мен әкемді көрмедім... жыламадым...  
Тұрағы жүрегімде шығар оның,  
Жұмағы жүрегімде шығар оның.

Тағдыр дейміз, қаша алған кім бар одан?  
(Тағдырын да түзейді шын қалаған).  
Жалығамын жаттанды мысалдардан,  
Айта ала ма өз ойын діндар ағам?

Еркіндігін аңсай ма діндар әпкем?  
Ғұмырлар-ай ертегі тыңдап өткен...  
Мен Тәңірді сүйемін ақындарша,  
Оны есепсіз сүйетін кім бар, әттең?

Неткен сұлу едіңіз, сары көктем,  
Неткен сырлы едіңіз, кәрі көктем?..  
Мен көргенді көре ме қала шамы,  
Жүріп өткен жолымды жарық еткен.

Күз дейтін атыңыз бар ел білетін,  
Жапырақ хатыңыз бар жел білетін.  
Сол хаттан жаны аяуды ғашықтардың,  
Іштегі алаулаған көрдім отын.

Жырға сенген сезімдер тұнық қандай!  
Көңіл қылы тербеген үміт қандай!  
Сары күз, сізге ұқсатам сол адамды,  
Жан дүниемді нұрымен жылытқандай.

Жалын отпен жанымды қарып өткен,  
Маған сондай ұнайсыз, Сары көктем!..

\*Әлі үзілмей тұрған, қыз жанын алып  
қалған сол жапырақ еді...  
(О'Генри, «Соңғы жапырақ» новелласынан)

**БӨЛМЕДЕ**

Бұл — менің жатын бөлме,  
Көзімнің ел көрмеген жасын көрген...  
Сіз жолдаған сағыныш хатын көрген...

Бұл бөлмеде мен бармын, сосын өлең,  
Жазылатын жүректің жасыменен.  
Екеуіміз де — аңғалмыз, баладаймыз,  
Махаббатқа сенеміз расыменен.

Мекен еткен бөлмемнің бір бұрышын,  
Жалғыздық та бар мұнда...  
жүр кім үшін?

Момақан көрінгенмен, ұйқымды ұрлап,  
Басып тұрар секілді түнді мысы.

Жаныңды күйдіреді әлі күнге,  
Он сезізде тұтанған от баяғы.

Білдің бе көкірегіңе шер тұнарын?  
Жан екенсің, құрбыжан, дерті қалың.  
Сөндіріп алмайын деп сол бір отты,  
Жұбатарға сөз таппай мен тұрамын.

Ол бірақ сөнбейтін от оңайлықпен!  
Сегіз жыл... Сезім. Үміт.  
Жолайрық. Сен.  
Жылайтын да шығарсың өзіңді аяп,  
Тоғыспайтын тағдырды талай күткен.

Жұбатар ем мен сені шамам келсе,  
Түсінбейді жанымды қоғам менше!  
Құсалықтан күл болып кетер ме екем,  
Сендегі махаббатты маған берсе...

Жаныңның пәктігін-ай балапандай,  
Сен соны қорғай алсаң жара салмай...  
Жігіттің сұлтанына ғашық болған,  
Талғамың биік қандай Алатаудай!

Сен айтқан сырдан болдым наз ұққандай,  
Сол бір наз көңілімді қажытқандай.  
«Сүюге жаралған жан» дейсің оны,  
Қыздардың махаббаты нәзік қандай!

Сүйгеннің ерек болар есімі елден,  
Батыл жетпес санаңнан өшірерге.  
Үнсіз ғана сүйесің, ал махаббат,  
Сендегі үнсіздікті кешірер ме?

\*\*\*

Сары түстің ғажап екенін,  
Күзге қарап ұғындым.  
Сыр сақтаудың азап екенін,  
Сізге қарап ұғындым.

Адаспаудың қиын екенін,  
Жол ұқтырды бұралаң.  
Қоштасудың күйік екенін,  
Көз ұқтырды жылаған.

Жалғыздықтың көркем екенін,  
Жан ұқтырды сөз берген.  
Тәтті сөздің ертегі екенін,  
Дәмі ұқтырды өзгерген.

Кінәлісіз... Бәрін білесіз,  
Білгеніңіз ұнайды.  
Мен бар жерде жанып жүресіз,  
Ар отына сыңайлы...

Сізді осылай ақтап аламын,  
Мен де өзімше Тәңірмін.  
Тұрғынысыз басқа қаланың,  
Бір мұңысыз көңілдің.

Жырақ жүріп боламын мен де,  
Халіңізге жиі алаң.  
Жаныңызға барамын деуге,  
Жарыңыздан ұялам.

Сары түстің ғажап екенін,  
Күзге қарап ұғындым.  
Сыр сақтаудың азап екенін,  
Сізге қарап ұғындым...



## Амангелді КЕҢШІЛІҚҰЛЫ

Ұлы ақындар жайлы жазу әрі жеңіл, әрі қиын. Жеңіл болатын себебі тағылымы мол тамаша туындылары мен өмірін зерттесең, әңгімеге тамызық болатын тақырып көп. Ой азабының қоңыр айдынын кешкен кеменгердің кітаптарын оқып шығып, қазына аралына сапар шеккендей әсер алып, мол байлықты олжалап қайтқан адамға, ақын рухымен сырласу да оңай. Тек, шайырдың шығармашылық әлемі мен жан сарайының кілтін тауып, артында қалған асыл мұрасына зейін қойып үңіліп, ыстық ықыласпен «жүрегінің түбіне терең бойласаңыз», ол ағынан ақтарылып, барлық сырын сізден жасырмай, адал серігіңізге айналып сала береді.

Қиын дейтін себебіміз шайырдың шығармашылық әлемі мен пешенесіне жазылған тағдырына үңілгенде белгілі бір мезгілге мына бес күндік жалғанның қызығын ұмытып, өмір сүрген дәуірінің ауасымен тыныстап, заманының ызғарын бойыңыздан өткізіп, рухы сыналған ой сиратының үстінен жүруге тура келеді. Міне, сонда ақындық ғұмырдың Тәңірдің шеккізген мехнаты мен шерменде қылған қасіреті екеніне көзін жетіп, адамдық мұрат үшін күрескен жыр алыбының өмірін шарпыған қайғының жалынында өз жаныңның да өртеніп кете жаздайтын кездері бар.

«Қайғы-қасірет пен азапты ізденісте ғана нағыз өнер туады» деген екен әулие Толстой. Ойлы адамға бұл жалғанда еш қызықтың жоқ екенін ұлы Абай да көкірегі қарс айырыла жаздап айтқан. Сұм өмірдің саналыға абакты екенін данышпан Мағжан да жүрегі жараланып жазып кеткен. Егер білсеңіз, айтыңызшы, ақындық тағдырды таңдағандардың айдарынан жел есіп, басына бақыт құсы қонып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманы болып па еді, мына жалғанда. Қасірет шеге білген кеменгерлердің арқасында ғана дүние бір орнында тұрып қалмай алға жылжып, ол «мына фәнидегі адами құндылықтардың төлемі болып» (Тагор) келеді емес пе?.. Ұлы ақындар жөнінде әңгіме айтудың тағы бір қиыншылығы, олар суреткер немесе ой байлығының кенін қазған даналар ғана емес, халықтың бойындағы қуатын суарып, жанын жігерлендіріп, сезімін тәрбиелеп келе жатқан рухтың ұлы көрінісі де. Ал рух туралы жазу барлық уақытта да қиын. Рухты тану үшін бүкіл болмыс-бітіммен оған беріліп, сезім

ұстарасына жүрегің жараланып, Ницше айтқандай, ол дүниені қаныңмен жазуың керек! Қаныңмен! Жазып қана қоймай, қиялыңмен Рух патшалығын шарлап, бірнеше айлар бойы сол әлемде өмір сүрмек ләзім. Рухты тану үшін «инемен құдық қазғандай» ізденіс пен шалқар білім ғана емес, бейкүнә сәбидің көз жасындай тазалық пен парасаттың байлығы болуы тиіс, бойыңызда. Аллаға шын берілген тақуаның көңіліндей адалдық керек жүрекке. Басқаша жағдайда сенің рухты тануың жалған таным, жартыкеш таным болып қала бермек.

Дүниеден озғанына отыз жылдан астам уақыт өтіп, ұлылығын барша қазақ мойындаған Жүмекеннің рухани мұрасының лайықты бағасын бере алмай жүргеніміздің себебін, мен ылғи да осы шындықтың төңірегінен іздеп келемін. Дегенмен, әдебиетіміздегі орны үңірейіп тұрған кемшілігіміз үшін, жеріне жеткізіп айта алмаған замандастарын да, «Жүмекентануға» тереңдей алмаған сыншыларымызды да кінәлаудан аулақпын. Жүмекендей адамзаттық ойдың асқарына көтерілген рухтың құбылысын тану үшін, бірнеше буын алмасып, қоғам жаңарып, өмірге азат ойлы ұрпақ келуі үшін әлі де біраз уақыт керек. Жүмекен дәуірі басталатын жылдардың жақындап келе жатқанын жүрегіміз сезеді. Құдайдың сөзі жазылған діни кітаптарда айтылғандай, түнекте жарқырап тұрған сәулені қараңғылық жасыра алмайды.

Ұлттық әдебиетіміздің мақтанышына айналған Жүмекен Нәжімеденов жайында осы күнге дейін біраз дүние жазылды. Олардың ішінде шығармашылық әлемін шын ықыласпен зерттеген еңбектер де, адамгершілік болмыс-бітімін әңгімеге арқау ете отырып ақындық табиғатын ашуға тырысқан әсерлі естеліктер мен жыр тұлпарының рухына бағышталған жақсы жырлар да бар. Әсіресе ақын дүниеден өте салысымен, алғашқылардың бірі болып қолына қалам алып, соңынан ерген ізбасарын жоқтап, асыл мұрасының бағасын беруге шақырып, дабыл қаққан жыр сүлейі Ғафу Қайырбековтің жазған дүниесінің әдебиеттанудағы алатын орны ерекше. Біреуді асыра мақтауға жаны қас Ғафкең сол жолы шешіліп сөйлеп, кеңінен көсіліп Жүмекен талантының алдында басын иіп, ұлы қазынамыздың бағасын беру баршамыздың борышымыз екенін шегелеп тұрып ескертті. Токсаныншы жылдардың басында «Жалын» журналында жарық көрген, тақырыбының өзі айғайлап тұрған (Ұлы ақын еді Жүмекен), мақаладан гөрі Ғафкеңнің жан айқайы іспеттес, кейінгі ұрпаққа қаратып айтқан аманаты талайға ой салғанда, жүрегіміз елжіреп, қатты қуанғанбыз.

«Жүмекен Нәжімеденовтің мағынасы жағынан аса бай мұрасы қазақ поэзиясының қазынасына айналып үлгерді, оны соншалық жан-жақты зерттеп, бар ажар-көркімен аздырмай-тоздырмай ұрпаққа жеткізіп отыру — бәріміздің борышымыз! Ол творчество қазақ поэзиясының қазіргі жеткен нысанасы ғана емес, еш уақытта тозу білмейтін, мәңгілік қазынасы» (Ғафу Қайырбеков. «Ұлы ақын еді Жүмекен»). «Жалын» журналы, 1990 жыл, № 6).

Оқырманға ой салған көлемді дүниенің соңындағы Ғафу Қайырбековтің үзенгілес інісін сағынып,

ақындық табиғатын соншалықты дәл, соншалықты шынайы жеткізіп, қолмен ескерткіш орнатқандай етіп суреттеп, көркем тілмен кестелеген арнау өлені көңілімізді тебірентіп қана қоймай, көзімізге жас та алғызған.

Жүмекен Нәжімеденовтің өз қолымен өндіріске дайындап кеткен соңғы кітабы «Қыран-қия» жинағының талайларға тосындау көрінген өткір ойларымен әлдекімдерге ұнамай қалып, «ақын табытының төлеміндей болып»

# ЖҮМЕКЕНГЕ

(Зейнолла) ол өмірден өткеннен кейін ғана жарық көріп, оқырман қолына тигенін басқаша түсіндіру қиын. Обал-сауап дегенді ұмытып, ақынға тірісі мен өлісінде кімдердің қиянат жасағаны туралы шындықты да әлі күнге дейін айта алмай келе жатқанымыз ащы да болса шындық. Мүмкін, шындыққа тура келсе сінгірлей алмайтын мына біз — бояуы сінген іске көзімізді жұмып, бәрін де уақыт деген сабазға арқалап салып, ақын рухының алдындағы жауапкершіліктен оңай құтылғымыз келіп жүрген шығармыз.

Сексенінші жылдары жарық көруге тиіс «Солнцеворот» жинағының жылда тақырыптық жоспарға енгенімен, баспалардың бір-бірімен сөз байласып алғандай шығармай қойып, арада он үш жыл өткеннен кейін барып жарық көргенін де, ақынның әдеби мұрасын зерттеуге деген бастапқы кездегі әдемі құлшыныстың қарқынының бірте-бірте саябырсып қалғанын да осындайда өкінішпен айта кетуге тура келеді.

Жалғыз Ғафкең ғана емес, әдебиетіміздің классигі, жазушы Әбіш Кекілбайұлының ақын творчествосына қайта-қайта оралып, замандасын еске алып жазған бірнеше эссесі Жүмекен поэзиясына деген оқырман ықыласын арттыра түскенімен, сең орнынан қозғала қоймады. Рухани ағасына екі дүниеде де адал қызмет еткен суреткеріміздің осыдан біраз жыл бұрын ақынның жетпіс жылдық мерейтойы қарсаңында айтқан сөздері Жүмекен дәуірінің келіп қалғанынан хабар бергендей әсер қалдырып, көңіліміздегі үмітімізді оятқандай болып еді. «Барша жұрт оның барша өлеңін оқып, бүкіл мұрасын қастерлейтін күн де алыс келеді. Оның жұлдызы, оның жырларын терең ұққандар көбейе түскен сайын биіктей береді. Ең шырқау биіктерден артында жүзеге асқан абзал мақсаты мен адал еңбегін қалдырған, рухани бекзаттық пен суреткерлік қайсарлықтың үлгісіндей ғұмыр кешкен Жүмекеннің жұлдызы жанбағанда, кімнің жұлдызы жанады». Сол жолы да біз қазақ поэзиясының аспанында Темірқазықтай жарқырауға тиіс Жүмекен жұлдызының жанын асыға күттік. Содан бері де он жылдан астам уақыт өте шықты. Заулап ағып, құстай ұшқан жылдарға көз тастап, ұлы ақынымыздың әдеби мұрасын халыққа танытуға қатысты қандай жұмыстардың жасалғанын есімізге алғымыз келгенімен, берілген мол уәделерден басқа, ауыз толтырып мақтануға тұрарлық ештеңе ойымызға түспеді.

Жүмекеннің өмірі мен шығармашылығы туралы бір жақсы кино түсірілу керек еді. Түсірілмеді. Ең болмағанда тәуелсіздіктің арқасында әнұранымызға айналған «Менің Қазақстаным» туындысының өмірге келу тарихы туралы деректі фильм түсіріп, көрермен назарына ұсыну да қолымыздан келген жоқ.

Халқымыздың рухани дүниетанымын байыту үшін қазынадан бөлінетін мол қаржысы ысырап болып,

кім-көрінгеннің талапайына ұшырап, суша шашылуда. Ресей мемлекетінің орыс мәдениетінің абыройын көтерген өнер адамдары жайында кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық қандай мән-мағынасы терең фильмдер түсіріп жатқанын теледидардан тамашалағанда, бұл саладағы өзіміздің бейшара хәліміз бен далбағы тірлігіміз еске түсіп, қараптан-қарап отырып, көңілің нілдей бұзылады. Неліктен біздің экраннан көріп жүрген кинотуындыларымыздың отаншылдыққа тәрбиелеуден гөрі, жабайылықты насихаттайтын сорпасы су татитын дәмсіз дүниелер болып кеткенінің себебін түсінуге қанша тырыссақ та, ақылымыз жетпей қойды.

Қазақ өлеңінің топырағына тыннан түрен салып, интеллектуалдық поэзиямыздың өрісін кеңейткен Жүмекен Нәжімеденов шығармашылығына арналған ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, сол арқылы әдебиетіміздің жеткен биігін межелеп, түрлі кітаптар жазу ісі де қолға алынбады. Істелінбей жатқан тірліктің бәрін жіпке тізе беріп қайтейін, ең ақыры Жүмекеннің туған күнінде ақын рухына тағзым етіп, бір шара ұйымдастыруды дәстүрге айналдыруға да шамамыз келмей жүргенін ойласам, кімге өкпелерімді білмей, жалған тіршіліктен түңіліп кете жаздаймын. Әйтеуір, Бақытқожа Измұхамбетовтей азаматтың Атырау облысына әкім болып келуінің арқасында отыз жыл кешігіп болса да, Жүмекенге бір ескерткіш орнатылып қалды-ау. Оған да Құдайға шүкір! Ұлттық әдебиетіміздің дамуына зор үлес қосып, мерейін өсіріп, мәуелі бәйтерегіндей жайқалған көптеген ақын-жазушыларымыздың таланына ондай бақ та бұйырмай жатыр.

2012 жылы «Қазғұрт» баспасынан Жүмекен Нәжімеденовтің жеті томдық толық шығармалар жинағы жарық көргенімен, бұл маңызды жаңалыққа да біз аса елең етпедік. Мәдени өміріміздегі ірі оқиғаға айналуы тиіс жаңалық жөнінде мерзімді баспасөзде мардымды ештеңе айтылмағанда тағы да көңілім құлазып, қатты налыдым. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген аталы сөзге бас ұрған халық сияқты едік қой, күні кеше ғана. Аман нешік, алдымен, аруаққа тағзым етіп, құрмет көрсететін қарапайым кісілікті ұмытып, халықтығымыздың құмға сінген судай жоғалып бара жатқаны үшін кімге өкпелейін? Қадірі қашқан заманға ма, қасиетінен айырылған қоғамға ма, әлде ар-ұятынан безген адамға ма?

Ақын қабірінің топырағы әлі кеуіп үлгермеген, Жүмекен есімін ардақ-

тауды енді қолымызға алған шақтағы халқымыздың көңілін күпті етіп тастаған, қандай жақсы сөздер айтқанымызды есімізге түсіріп көрейікші, ағайын! Сыншы Зейнолла Серікқалиұлы, ақын Темірхан Медетбек т.б. әдебиетіміздің талантты өкілдерінің ақын мұрасын қастерлеп жазған дүниелері Жүмекен шығармашылығына берілген, шын мағынасындағы, үлкен баға болды. Бірақ содан бергі уақытта кеменгердің рухы

Гетелердің жұлдыздарының жанында жарқырай алатын Нәжімеденов мұрасының лайықты бағасын берудің орнына, тіпті керісінше, ақынның жеткен биігін аласартқымыз келіп тұратын бір надандық пайда болды қоғамда.

Ұзақ уақыт кешігіп, 1996 жылы үш томдық болып шыққан шығармалар жинағына жазған алғысөзінде сыншы Зейнолла Серікқалиұлы қоғамымызда тамырын жайып келе жатқан осындай

болғанындай салыстырма емеуріндер ешкімнің де пайдасына шешілмейтіні хақ».

Аузы дуалы сыншымыздың әдеби ортадағы ұятты жағдайға айналып бара жатқан «мынау – біздің бірінші, анау – екінші, одан кейінгісі – үшінші» деген мағынадағы ақын творчествосына берілген өте арзан баға болып табылатын, рухы биік, мағынасы терең, ауқымы кең поэзиямызға абырой әпермейтін шалағайлықты сынап, шындықты шымбайымызға батырып айтқан сөздері бәрімізге де сабақ болуға тиіс-тұғын. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген бір мақаламызда біз де осыған қатысты өз пікірімізді білдіріп, «әдебиеттегі өзіне лайық орны бар бір ақынымыздың есімі сызылып қалса, қазақ поэзиясы шымқай бір бояуын жоғалтып алғандай күйге түсетінін» айтқанбыз. Әй, бірақ осы айтылған сындардан қорытынды шығарған әдеби қауымды көріп отырған жоқпын.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Әдебиет порталы» деген сайт Қасым Аманжоловтан кейінгі шығармалары ең көп оқылатын ақындардың «рейтингін» ұйымдастырып, ширек ғасыр бұрынғы жағдай бұрынғыдан да сорақы күйде қайталанғанда, не істеп, кімге мұнымды шағарымды білмей, тағы да қатты қапаландым. Үкіметтің есебінен қоммақты қаржы алып, нәпақасын тауып отырған интернет-басылым «Мұқағали – бірінші ақынымыз», «Жүмекен – екінші ақынымыз», қалғандары – үшінші, төртінші ақындарымыз» деген сынайдағы емеурін танытып, мына біз сияқты пақырларға «кімнің орны кімнен кейін келетінін жол-жөнекей ептеп бағыттап» жіберіп, әдебиетімізді мазаққа айналдырып, «шоу-думан» жасағанда төбе шашымыз тік тұрды. Денемнен тоқ өтіп кеткендей, тұла бойым тітіркенді. Ең сорақысы әдебиетімізде өзіне лайық орны бар-ау деген ақындарымыз бен жазушыларымыз осы «шоуға» білек сыбанып, белсене қатысып, төрелік етіп, қазылық жасағанда, ақыл-парасатымыздың құны арзандап, таным-түйсігіміздің төмендеп кеткеніне қарным ашып, жаным күйзелді.

Насихаты кемшін түсіп жатқаны болмаса, қазақтың поэзиясы – әлемдегі ең ұлы поэзия. Олай болатын себебі, біздің өмірден өткен үлкен ақындарымыздың қай-қайсысы да ұлттық мұратымызды бәрінен биік қойып, халқымыздың жанын сақтап қалу үшін болған шайқаста жүректері жараланып, рух майданында қаза тапқан әдебиетіміздің нағыз қаһармандары. Сондықтан да біздің поэзиямыз – жеңілу дегенді білмеген, өрісімізді тарылтып, ұлттығымызды өшіріп, халықтығымызды жойғысы келген жойқын жаудың бетін қайтара білген жауынгер поэзия. Ендеше «мына ақынымыздың орны мына ақыннан кейін келеді» деген тұрғыдағы «рейтингтер», «Қабанбайымнан гөрі Бөгенбайым батырырақ еді» деген мағынадағы әдебиетіміздің көздеген ұлы мұратын білмейтіндердің ойланбай жасаған шалағай тірліктері. Батырлық сияқты ақындықтың да өлшемі жоқ. Ұлтымыздың жанына қылау түсірмеу үшін болған шайқаста нағыз батырлардай өзінің шебін адал қорғаған ақындарымыздың қай-қайсысы да қазақтың бірінші ақыны атануға тиіс ұлы құрметке лайық.

1986 жылғы желтоқсанда азаттықты аңсап, алаңға шығып, қызыл қанға боялған менің замандастарымды жанын шүберекке түйіп отырып қорғап сөйлеген Жұбағанды (Молдағалиев) қазақтың бесінші немесе алтыншы ақыны деп айтуға кімнің аузы бара алады? Айтыңызшы кімнің? Ана тіліміздің келешегі үшін шырылдап Алматыда қазақ мектебін ашқызу үшін Шона Смаханұлының қандай еңбек сіңіргенін «жанашыр» ағаларының мақтауы өтіп кеткен, әдебиетімізге шетінен «классик» болып топырлап келіп жатқан жақсыларымыз бен жайсандарымыз біле ме екен? Тәубә, тәубе, тәуелсіздіктің арқасында қазір жылына ондаған қазақ мектептері салынууда. Совет заманында салмақ түгіл, бір қазақ мектебін ашқызу да қиямет-қайым іс болатын. Қиямет-қайым! Бір кішкентай сын естісе жарыла жаздап, жабыла кететін, бүгінгі күннің өте ұйымшыл «шайырларына» назар аударғымыз келмесе де, парасаты биік ойшылдарымыздың асыл мұрасын арзандатып, ақындарымызды малға ен салғандай «нөмірлеп» жатқан тірліктерінің әдебиетімізді мазақ қылу ғана емес, халқымыздың рухын қорлау екенін айтпай кетуге дәтіміз шыдамады.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы біздің Жүмекен шығармашылығына берген «үлкен» бағамыз бен «терең» танымымыз алдағы уақытта да «ол Мұқағалидан кейінгі ақын» деген тұрғыдағы, бір-бірімен салыстыруға келмейтін *(Бұл жайында біз «Мұқағали мен Жүмекен. Поэзияның екі түрлі құбылысы» мақаламызда жан-жақты тоқталғанбыз)* қос үлкен талантымыздың орнын «нөмірлеп» беруге тырысқан надандықтан аспай қала ма деп, қауіптенемін.

*Жалқы досым, келсе мені шын ұққын: менің-дағы көп мінім бар, жаным бар. Көкірегімнен көре қалсаң бір ұшқын үрлендер де, маздатыңдар жағыңдар. Бұл күйбеңмен өтер екен жыл қанша, ұшамын деп ойламаймын желіңе. Ал егерде кеудем толы құл болса сол күлдей ғып өшіріңдер мені де. Мен өзімді байлай алам қатерге, сол қатерді жеңемін де ендеше.*

*Бар айтарым: арзан атақ әперме, өзің де арзан досым болғың келмесе,* – дегенді ұлы ақынның өзі де бізге қаратып айтып, өсиет етіп кеткенін жадымызда сақтайық.

Не болса соған желігіп, арзан сөздің желін қумай, Жүмекендей тұлғаларымызға жүрегіміздің тазалағымен адал қызмет етіп, қиын заманда өмір сүре отырып, әділеттілік үшін күресіп, шындыққа қылдай да қиянат жасамаған қайсар ақындарымыздың әдебиеттегі лайықты бағасын беруге күш салайық! Ақынға берілген арзан баға, ол халықтың рухына, танымына, жеткен биігіне, ұлт болып қалыптасу жолындағы кешкен азабына, ең ақыры тәуелсіздігі үшін жүздеген жылдар бойы жүргізген күресіне берілген арзан баға болып табылады.

Мәңгі өлмейтін сөздері әлі мыңдаған жылдар бойы жанымызды тербеп, рухымызды кемелдендіре беретін ұлтымыздың ұлы ақыны Жүмекен Нәжімеденов шығармаларының лайықты бағасын беру ендігі уақытта біздің борышымыз ғана емес, абыроймен атқаратын міндетімізге де айналуы тиіс.

# ОРАЛУ



мен биік парасатын тануда үлкен қадам жасалмады. Шындығында, біз соңғы жылдары, ақын творчествосы туралы жана ештеңе айта алмай, «Жүмекен-танудың» бастауындағы Ғафу, Әбіш, Зейнолла, Темірхандардың айтқан ойларын қайталаумен шектеліп, көлемі ауқымды, мағынасы терең шығармаларын зерттеуді жолға қоймақ түгіл, ол істі әлі бастамағанымызды да өкінішпен мойындауға тиіспіз.

«Жүмекен жұмбақ ақын» деген мағынадағы әбден жауыр болып, жұртты ығыр қылған, жаттанды сөздердің сарқытын сапыра-сапыра, оқырманды жалықтырып та жіберген жағдайымыз бар. Ұзақ жылдар бойы біздің әдеби сынымыз тамырын тереңге жіберген ұлттық ақынымызды халыққа дұрыстап таныта алмай, «Жүмекен ХХІ ғасырдың ақыны» деген сынайдағы арзан алданышты медеу көріп, көңілімізді алдарқатып жүр. Өркениетті елдің топырағын еміп туған жағдайда, әдебиеттегі алатын орны Байрон мен

бір келеңсіз құбылыстың бар екенін тігісін жатқызып, оқырманға сыпайылап жеткізгені есіме түсіп отыр.

«Жүмекен мұрасы қыруар жылдарға мерзімінен шегеріліп, әдеби баспа орындарынан қағажу көріп, шөміштен қағылып келсе, «Жас Алаш» газетінде ақынның дүниеден өткеніне он жыл толуына орай 1993 жылы жарияланған естелік-толғаныстан өзге (Ә.Сәрсенбаев) бірде-бір мерзімді баспасөз басылымы шөп басын сындырмай тым-тырыс, үнсіз жатып алса, қасиетті қазынаның келешегіне, насихатына қатысты болуға тиіс-ау дейтін жауапты азаматтардың, замандастарының қай-қайсысының да бұл арына сын демеске лажың жоқ. Ал әлдебір өнер кешіне орай әңгімеде «Заманның ұлы ақыны М.Мақатаев, талантты да тегеурінді «күрделі ақын» атанған Ж.Нәжімеденов» деп, («Халық кеңесі», 18 мамыр, 1993 жыл) әрқайсысына бір-бір сыбаға ұсынғандай, кімнің орны кімнен кейін келетінін жол-жөнекей ептеп бағыттап жібермек



**Белгілі жазушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Тәуелсіз Месенат.kz байқауының жүлдегері Сәуле Досжан жуырда Түркі дүниесі Балалар әдебиеті сыйлығын алып, оқырман қауымды қуантқан болатын. Жазушымен осы сыйлық жөнінде, әдебиет төңірегінде әңгімелескен едік. Сонымен қатар тәуелсіз Месенат.kz байқауы аясындағы дөңгелек үстелде 3-маусымда жеңіске жеткен жазушының «Өмір бәйтерегі» романын талқылау пікірлерінен үзіндіні оқырман назарына ұсынып отырмыз.**

**Сәуле ДОСЖАН, жазушы:**

## ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕН ТАМЫР ТАРТАДЫ

— Әпке, Түркі дүниесі Балалар әдебиеті сыйлығына ие болғаныңыз құтты болсын! Бұл балалар әдебиетінің де, соның ішінде қазақ балалар әдебиетінің де мерейлі сәті. Осындай қуаныш қарсаңында қандай сезімде болдыңыз?

— Әрине өте қуанышты болдым, әлі де қуанып жүрмін. «Қазақ әдебиетінде балалар әдебиеті кенжелеп қалды» деп жиі айтылды ғой бұған дейін. Қазір Қазақстан Жазушылар одағы да балалар әдебиетіне толықтай көңіл бөледі. Одаққа қарасты Балалар әдебиеті кеңесі де жақсы жұмыс істеп, нәтижелі істер атқаруда. Бертінде дейін Кеңесті басқарған Нұрәулет Ақыш ағамыз, осы жылы Кеңес төрағалығын қолға алған жас жазушы Елдос Токтарбай көптеген жоспар құрып, осы саланы дамуына аянбай еңбек етуде. Елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде қазақ балалар әдебиетінің мойындалып, бағаланып жатқаны мені шын қуантады.

— Бұл сыйлыққа ие болатыныңызды естігенде қандай күйде болдыңыз? Жалпы, осынау әдеби сыйлық тағы кімдерге табысталды?

— Мен бір жыл бұрын ТҮРКСОЙ-дың «Түркі мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін» атты сыйлығын алып едім ғой. Медаль, Құттықтау қағазын Жазушылар одағында ұйым төрағасы Мұрат Раев мырза келіп табыстады. Түрік ағайындар тарапынан тағы да осындай әдеби сыйлық иегері болам деп ойламаған едім. Естігенімде таң-тамаша болдым. Түркі дүниесі Балалар әдебиеті сыйлығының ерекшелігі, бұл — мемлекеттік дәрежедегі Түрік тілі қоғамының жылына алты мемлекеттің бір-бір жазушысына беретін сыйлығы. Халық «марапаттың қаржысы бар ма екен?» деп сұрап жатады ғой, иә, 3000 доллар жүлдесі бар. Ең негізгісі, бұл сыйлық иегерінің жинағының, яғни автор өзі айтқан кітаптың алты тілге аударылып, кеңінен таралуына мүмкіндік туғызады. Осы сыйлықты өткен жылы бізден белгілі жазушы Дәурен Қуат алған екен.

— Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігінде «Ауылдан шыққан миллионер» кітабыңыздың түрік тіліндегі басылымының таныстырылымы өткені де әдебиетіміз үшін зор қуаныш. Туындыны түрік тіліне кім тәржімалады? Аударма барысы қалай жүрді?

— Иә, осы кітабымның таныстырылымы өтті. «Ауылдан шыққан миллионер» кітабымды ТМД елдерінің барлық тіліне аударылды деуге болады, тіпті якут тіліне де тәржімаланды. Балалар да жақсы қабылдады осы шығармаларды. Марапатты да балалар әдебиетінен алып отырмын. Жеті роман жаздым дегеніммен, жазушы ретінде атымды балалар әдебиеті шығарды.

«Ауылдан шыққан миллионер» кітабын «TURKTAV» қорының мұрындығымен түрік тіліне Құдыс Шолпан деген кісі тәржімалады. Түркиядағы түрік тілін жетік білетін кадрлі аудармашылардың бірі екен. Кітапты баспадан шығарып, ҚР-ның Түркия мемлекетіндегі Елшілігі арқылы тұсаукесерін ұйымдастырған да сол «TURKTAV» қоры. Айтулы ғалымдар мен үлкен университеттердің ректорлары, жетекшілері қатысты. Романның оқырмандар үшін қандай маңыздылығы бар екенін талқылап, таразылаған тұсаукесер рәсімі жоғары деңгейде өтті.

— Осы орайда, еліміздегі балалар әдебиетінің бүгінгі ахуалы туралы не айтар едіңіз? Түркия еліне бұл сала қалай жолға қойылған екен?

— Айтып өткенімдей, бізде қазір балалар әдебиеті өркендеп келеді. Бұрынғыдай емес. Ең бастысы, тарихта ешқашан болмаған балалар әдебиетінің 2 томдық тандамалысы жарық көрді. Нұрәулет Ақыш ағамыз әр автордың өмірбаяны мен шығармашылық еңбектерін түгендеп, 2 томдық антология құрастырды. Қазір өзі барлығы балалар әдебиетіне құмар болып

алды ғой. Бірақ балалар әдебиетіне жазу қандай ауыр екенін екінің бірі біле бермесе керек. Өзім түрлі жанра қалам тербеп жүрмін десем де, соның ішінде ең қиыны — балалар қызығып оқытындай туынды жазу. Балалар әдебиетіне жазу үшін сенің баладай жан дүниен, жүрегің болуы керек. Баладай кіршіксіз бола алуың керек. Балалардың көңіл ауанын тереңнен түйсінгенде барып осы салада қаламың еркін жүреді. Мен осы балалар әдебиетіне жазып бастағалы дүние күйіп кетсе де артық нәрсені ойламай, шығарманы ғана ойлайтын сәттер жиі болады.

Бүгінгі күнде балалар әдебиетіне олжа салып жүргендер қатарында Кеңес төрағасы Елдос Токтарбай, жақында жеті кітабы жарық көріп, соның екеуі балаларға арналған Әлібек Байбол бар, Нұрәулет Ақыш ағамыз да өндіре жазды. Толымбек Әлімбекұлының, Канат Қайымның шығармалары оқылымды. Ділдер Мамырбаева кереметтей фантастикалық шығармалар жазып жүр. Балалар әдебиеті бойынша өлең жазатын ақындар қатары да көп.

Балалар әдебиеті бойынша Мұзафар Әлімбаев ағамыздан кейін, арада алыс жылдан астам уақыт өтіпті, ешкім Мемлекеттік сыйлық алған жоқ. Әдебиетіміздегі ескеріле бермейтін сала болды ғой бұған дейін. Мен, мысалы, «Ауылдан шыққан миллионерді» қалай жаздым?.. Армандап жүріп жаздым. Ұзақ жыл армандадым. «Менің атым Қожадан» кейін 50 жылдан кейін жарық көрді бұл романым. «Шірік-ай, Бердібек ағам сияқты елдің бәрі оқитын кітабым болса, мектепте балалар қолдан қолға өткізіп, таласа оқып, тіпті киносын көріп жатса» деп армандайтын едім. Құдайға шүкір деймін, «Қазақстан» ұлттық арнасы «Ауылдан шыққан миллионердің» желісімен кино түсіріміз деп жоспарлап отыр. Кітап қазақ еліне ғана емес, өзге елдерде де таралады. Қырғыз елі үш-төрт рет баспадан қайта шығарды. Әзербайжан, якут, орыс тілдерінде шықты. Құдай сол тілегімді берді деп ойлаймын.

Түркия елі балалар әдебиетіне айрықша назар аударатыны осы сыйлықтың дәрежесінен де көрініп тұр. «Ататүрік» тіл орталығында «Әдебиет балалар әдебиетінен басталады» деген ұстаным, қағида бар екен. Бізде де мемлекеттік тілімізді дамыту үшін алдымен, балалар әдебиетін дамыту қажет. Балабақшадан бастап балалардың тілін жаттықтыруда балалар әдебиетінің маңызы орасан. Түркияда осы мүдде қатты қорғалғанын көріп айрықша сезімде болдым. Ататүріктің атымен аталатын тіл орталығы ғимаратының өзі қандай керемет! Ұлттық мүдде, ұлттық тіл, ұлттық құндылық балалар әдебиетінен тамыр тартады.

— Жазуға, кітапқа деген қызығушылығыңыз қай кезден бастау алды?

— Жазуға деген қызығушылығым мектеп қабырғасында, 13-14 жасымда басталды. «Қазақстан пионері», облыстық «Жетісу», аудандық «Ле аңғарында» деген газеттерге мақала жазатынымын. Өлеңдерім шығып тұратын. «Жетісу» газетінде «Әдебиет және мәдениет» бөлімін басқарған Нүкеш Бәдіғұлов деген кісі шығарған ең алғашқы бір топ өлеңімді. «Ой, сен жақсы ақын боласын», — деп қанаттандыратын еді. Ал «Мылқаудың мұны» атты алғашқы әңгімемді Жұмабай Шаштайұлы аға «Қазақ әдебиетіне» басты. Бұл басылымға шығу — үлкен мәртебе. Сонда Әбіш Кекілбайұлы аға Парламентте кездесіп қалғанымызда: «Сәуле, сенің «Қазақ әдебиетінің» өткен санында шыққан әңгіменді оқыдым. Өлең жазғандай төгіліріп жазған екенсің. Жақсы жазушы болайын деп тұрсың», — деген еді. Сонымен қатар «Жұлдыз» журналына алғаш шыққаным есімде. Тұрысбек Сәукетаев ағаға повесімді ұсынғанмын. Ол кісі журналға роман деп бастырыпты. Көріп шошып кеттім

де: «Аға, неге роман деп бастыңыз, ол повесть еді ғой. Әйел роман жазды деп жұрт сенжиді ғой», — деп Тұрысбек ағаға телефон шалдым бірден. Мен қорқып кеттім шынымды айтсам. Бізде, қазақ әдебиетінде әйелдер қауымын онша мойындай бермейді ғой. «Әйел роман жазыпты» деп көпшілік түсінбей қала ма деген түсінік еді. Тұрысбек аға: «Неге ренжиді? Ол қазақтың жүз жылдық тарихын көтеріп тұрған шығарма ғой. Мен роман деп бердім, романның жүгін арқалаған», — дегенде көңілім сабасына түскендей болды.

— Сіз үшін поэзия мен прозаның парқы неде? — Поэзия мен проза мен үшін егіз балаларым сияқты. Екеуін де өте жақсы көрем. Екеуінен де байланысымды үзгім келмейді. Қазір менде прозаның салмағы басым болып кетті. Аға буынның барлығы дерлік поэзиядан

бастап, уақыт өте прозаға бет бұрған ғой. Дегенмен кейде өлең өзі туатыны бар, сондайда өлең жазам. Жалпы, мен поэзияда да, прозада да өзімді күштеп жазбаймын. Өзі бір құдірет санама салады, жүрекке келеді

— Заман ағымын тап басатын туындылармен бірге, тарихи шындыққа құрылған, ұлттың жанды жерінің, жан жарасының ақиқатын ашатындай тақырыптарға қалам тарттыңыз. Семей полигонының шырылдаған шындығын көркем тілмен кестеледіңіз. «Қасірет пен тағдыр», жалғасы «Үзілмеген үміт» туындыларыңызды жергілікті тұрғындардың дәйегімен жазған екенсіз. Сонда сізге ерекше әсер еткен, сонымен қатар шығарма арнасына сыймай қалған оқиғалар бар ма?

— Иә, мен әуелгіде «Қасірет пен тағдырды» жазғанмын. Оны жергілікті халық оқып, келесі бір кітаптың жазылуына өздері ықпал етті. Бірақ сол тұста Семей өңірінің халқы кездесуге шақырғанда қатты толқыдым. Абайдың, Мұхтардың еліне роман жазып едім деп бару онай емес. «Қалай қабылдайды екен? Неге шақырды екен?» деген сұрақтар тұрды көкейімде. Әйтсе де, жұртшылық жылы қабылдап: «Біз саған көрген, білгенімізді айтып береміз, деректерді тауып береміз, ары қарай жаз», — деп көңілдеріндегіні айтты. Осылайша, сөйлесе жүріп, электронды байланыс арқылы байланыса жүріп «Үзілмеген үміт» өмірге келді.

Әрине, шығарма арнасына сыймай қалған оқиғалар бар. Олар мүмкін басқа бір шығармаларға арқау болатын шығар.

— «Роман жазу үшін Дүкенбай Досжанов секілді үлкен жазушының лабораториясына өту керек» деген екенсіз бір сұхбатыңызда. Әдебиет туралы әңгіме болып отырған соң, 27 жыл отандасқан жарыңыз, қазақтың көрнекті жазушысы Дүкенбай Досжан ағаның жазу машығы туралы айтып берсеңіз?

— Мен Дүкенмен 27 жыл отасып, бірге тұрдым, ол кісі өмірден өткен соң 4 жыл осы әулеттің отынын басында отырдым. Әлі күнге дейін мен сол кісінің артында қалған насихатшысымын, былай айтқанда, шырақшысымын. Жазушының бүкіл еңбектерін қайта шығарып, барлық тіршілігін атқарып жүрмін деп аламын. Осы уақытқа дейін Алматыда, Астанада жазушы атындағы музейлер аштым. Алматы, Астана, Қызылорда, Шымкент қалаларында Дүкенбай Досжан атындағы көшелер алдық. Қызылорда университетінде электрондық кабинет, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аудитория аштық.

Дүкенмен алғаш жүздескен шақта «Жазушы» баспасында корректор болатынымын. Сол тұстан бастап ол кісінің шығармаларының корректурасымен айналыстым. Қалай жазды? Қалай ойланады? Жазу барысында не істейді? Соның бәрін көріп жүріп, ол кісінің лабораториясынан өттім.

Дүкен — мықты жазушы, 11 роман, 26 повесть жазған қарымды қаламгер. Өттен, осы тұста айта кеткім келетін бір нәрсе бар. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Құрмет, Парасат ордендерінің иегері, қазақ әдебиетіне көрнекті туындылар жазып қалдырған көрнекті жазушының туындысын «Үздік 100 кітаптың» ішіне кіргізбегеніне ренішім бар. Дүкеннің тұстастары екен осы санатқа кіргендердің көбі. Кейінгі жастар да бар. Қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан Дүкенбай Досжанды жүз жазушының қатарына кіргізбегені жаным батты. Көзі тірісінде: «Мен 80 жазушының қатарына кірмей қалсам, не болғаным» деп Жазушылар одағында төбелес шығарған адам кезінде. Басқарма мүшелерінің құрамына кірмей қалғаны үшін ренжіген, «Менің еңбегімді неге бағаламайсындар?!» деп. Ол Кеңес олағының тұсы еді. Ал енді, тәуелсіз

Қазақстанның 100 жазушысының құрамына кейбіреулердің шеттетуімен кірмей қалуы әділетсіздік. Көпшілік менен: «Неге жоғары жаққа жазбадың, айтпадың?» деп сұрайды. Айтқанда, қайтем? Оны тындайтын кім бар? Сол тізімге Д.Досжанның мына кітабы, мына кітабы енуі керек деп көп адамның ұсынғанын көрдім желілерден, басылым беттерінен. Бірақ оны шеттетті. Ескермеді емес, әдейі шеттетті деп есептеймін.

— Осы жылы ҚазҰУ-да Дүкенбай Досжан атындағы ғылыми-шығармашылық орталығының ашылғаны қаламгер қауымға аян. Әрі бұл филология факультетінде жазушы атында ашылған алғашқы аудитория екен. Осы аудиторияның ерекшелігі неде?

— Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевқа көп рақмет! Мен осындай кабинет ашайықшы, барлық керек-жарағын өзіміз көтереміз деп ұсыныс айтқаныма, бірден мақұлдады. Он миллион қаражатқа аштық. Толықтай жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жиһаздармен толықтырып, интерактивті такталар орнатып, суретшілерге Дүкеннің портреттерін салғызып, аудитория қабырғасына ілгіздік. Ғалымдар облыстармен еркін байланысып, еркін жұмыс істейтіндей құрылғылар орнаттық барлық үстелге. Осындай жан-жақты жабдықталған кереметтей аудиторияның ашылу рәсімін көктемде өткіздік. Филология факультетінің деканы атақты ғалымымыз Өмірбек Жолдасбековтің қызы Баян Өмірбекқызына рақмет! Жазушылар Одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов ағамыз өзі арнайы келіп ашты. Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов келіп тұсауын кесті. Ғалымдар қатысты. Көз көргеннің аты — көз көрген. Шығармашылықты бағалайтын адамдар. Қазақ әдебиетін бағалау деп санаймын бұны.

Бұрынырақта жастар, жас ақын, жазушылар Мұхтар Әуезов, Зейнолла Қабдоловтардың, ірі қаламгерлердің лекциясын тындауға жиналып, жырлары оқып дуылдап жататын осы қара шаңырақта. Дүкенбай Досжан атындағы сондай бір аудитория болсыншы деген мақсат болды бізде.

— Балалар әдебиеті бағытында да өндіре жазып жүрсіз. Романдарыңыздан бөлек, әңгіме, повестеріңізді де оқи отырып, қандай тақырыпты қозғасаңыз да, тосырмамай, тап басып жазатыныңызды аңғарамыз. Жазушы бақыты неде деп есептейсіз?

— Жазушы бақытының ең үлкені оқырманның іздеп оқуында. Мен қазір өзімді бақытты жазушымын деп санаймын. Себебі мені іздеп оқитын оқырман бар, жылына еліміздегі, шетелдегі баспалардан жеті, сегіз кітабым оқырманға жол тартады. Жапонияда, Германияда басылды кітаптарым. «Қасірет пен тағдыр», «Үзілмеген үміт» Америкада, Чикагоға үлкен баспадан шыққалы жатыр. Ірі ғалымдар арнайы келіп кітаптан танысып, Чикагодағы университетте конференция өткізген болатын осы жинақтар жөнінде.

Жазған дүниелерімді баспалар сұрап шығарып тұрса, қаламақымды алып жатсам, жазушыға одан өзге бақыт бар ма?.. Шынын айту керек, жақсы жазған адамның еңбегі бағаланатын уақытқа келіп жеттік.

— Жазудан қол үзбеу үшін қандай тәртіп болғаны жөн?

— Жазудан қол үзбеу үшін темірдей тәртіп керек. Мен Парламентте қызметте жүрген кезімнің өзінде барлық сенбі, жексенбімі, меркелік демалыстарды, жылдық еңбек демалысымыз тек жазуға арнайтынмын. Оны мен Дүкеннен үйренгенмін. Ол кісіде демалу деген болмайтын. Әйел адам болсам да, жұмысымнан бөлек, отбасыма да, бала-шағам да жағдай жасап жүріп, жазуға да уақыт табуға тырысатынымын. Ал қызмет барысынан зейнетке шыққалы бері өзіме арнайы график қалыптастырғанмын. Таңғы асымды ішіп, далада жүріп келгеннен кейін жазумен айналысам. Түске дейін жазу жұмыстарымен отырам, арасында кітап оқимын. Жазу үшін көп оқу керек, халықпен көп араласу қажет. Түскі уақытта үй тіршілігіне, отбасыма көңіл бөліп, кешке таман қайта жазуға отырам. Уақытымның денін ізденіске арнаймын.

— Алда қандай кейіпкерлер мен образдарды бейнелегіңіз келеді?

— «Freedom Шапағат» корпоративтік қоры қазақ әдебиеті өркендесін деп «Месенат.kz» сыйлығын тағайындады. Ерлан Аскарбек он сегіз жыл өр банк құрылтайшыларымен сөйлесе жүріп, нәтижесінде осы қормен бірлесе жүлдегер жазушы өмір бойы алып тұратын премия сайлады. «Өмір бәйтерегі» шығармаларымен осы байқаудың үшінші жүлдегері болдым. Бұл туындыға қазақтың асыл ғұрыптары, ген тазалығы арқау болған.

Ендігі туындыларымда мені ойландырып жүрген тақырыптардың бірі әйел тағдыры туралы жазғым келеді.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан Мәдір РАЙЫМБЕКОВА

## АДАМ ЖАНЫНЫҢ ІШКІ ДРАМАСЫНА ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Заря ЖҰМАНОВА**

Жазушы Сәуле Досжан «Өмір бәйтерегі» романында қазақ прозасына тән дәстүрлі баяндау тәсілдерінен бөлек, жаңа форма мен ізденістерге барған. Ол романның өн бойына басты кейіпкері — Нұржанның некесіз өмірге келуін, оның әлеуметтік ортада түрлі психологиялық қиындықтарды көре жүріп, азамат ретінде өсу жолдарын арқау еткен. Романдағы басты идея — өмірдің мәні, уақыттың өткізіншілігі және адамның рухани өсуі. Автор кейіпкерлерінің ішкі әлемін аша отырып, «адам не үшін өмір сүреді?», «өмірдің түпкі мәні неде?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл ізденістер экзистенциалдық бағыттағы ойлармен астасып жатыр.

Романның басты символы — бәйтерек образы. Ол адам өмірінің жалғастығын, ұрпақ сабақтастығын және рухтың мәңгілік екенін бейнелейді. Бұл бейне дәстүрлі фольклорлық мағынада ғана емес, Философиялық-экзистенциалдық деңгейде жаңаша қолданылған. Осы арқылы жазушы ұлттық символиканы сақтай отырып, қазіргі әлем әдебиетіне тән символизм тәсілін қазақ прозасына енгізген. Роман оқырманды сыртқы оқиғадан гөрі адам жанының ішкі драмасына жетелейді. Мұндай тәсіл қазіргі қазақ әдебиетінде жиі қолданыла бастағанымен, әйел жазушының жазуында ерекше нәзіктік пен эмоциялық қуатқа ие. Романның өн бойынан тың тенеулерді жиі кездестіруге болады. Сөзім жалаң болмас үшін романның бірнеше үзінділер келтіре кетейін: «*Жаңа ғана денесін тіп-тік ұстап отырған азамат*

*белінен біреу періп қалғандай көз алдында сылқ етті»; «...қуысқа тығылған қояндай күйі қалды» (Мөлдір туралы); «Жанының әлсіз тұсынан оқ тиген жігіт»; «Бұрын томпайып тұратын ерні жіптей тартылды, бояуы қашып, ақ шүберектей үлбіреді» т.б.*

Романда қазақ қоғамында қазір ұмытыла бастаған түрлі салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар мен ұлттық ұстанымдар жайлы деректер аз емес. Оның бәрін ауылдан шыққан қазақтар білгенімен, асфальтта өскен қала қазақтары онша білмейтін сияқты. Кейін бұл роман шетел тілдеріне аударылса, басқа ұлттар халқымыздың өзгелерде жоқ ерекшеліктерін терең түсінер деген ойдамын. Мәселен, келіннің табанына тулақ төсеу, «бөрісырғақ», «қыз алып қашу», «ұшықтау», «отқа шақыру», «ұлтабар», т.б. ұғымдарды атауға болады.

Көптің көңілін жаулаған, айтулы әдеби додада бас жүлде алған, тіпті түрік тілінде Түркияда шығып жатқан үлкен туындының авторы осы романын драмалық пьеса немесе телесериал түрінде көпшілік назарына ұсынуы керек. Қазіргі қазақ қоғамы мен жастар мәселесін жан-жақты зерттеп жүргендіктен, рухани құндылықтар мен моральдық дағдарыс мәселелері жөнінде университет, колледж студенттері арасында дәрістер оқуы қажет. Осы романға арқау болған мораль тақырыбын жан-жақты камтитын публицистикалық ғылыми-танымдық публицистикалық мақалалар циклін жазып, отандық БАҚ, әлеуметтік желілерге жариялағаны жөн деп есептеймін.



## ЖҰРНАҒЫ ҚАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН

**Сағадат ОРДАШЕВА**

Сәуле Досжан — ұлттық дертке айналған хәм тарихтың ұлтқа салған таңбасын әшкереп етуімен, оны халықтың өз тілінде жазуымен ерекшеленген қаламгер. Біздіңше, автор бар назарын шығармасының тақырыбы мен идеясына аударады, кейіпкер психологиясына тереңдеу, оқиға өрбітем деп қызылсөздікке салыну, формалық ізденгіштік кейінгі орында ол үшін. Автор үнемі қоғамның жарасын ашып оған ем іздеуімен, қазіргі заман адамын шынайы бейнелей алуымен жақсы оқылымға ие болып отыр.

«Өмір бәйтерегі» романының алғашқы бетінен-ақ, бұл ұлттық роман екенін түсінесіз, қазақтың өмірге көзқарасын — өмірді тануын, түсінуін бірден оқырманға ұсынуымен ұтымды басталған деп ойлаймын. «*Дала төлқұжатына тіркелмеген екенсің*» деген сөз оқырманның ішін түйнеп өтеді. Автор бірден кейіпкердің жасырып жүрген ең нәзік жан жарасын ашуымен бастайды. Қазақ танымындағы әкенің рөлі, ізгі ұрпақты ансау, қыз баланың, әйелдің орны секілді құндылықтарды жоқтайды. Біз Нұржанның әкесін іздейміз деп Мәрзияның өміріне шомамыз. Автор Мәрзия секілді әйелдердің тағдырын көтерем деп бүкіл қазақ танымындағы жоғалған, жұрнағы қалған құндылықтарды, салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртады. «Көрдемше» сөзін автор әдейі бірнеше жерде атап тұрып айтады. Ақсақалдардың баланың «насыбайын атамыз» деп шақыруы, «жеті атаны сұрау» оқиғасы бұл әрі қазақ салтындағы қағидалар болса, әрі бұл Мәрзия мен ұлы үшін қоғамдық буллинг секілді, яғни қазіргі қоғамдағы көріністер мен ұлттық танымның қайшылығын автор паралель келтіріп отырады. Романның не-

гізгі өзегі — Нұржанның «Өмір бәйтерегі» құрастыруы, отбасылық институттың негізгі тіректерін алға тартуы. Қазақ үшін де сол бәйтеректің тамыры мен бұтақтары маңызды екенін айтады, сонда ғана ұлт болып сақтала аламыз дегенді автор алға тарттады.

Роман бірнеше тақырыпты бойына жинақтап, осы заманның сау санасын жұтқан бүкіл ғазуатын кейіпкер арқылы аямай береді. Қыз баланың кәрі қыз атануы, оң жақта отырып бала табуы, ұрпақсыздық, ЭКО арқылы бала сую, қыздың қашып кетуі, оқушылар арасындағы буллинг, мектептегі қағазбастылық пен бітпейтін жиналыс, Семей полигонының зардабы, этнографиялық-тарихи көріністер мен диалогтар, ұлттық сана мен таным бірегейлігін сақтау, ана мен ұлдың, әке мен қыздың ортасындағы нәзік қарым-қатынастар, ағайын-бауырлар қарым-қатынасы секілді әрбірі бір романға жүк болар тақырыптарды бір роман аясына сыйдырып жіберген. Жалпы, Сәуле Досжан — қазіргі әдебиетте қазақ қалпын сақтау, болмысын сақтау, ұлттық негізді түзеу тақырыбында толғануымен, әке-ана, отбасылық институтты жоқтауымен назарға іліккен, еңбекқор жазушы. Десе де, ұлттық болмысын арқау еткен кейіпкерлердің ішкі дүниесіне тереңдеу, жарасын ашу мен оларға жауап табу секілді ізденістер керек екенін айтқым келеді.

Авторға стратегиялық ұсыныс, «Меценат кз» байқауынан жүлде алған романның өнер кеңістігіндегі түрлі бағытта қайта жазылып, сахнаға шығуына да мүмкіндігі зор деп ойлаймын. Сәуле Досжан романға жаңа тыныс беріп, оны пьесаға айналдырса, жаңадан бой көтеріп келе жатқан театрлар сахнасына қойылары сөзсіз.

## ЗАМАНЫНА САЙ ӨЗЕКТІЛІГІ БАР ТУЫНДЫ

**Сәкен СОЛТАНАЕВ**

Жалпы, ең бірінші айта кететін жайт — кітапты сатып алдым, ол — жетістік. Кітаптың сатылымы қазіргі нарықтық экономика кезінде рөл ойнауы тиіс, жазушы пайда көруі тиіс, оқылмаған кітап сөреде шаң басып жатады. Екіншіден, сатып алынған шығарманы оқып шықтым. Сатып алып қойып, бетін аша алмай жүрген кітаптар жетерлік. Оқырманы жоқ жазушылар да бар.

«Өмір бәйтерегі» романы — заманына сай өзектілігі бар туынды. Автордың стилі оқуға жеңіл, оқиғаның барысы бойынша адамды іліп әкетіп, ой салады. Баяндау стилі оқырманның қызығушылығын оятып, жалғасын оқуға талпындырып отырады. Романның авторы әйел адам екені және мұғалім екені, я болмаса ұстаздыққа қатысы бар адам екені байқалады екен. Стильден және оқиғаның баяндауында білініп тұр.

Романның идеясы жақсы, қазақ қоғамында өзектілігін жоғалтпай келе жатқан ру, тектілік дегендей тақырыптарды

қозғайды. Бұл оқиға сол мәселені ашудағы өзгеше бағытталған көзқарас деуге де болады. Алайда бір мәселені айта кету керек, автор ұлтымыздың дәстүріндегі барлық мәселелерді қамтымын деп мәтінді қоюлатып жіберуге аз қалыпты. Жалпы, романның бөлімдерге жіктелген хронологиясы өте жақсы, маған ұнады. Жазушы лейтмотивтік қайталауды жақсы пайдаланған. Шығарманың екі-үш жеріндегі мәтіннің қайталануы орынды болған екен. Бұндай тәсілді пайдаланудың пайдасы оқырман бір оқиғадан екінші оқиғаға ауысқан кезін түсінуді жеңілдетеді.

Автордың романдағы әлемді суреттеуі жақсы ой туғызады. Толық, алайда көркем шығармада документалдық қоспалар болмауы тиіс еді, сол бір жерлері көркемдігіне көенке түсіріп отыр. Диалогтар өте жақсы терілген, ол жағы жақсы ойластырылған. Таза қазақтың өміріне тығыз байланған шығарма. Ұлттық ерекшелігі (спецификасы) айдай айқындалған туынды.

## ТЕПЕРІШ КӨРГЕН ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ ШЕБЕР БЕЙНЕЛЕНГЕН

**Жайна САТКЕНОВА**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Сәуле Досжанның «Өмір бәйтерегі» романы қоғамдағы өзекті мәселеге арналған. Дала ұрпағын «жазылмаған қағидамен» тәрбиелеудің өзектілігі көрініс табады.

Романдағы оқиға желісі автордың дара қолтанбасымен шебер суреттеледі, өмір шындығымен ұштасып, қоғамнан теперіш көріп өскен ұрпақтың тағдыры автордың көркемдік қиялы арқылы жаңа қырынан көрінеді. Романда отбасы құндылығы, ата-ананың баланың тағдырына тигізетін әсері, жетімдік, жалғыздық, ұлттық сана және рухани тамырдан ажырамай өмір сүру қажеттігі Нұржан тағдыры арқылы айқындала түскен. Шығарма қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғай отырып, адам болмысы мен моральдық құндылықтар туралы терең ой салады. «Жеті ата» шежіресі, Жеті ата — Түп ата — Тек ата — Баба — Арғы ата — Ата — Әке ұғымдары, қан тазалығы, ұлттық код мәселелері ұлт болмысымен сабақтастықта қарастырылған. Қазіргі қоғамда белең алып келе жатқан «өзі үшін туып алу» мәселесінің астарындағы ашы шындық ашылған.

Шығарманың тілі жатық, стилі көркем әрі бейнелі. Кейіпкер тағдырын шынайы қабылдай отырып, қызықты оқиға желісімен романның қалай аяқталғанын сезбей қаласын. Терең философиялық астары бар романның берері өте көп. Қазіргі қоғам үшін осындай шығармалардың лайықты бағаланғанын қолдаймын.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СОНЫ ТАҚЫРЫП, ТОСЫН ИДЕЯ

**Динара АБЫЛАЙҚЫЗЫ**

«Оқиға — қалыпты өмір ағымындағы өзгеріс, санаға сілкініс әкелетін жайт; құбылыстың, әрекеттің өту барысы» десек, «Өмір бәйтерегі» романының оқиғасы оң бағаға әбден лайық. Иә, романның оқиғасы бірегей, қазақ әдебиетінде соны тақырып, тосын идея. Сюжеттік құрылымы қызық әрі тартымды. Кітапта кейіпкерлер мен өрбіген оқиғалардың параллелі ұтымды берілген.

Сюжеттің қозғаушы күші тартыс екені белгілі. Талданып отырған шығармадағы тартыстың негізгі желісі қоғамдық стереотиптер мен жеке тағдыр арасында қозғалады. Мәрзияның, Нұрғалидың, Мөлдірдің отбасындағы тартыс арналары негізгі идеяға қызмет етіп тұр. Жеткен Бақұлының толғанысы арқылы іштей екі жарылған бір адам: әке мен ғалымның ішкі тартысының суреттелуі де ерекше атап өтуге тұрарлық.

Бүгінгі өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда автор жан-жақты ізденіс танытқан. Әдебиет — қоғам тынысының айнасы. С.Досжан замануи қоғамда әлдеқашан ауқымды проблемаға айналған, алайда көркем шығарма нысанна алынбай келе жатқан тақырыпты оқиға желісі етіп алған. Романның бірегейлігі осында. Әлеуметтік маңызы, ең алдымен, қазіргі қоғамдағы әйелдің жүгі, әкенің орны, кәрі қыз тағдыры, буллинг сияқты сан-салалы мәселелердің қаламға арқау етілуінде деп ойлаймын. Кейіпкерлер — сонау ықылым замандардағы емес, осы қоғамдағы өз замандастарымыз. Жазушы солардың проблемасын басқаша зерделеп, өзгеше қабылдауға, оның ішкі әлемін түсінуге жетелейді, яғни ойландырады.

Өткен ғасырда Бердібек Сокпақбаевтың «Қожасы» бала мен әкенің арасындағы көзге көрінбейтін, тек жүректен ғана сезілетін рухани байланысты шеберлікпен жеткізген болса, осы романдан да сол асыл арна аңғарылып тұр. Шығарманың өн бойын-

да мейірінді қозғайтын, әдеп ұқтыратын және оны әдейілеп оңашаламай, оқиға барысында жымдастырып келтіретін тұстар мол. «*Мәрзия жарым көңілің бүтіндеймін деп аласұрып жүрсің, ұлымен бірге өсті емес пе! Сол бір түйіріне жалғыздық көрсетпеймін, қатарыңан қалдырмаймын деп қанша көшіп-қонды, мектебін ауыстырды, ортасынан алыстатты, аштықты да, тоқтықты да бірге көрді. Өзінің шалалығымен ұлының балалығын ұрлап жатқанын түсінбеді. Солай ерте есейіп жіберді ме екен?! Бабадан қалған әкесі бар баланың жебесі тастан өтеді дегені бекер емес екен. Қанша тырмысқа да әкесінің орнын толтыра алмады. Өліп қалса да, тіпті ажырасып кетсе де некелі отбасында дүниеге келгеннің өзі бірінші бақты екен ғой...*» — деген жолдарды оқығанда, кімнің де болса есіне өз әкесі түсері сөзсіз. Жазушы әкенің қадірін өстіп әдемі әдіспен сездіреді.

Сюжетте оқиғаның динамикасын әлсірететін тұстар да бар: «*Жиылыстың басында үш тілді білім беруді енгізу, кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізетін кабинеттер жабдықтау, кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу шарасы деген мәселелерді талқылады*». Осындай абзацтар шығармаға деректілік сипат беріп, көркемдігіне нұқсан келтіріп тұр.

Жалпы, жазушы Сәуле Досжанның тілі шұрайлы, көркем әрі оқырманға жақын. Ол ұлттық болмысты, қазақты салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды ерекше сезіммен жеткізеді. Автордың стиліне тән басты ерекшелік — өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғаларды әсерлі тілмен жеткізуі. Сәуле Досжанның баяндау мәнері жеңіл, соған карамастан, терең мағыналы. «Өмір бәйтерегі» деген атау романға сәтті қойылған. Бәйтерек өсіп-өнген әулеттің символы екені мәлім. Шығарманың мазмұны осы атауды толық ақтап шығады.



**10** қараша белгілі сатирик, ұстаз Үмбетбай Уайдиннің туған күні. Үмбетбай Уайдин – артына **30** шақты кітаптың сыртында мол мұрағат қалдырған жазушы. Ол кісінің жазған сықақтарынан, ой орамдарынан айналасына асқан жанашырлықты, мейірім мен жауапкершілікті көруге болды. Қазақ сатирасының сардары тірі болғанда биыл тоқсан жасқа толар еді. «Қазақ әдебиеті» газеті өткен саңдарында Үмбетбай Уайдаулының материалдарын жариялаған болатын. Бүгін әріптестерінің, ғалымдар мен шәкірттерінің әр жылдары жазған пікірлері мен арнауларын, лебіздерін оқырман назарына ұсынамыз.

## САТИРА САРДАРЫ

жүргенде ара боп шағып, талай шекелерді тызылдатты».

**Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ, профессор,**  
(«Заман-Қазақстан», 08.10.1999ж.)

«Ү.Уайдин – сатира жанрының тақырып шеңберін кеңейту жолында көп ізденген адам. Ол сатирадағы факт, оқиғаны көбіне шындыққа жақындатып, шынға ұқсатып суреттейді».

**А.МУСАЕВ, профессор,**  
(«Изденіс» - «Поиск» журналынан)

«...Біздің Үмбетбай Уайдаулы, Көпен Әмірбековтер қайда? Осылар Задорновтан асып түспесе, кем түспейді».

**Қали СӘРСЕНБАЙ,**  
(«Жас Алаш», 15.01.2005ж.)

... Айтып, айтпай не керек, Үмбетбай деген бұ кісі Қазаха деген халықтың, Құдай берген ырысы.

**Оспанхан ӘУБӘКІРОВ**

«Ең таза, ең мөлдір, түсінігі өте терең ынсапты, қанағатты және әділ азамат кім? – деп әздеп жүрген адамға осы Үмбетбайды ұстап беруге болады».

**Қажытай ІЛІЯСОВ**

«Үмбетбай Уайдин аға тұртпесе сөйлемейтін «үндеместердің» мекенінен. Бірақ шыдамын шектен шыққанша тас қайраққа салып егесеніз, тамағын кенеп алып, сөз бастайды. Асықпай, азды-көп «тамақ кенеудің» аялдамасында тыныстап, сұқ саусағын дирижердің таяқшасының орнына пайдаланып, қолды сәл ғана сілтеп, ойын сөзімен сүйемелдегенде, шынтағы қозы қарнының үстіне келіп қисаяды. Сөзі міндет оғындай «есіңнен танып қаласын».

**Роза АЛТЫНБЕКОВА,**  
сыншы

«Үмбетбай Уайдин, Ғаббас Қабышұлы, Сейіт Кенжеахметов ағаларымыздың дүниелері ғажап».

**Асқар НАЙМАНТАЙ,**  
сықақшы-сахнагер,  
(«Жас Алаш», 01.06.2004ж.)

Қысқа жазу, нәрлі жазу – Үмбетбай ұстанған үлгі. Ол қай тақырыпты қаласын, қай оқиға жамбасына келсін ойнатып әкетеді».

**Ғаббас ҚАБЫШЕВ,**  
(«Әзіл-сықақтың Үмбеті»)

«Үкең шығармашылығының өн бойында ерекшеленіп көрінетін бір қасиет-қандай жанрда жазса да, оқырмандарына күлкі шуағын таратуға құштарлығы, ой бөлісуге шеберлігі. Мұның өзі қаламгер қаламына қуат беретін ар тазалығының, көпшіл көңілінің табиғи қуаты».

**Жақау ДӘУРЕНБЕКОВ**

(«Үкілі күлкі»)

«...Үмбетбай – оқырманға шығармасымен де, өзінің болмыс шынайылығымен де біртұтас танылған сирек кездесетін азамат».

«...Аңғарып қарасаң адамның азаматтық қасиеті Отанын, туған жерін, ата-анасын, ата-мекенін сүйуден түсініледі, біз жерлестері оны отаншыл қасиеті үшін де ардақтап, сүйеміз».

«...біраз жыл ішіндегі жасы үлкендік (ағалық) тапсырмаларымды орындауда оның әр қалыпта болған жайын сезген емеспін. Ылғи да өте жаймашуақ, жылы қалпын сақтап, әңгіменді бар ықыласымен тыңдап, айтары болса башалап түсіндіріп, сені алаңсыз қалдырып жатады».

Жасымыз үлкен болған соң «кім де болса ырғыздық азамат қой» деп, алыс Ырғызда жатып та астанадағы оған талай тапсырмалар берген реттерім аз болған жоқ. Айналып кетейін ол соның қай-қайсысын болса да байыппен орындап, хабарласып отырды. Әсіресе Ырғызда музей ашу, ырғыздық өрендерге (Т.Жүргенов, Ы.Алтынсарин т.б.) ескерткіш орнату, «Ырғыз» атты деректі кітап шығару істерінде қыруар материал жинастыру керек болды. Соның бәрінде де бір кіржін көрсетпей, бар ықыласымен айналысып, тындырып жіберетіні бізді талай қуантты».

**Қаназ ЕЛАМАНОВ,**  
(Қарымды қаламгер кемелді жаста),  
«Ақтөбе» газеті 11 наурыз 1995 ж.

«Үмбетбай Уайдин – сатираның майы қанып ішкен адам. Қазақ сатирасының негізін салушылардың бірі. Ол тілі ұлтты көптеген шығармаларды дүниеге әкелді. Қазақ сатирасының алтын қоры деуге де болады».

**Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВ,**  
жазушы

«Үмбетбай Уайдин – сатирадағы, жалпы жазу әлеміндегі ұстазым. Жиырма бес жасымда саяси-сатиралық «Ара» журналына фельетоншы боп орналастым. Үмбетбай ағам бөлім меңгерушісінің орынбасары. Тікелей бастығым. Алғашқы фельетонымды ұлтты тілмен жаза алмай, әбден әуреге түстім. Жазғаным жарамайды. Редактор белден бір сызады да, «Қайтып жаз» деп белгі соғады. Барымды салып шұқшындаймын. Тағы да жаратпайды. «Өткірлей түс!» дейді. Сөйтіп, не керек, «менен түк шықпайды» деген шешімге келдім де, отыра қап, жұмыстан шығу туралы арыз жаздым. Мұныма Үмбекен жымыяп қарады да, менің жазғанымды өзі жазды. Соңына менің аты-жөнімді қойды. Ал мен машинкаға бастырып, ұялмай-қызармай өз атымнан редакторға үшінші рет ұсындым. «Е, мынауың жақсы дүние екен. Сендерге ұрыспай жүр екенбіз ғой. Сонда ғана жақсы жазады екенсіңдер ғой!» деп редактор ризашылық білдірді».

Міне, менің алғашқы фельетонымның тұсауын кескен қазақтың мүйізі қарағайдай сықақшысы, қамқоршы ағам Үмбетбай Уайдаулы жетпіс бес жасқа келіп отыр.

Үмбекен — қашан да қолынан қаламын тастамаған еңбеккер адам. Сондай еңбеккерлығының арқасында шығар, көптеген шығармалары жинақталып, басылып шықты.

Үмбекен — менің талант-қарымымды шындаған бірден-бір адам, ұстазым. Бәлкім, маған кезінде қамқорлығын көрсетіп, жол сілтегенде сатира әлемінде қалмас па едім, кім білсін. Сондықтан Үмбетбай Уайдин – мен үшін қаламы қарымды сатирик қана емес, көреген ұстаз, қамқор ұстаз. Жаны таза, адал жан. Біреуге жалпақтауды, жағымпаздандуды білмейді. Бойындағы парасаты ондайға жібермесе керек. Үмбетбай Уайдин теңгесі жоқ болса да тегін дәріні жазып бере салатын текті дәрігерге ұқсайды. Бас ауырғаннан балтыр сыздағанға дейінгі аралықты күлкімен жазатын күшті дәрісі шаш етектен».

**Көпен ӘМІРБЕК**

### Үмбетбай УАЙДИН

**Анау:** Уа, Домбимысың? Қайда домалап бара жатырсың, ақ пен қызылдың арасында?

**Мынау:** Домбимын. Қонаққа.

**Анау:** Қашан көрсем, домалап қонаққа кетіп бара жатасың. Уа, өзіңнің небір күні қонаққа шақыратын күнің бола ма?

**Мынау:** Неге болмасын...

**Анау:** Болса, ойыңдағы ол қонақтардың жуан ортасында біз бармыз ба, жоқпыз ба?

**Мынау:** Барсын ба, жоқсын... қуланып отыратын китүркі «хитрый» қонақтар; қасықтың іші-сыртына қарап, бөтелкенің бүйірін бұрап көріп, хрустальді шертіп, одан әрі әукені әурелетіп люстраға апарып, оны-мұны әңгіме қылатын ыбыр-жыбыр қонақтар; көлденең қонақтар; үсті-басындағы кықымдарды кіржиіп шертіп қағып отыратын кірпияз қонақтар; темекілерінің күлін кез келген жерге түсіріп отыратын «көк түтін» қонақтар; көк езу, көк мылжың қонақтар...

Үндемейсің ғой, әлі жоқсың ба?

**Анау:** Неужели, осылардың ішінде мені бар деп ойлайсың?

**Мынау:** Ну, хорошо, әрі кеттік: үй иесі лауазымы үлкен қонағының төңірегінде көлбедеп, басқа жұрт сол лауазымы үлкен қонақтың көлеңкесінде қалып қоятын елеусіз қонақтар; қызмет дәрежесі үлкеннің қас-қабағына қарап сөйлейтін ыңғай қонақтар; «үйде балалар өздері қалып еді, газды сөндірді ме?» деп, «балкон ашық па екен?» деп, «теледидарды өшірді ме екен?» «кір де жаюлы түр еді, алды ма екен?» деп, «Шурик, Нурик есебін шығарды ма екен?» деп оқтын-оқтын отырған жұртты баса-көктеп телефонға жүгіретін, телефоннан Шурик, Нуриктің есебін тексеріп, мыжып тұрып алатын беймаза қонақтар; сыздап сүйлеп, кісімісіп қалған қонақтар; бет ормалдарын себепті-себепсіз мұрындарының астынан әкетпейтін, көзі «күлімсіреп», сөзі өлімсіреп қалған ызылма қонақтар... тап осы емессің бе?

**Анау:** Кет, әй!.. Не оттап отырсың өзін?!

Мен қашан сенің үйіне барып...

**Мынау:** Әрі кеттік: ыңқылдап ауруын айтып қоймайтын ызбай қонақтар; саусақтарындағы сақиналарын санап, тым-тырыс, жым-жырт отыратын тымпима қонақтар... А-а, бірдене дедің бе?

**Анау:** Мен не дедім саған?

**Мынау:** Демесен... Ну, хорошо, әрі кеттік: үй иелерін картамен қартайтатын «менің кім екенімді білмейді-ау» деп, үй иесі қашан қызметі мен аты-жөнін айтып таныстырғанша басқа жұртқа оқыранып қарап, өзінен басқаны олықсынып, мықтымсып отыратын көкірек қонақтар; итықтан ситық шығарып, қоқандап көрінгенге ұрынып бағатын, біреуді біреуге айдап салмаса «іші ауыратын» іріткі немесе отырған жері бүлік күйдіргі қонақтар; төрге отырған кісіге күн көрсетпейтін түрткі қонақтар; ана жердегі анаусын айтып, мына жердегі мынаусын айтып, ірілік танығатын айбат қонақтар... Баяғыда бәлен болғанын айтып, түген болғанын айтып, байлығын айтып,

айлығын айтып, басқа жұрттың басын қатыратын мақтаншақ қонақтар; атүсті қонақтар; келгеннен әзіл-қалжыны мен әннің ілгек-түймелерін ағытатын ізгі ниетті, ажжүрек қонақтар... Күлдің ғой, жарай ма?

**Анау:** Жақындап келіп, кетіп қалдың.

**Мынау:** Іздегені бәле, кішкене нәрседен беті жиырылып, қос қолды қолтыққа тығып, өзі де, көзі де қозғалмай, қақиып қалатын кінәшшіл қонақтар; шақырсаң шақыратын «башна-баш» қонақтар; ішіне екі жүз грамм арақ кірсе, жеңін тортқа батырып, кеселерді қиратып, бөтелкелерді құлатып, ербендеп қалатын ебедейсіз қонақтар; «кім-кімдер болады?» деп сұрап, келу, келмесі белгісіз «важный» қонақтар...

**Анау:** Стоп! Қонағың да құры, өзің де құры, мен кеттім...

**Мынау:** Жок, кетпе, бүгін біздікінде бол. Бірақ сен шіркіннің бүгін қонақ болып кеткенінді ұмытып, ертең тағы келетінің жаман да...

**Анау:** Ну, хорошо, сонымен жаңағы қонақтарыңның қай түріне жатқызасың?

**Мынау:** Сен бе... сен... милау... кешіретсің, бар мен жоқтың жуан ортасындасың...

## Жансая СӘБИТОВА

Шексіз ғарыш кеңістігін кезіп жүрген сансыз денелердің біреуіне ғана қазақ баласының аты берілген. Ол – Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың атындағы кіші планета. Қазақтан «таяқтың астында қалатынын» болжай тұрып, азаматтық ерлік танытып, өзі пір тұтатын тұлғаны соншалықты биіктеткен Шәмил Нығметұлы Сәбитов еді.

Ұлы Британ Премьер-Министрі Уинстон Черчилльдің: «Қазақтардың бәрі сіздей ірі денелі келе ме?» деген сұрағына, Қаныш Имантайұлының: «Жоқ, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын!» деуі, ұлы тұлғаның еліне деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетсе керек.

Адамзат қашан да замандасын бағаламаған! «Қолда барда алтынның қадірі жоқ!» деп санын соғып қала берген. Мен де, өкінішке толы зарға шалдықтырып, Шәмил о дүниелік болып кеткенде, қолыма қалам алып отырмын.

Шәмил өмірбаянында бір, бірінші деген сан есімдері жиі кездеседі. Әкеміз Нығмет Сәбитов Кеңес дәуірінде бірінші қазақ болып Н.Нариманов атындағы Мәскеу шығыстану институтында оқып жүргенде Шәмил дүниеге келеді. И.Сталиннің заманында, отаршының төрінде туған балаға, ырымдап, орыстың қас жауы болған зиялыларын да салып, (Л.Толстой, М.Лермонтов т.б.) 25 жыл соғысып, орасан шығынға ұшырап, әлемді түнілтетін қара күш арқасында имам Шәмилді тұтқындағаннан кейін ғана, Кавказдағы тау елдерін бағындырып, ақ патша айлашап Санкт-Петербургке, өз сарайына келесі етіп алған, имам Шәмилдің атын береді. Байқасаңыздар, Кеңестің қылышынан қан тамып тұрған заманда да, қазақ зиялыларының ойынан тәуелсіздік кетпеген.

Шәмил Алматыдағы №25 орта мектепті бітірген соң, 1952 жылы Мәскеу университетінің механика-математика факультетіне бірден түсіп кетеді. Жоспарлы экономика тұтатын Кеңес қоғамында әр маманның орны айқындалып қойған. Сол үрдіске сай, атағы жер жаратын математик, академик А.Н.Колмогоровтың (ол кісі деканы болған) түлегі Ш.Сәбитов университетті бітіре салысымен, стратегиялық маңызы зор құпия мекемеге («почтовый ящик») Сібірге аттандырылады.

Андрей Николаевич Колмогоров, басқа да дүлдүл оқытушы-академиктер, олардың ішінде 1951–1973 жж. университет ректоры болған математик, академик И.Г.Петровский студенттерді ғылымға ғана баулымай, адами, рухани биіктерге жетелеген. Үлкен театрға түнімен билет алуға кезекте тұрумен қатар, өздері де студенттік эусской театрында опералық қойылымдар жасап жүрген. Ал 1956 жылы Кеңес әскерлерінің танкілері Мажарстанды басып кіргенде біраз студент наразылық білдіргені үшін университеттен қуылған. Сонда оқытушылары, шеттетілген студенттерді, өз қалталарынан стипендия төлеп, құпия түрде оқытуын жалғастыра берген. Кейіннен, студенттер қатарына қайта енгізіп алған.

Сондай өмір мектебінен өткен Шәкенді іргелес көрші, Шыңғыс ханның 24-буынындағы тікелей ұрпағы, (өзінің айтуы бойынша) биология ғылымдарының докторы, генетик Амангелді Шотаев Шәмил бакилыққа кеткенде былай еске алды: «Мен Шәкенмен кездескен жерде ұзақ әңгімелесуші едім. Пәлсапа ойлары, тарихи білімдері, өмірден түйгендеріне тәнті болушы едім! Мен Шәкеннен көп нәрсе үйрендім, ойларының ірімін түсінбей қалған жерлерімді ұялмай, ашып түсіндіруін сұраушы едім! Мен ғылым докторымын, бірақ менің деңгейім Шәкеннің қолына су құйғанға жарайтындай-ақ! Ауламыздың көркі, сәні еді, өз басым Шәкенді ешқашан ұмытпаймын!»

Астрофизика институты бойынша әріптесі Геннадий Хонин мықты әуесқой радиотехник, кезінде атакты саяхатшы Тур Хейердал экспедицияларына қатысушы, кейіннен өзі де әлемдік жорықтар ұйымдастырушы, XX ғасырдың 70–80 жж. теле-



# Жұлдыз санап КӨРДІҢІЗ БЕ?

дидардан «Клуб кинопутешественников» хабарын жүргізуші Юрий Сенкевич мұхит түнегінде апатқа ұшырап қалғанда, көмекке шақырған СОС сигналын бірінші болып қабылдаған азамат. Шұғыл түрде тиісті мекемелерге хабарлап, Ю.Сенкевич экспедициясын құтқарып қалған кісі. 1986 жылдың желтоқсанында Шәкен: «Кеңестер Қазақстандағы көтеріліс бойынша жазықсыз, жас балалы әйелді қамауға алыпты деп әлем шулап жатыр!» деген хабарлар тасып тұрады екен. Г. Хонин бірде үйге қоңырау шалып, әңгіме үстінде Шәмилді алып кеткенде, мені танғалтып: «Ол кісіні кім жек көруші еді?» дегені бар. Сол айтқандай, үлкенмен де, баламен де тіл табысып, лайықты тақырып, айтар сөзі әмсе дайын еді. Бір адамға зекіп, ашуланып көрген емес.

Сібірдегі жұмысы туралы, тіс жарып ештеңе айтпайтын-ды. Бір айтқаны, әжетханаға да конвой ілесіп баратын дегені бар. Ал жұмысының маңыздылығын ол қызметтен кеткеннен 45 жыл өткен соң, Кеңес Одағы тарағаннан кейін, «Ветеран ракетных войск стратегического назначения» деген белгі тапсырылуы көрсетсе керек....

Университеттің үшінші курсына студенттер өздері маман тандайтын мерзім келгенде, Шәмил «астрофизика» мамандығын тандайды. Айта кету керек, Кеңес дәуірінде, бұл зерттеуге өте қиын ғылым мамандарын «орталықтық» дейтін, 5 университетте ғана дайындайтын Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков және Қазан университеттерінде. Осы мамандықты қазақтар ішінде бірінші болып игерген Шәмил еді. Алайда жоғарыда айтылғандай, алғашында, мемлекет бұны астрофизик емес, математик ретінде пайдалану тиімді деп шешіп, құпия мекемеге аттандырады.

Тағдырдың тәлкегімен, 1964 жылы Алматыға қайтуға тура келеді. Бұл жерде өзінің негізгі мамандығы бойынша, ҚазССР ҒА Астрофизика институтына қызметке орналасады. Көп ұзамай институт директорының ғылыми мәселелері жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Басқару жұмысымен қатар, жұлдызды аспанды бақылай жүріп, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «... жұлдыз санай жүріп» №2402 денені табады. Ерсі болса да, өз пайдасына шешуді қалап тұратын қазақ, ары тартып, бері тартып, ақыры ойдан шығарылған бабасының атын беріп жіберер деп қауіптеніп, Қырым обсерваториясының маманы Н.Черныхпен келісіп (сол кісі ашқан болып), Қ.И.Сәтпаевтың атын беріп жібер-

реді. Өзі дәл солай жазып кеткен.

(«Мир Сәтпаева», «Шартаран С», Алматы, 1999).

Еске алу кештерінде әріптестері бізге беймәлім ақпарат жеткізді. Шәмил «Фесенков», «Тихов», «Рожковский» және «Казахстания» кіші планеталары болуына қатысы бар екен.

Бірақ бұл әрекеті тек қысымға алып, ондай дәрежеге тұрмайтын әлдекімнің атын беруге келісімін қолқалаудан құтылу екен. Оны енді біліп жатырмыз. Шынында да, ақылға сыя қоймайтын көрініс сансыз жұлдыз болып көрінетін түрлі денелер: планеталар, астероидтар, кометалар, түрлі-түсті жұлдыздар (ақ, көгілдір, сары, қызыл), әдеттегіден тыс күйдегі жұлдыздар: нейтрон, квазар, сингулярлық ішінен жаңа дене тауып, жұлдыздар атластарын сапырып, беймәлім дене екенін дәлелдеу, «айтуға ғана оңай!» Сондай еңбекті біреу әсіресе еуропалық азамат азиатқа бере салды деу – бес қайнаса шындыққа сорпасы қосылмайтын әңгіме. Еуропалықтардың

Хайямның бір шумақ өлеңін жатқа айтатын: «Чем за общее счастье без толку страдать,

Лучше счастье кому-нибудь ближнему дать!»

Лучше друга своей обогреть добротой, Чем от пут\* человечество освободать!» (Ж.Сәбитова «Жан жарасы жазылар-ау...», Алматы, «Қазақстан», 1998).

Ал осы ұзақ әңгіменің тоқ етері: Шәмилдің болмысы Кеңес идеологиясының азамат тәрбиелеуіндегі мықтылығының айнасы. Қарапайым халық, зиялы қауым «Бізге мықты ұлттық идеология керек!» деп айтуға жағы талмайтыны содан. Мықты идеология – болашаққа сілтенген стратегия.

Менің анамның «Жеңілген күреске тоймас» деген макалы бар еді. Дәл сол мақалға салып, республикалық олимпиадалар жеңімпазы ретінде кез келген жоғары оқу орнының гуманитарлық факультетіне сынақсыз түсуге құқығы бар қызымыз Маржанды ҚазМУ-дің физика факультетіне жібердік. Аттестаты кілен «5», алайда қызыл түсті қағаздың орнына жасылын алды, оған да қазақтың аурулары кінәлі. Ал біздер, ата-анасы осы тәуелсіздікке генофондтан айырылып, бас көтерер серкелерден жұрдай болып жеткенімізді сезінгеннен, жас, азат мемлекетімізді пәрем шіртуге түбегейлі қарсымыз! Өз күшімен, қабылданған 25 баланың қатарында түсті. Бірақ 13-і ғана бітірді, жартысы оқи алмады. Маржан, «Қатты денелер» кафедрасынан жалғыз өзі «Композиттік материалдар» мамандығын игеріп, қызыл дипломмен бітіріп шықты. Композиттік материалдар – жер шарлап, кен іздемей, жаңа технологиямен өзіне, яғни өндіріске, мемлекетке, керекті қасиеттері бар қолдан жасалған материалдар. Дамыған елдерде ондай материалдар кеңінен қолдануда. Бакалавриатты бітірген, 2002 жылы мамандығын шыңдауға жол түсіп, Лондонға Британ Кеңесінің IAESTE бағдарламасы бойынша Queen Mary University of London университетіне екі айлық оқуға барып келді. Сол жылы күзде, біздің оқу министрлігі шетелде мамандық жетілдіруге конкурс жариялады. «Талапкер магистратураны тәмамдаған болу керек!» деген шарт қойыпты. Маржан Лондонға ғылыми жетекшісі профессор Пол Хоггқа СМС хат жіберсе, 15 минуттан кейін онтайлы жауап келеді. Біздікілер тістесіп жібермейді! Егер маман жоспардан екі жыл бұрын дайын болса, ол мемлекетке едәуір олжа ғой! Өз пайдасын білмейтін шенеуніктерге не дерсің? Маржан қолын бір-ақ сермеп, ғылымнан кетіп қалды. 1-2 жылдан кейін ҚазМУ-дағы жетекшісі Ю.Зайкинді АҚШ қолқалап алып кетті. Ендігі жерде ҚазМУ Ю.Зайкинге шақырылған маман ретінде, айына 10 000 \$ төлеп лекция оқытады...

Мен жазықсыз 5 жылға сотталып, неше айнала аудандық, қалалық, Жоғарғы сот, сосын қайтадан сол ретте 10 жыл соттасып жүріп алған өтем ақым 5000 \$. Себеп баяғы жемқорлықты қолдамауымда. 2015 жылдың желтоқсанында білген біреулер бетін жырттып жатыр.

Өзім риза болатын бір ақпарат айта кетейін: 1998 жылы С.А.Қасимов төрағалық еткен Парламенттік Комиссияда 7-8 ай жұмыс істеп, 50 жыл өмірін Қытай түрмесінде өткізген өткір ойлы, ұшқыр қаламды жазушы Қажықұмар Шабданұлын бостандыққа шығарып \*путы тұсау алғаным! Қазақстанға келгісі келіп, анда-мында хат жазған екен қол ұшын беретін жан таппаған...

Түсінер ел болса, Абай айтқандай, «...білгенге маржан, білмеске арзан!» біраз әңгіме айтып, шер тарқатып, жаным сая тапқандай!

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Қазақстанның Еңбек Ері, көрнекті ақын Мұхтар Шахановқа ұлы Қуаныш МҰХТАРҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Қанат Қайымға ұлы Олжастың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



**Аймұханбет Тұрсынбекұлы БЕЙСЕМБЕКОВ** – өнердің сан алуан түрін өмірлік серік еткен күміс көмей әнші-композитор, тілінің «тікенегі», қаламының қағытпасы бар ақын-сатирик, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Алакөл ауданының Құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қаламгердің «Бірі – қалжың, бірі – шын», «Күлместерді күлдірген», «Сайтан алғыр сатира», «Сақ-сақ күлген сатира», «Қазағым-ай» т.б. кітаптары жарық көрген. Сатирик-ақын қазақ елінің зор жетістіктерін мақтанышпен жырлай отырып, саудаға түскен жер тағдыры мен қазақ тілінің қазіргі жағдайы, қоғамдағы кертартпа жемқорлық пен паракорлықты сатираның өткір тілімен түйрейді.

## ҚЫСҚА СҰРАҚҚА НҰСҚА ЖАУАП!

Демократия деген не?

– Демократия дегенің – айтқын келгенінің бәрін айтасың, бірақ сол «айтқыштығың» үшін сені медальдан, орденнен, атақтан, жұмыстан жұрдай етіп, «көзіне көк шыбын үймелету».

\*\*\*

– Жаппай сөз бостандығы деген не?

– Жаппай сөз бостандығы деген – әрбір үйге, әр мекемеге, әр адамның қалта телефонына тындау аппаратын қосу. Содан кейін «еркін» сөйлете беру.

\*\*\*

– Депутат пен тұтқындағылардың қандай ұқсастығы бар?

– Депутат мерзімі біткенде қайғыдан инсульт алса, тұтқын мерзімі біткенде қуаныштан жүрегі «жарылады».

\*\*\*

– Қытай мен МАИ қызметкерінің айырмашылығы неде?

– Қытай тамақты екі таяқпен жесе, МАИ қызметкері бір таяқпен жейді.

\*\*\*

– Министрлер неге бай болады?

– Себебі, мемлекеттің бар қаражаты солардың басында «қайнап», ұртында «шайналады»...

\*\*\*

– Қарақшы мен әйелдің қандай айырмашылығы бар?

– Қарақшының қолына түссең, не ақшаңнан, не өміріңнен айырыласың. Ал әйелдің қолына түссең, екеуінен де жұрдай боласың.

\*\*\*

– Жүз миллиард ұрлағанға бір жыл, жүз мың ұрлағанға он жыл. Неге?

– Жүз мың ұрлағанның беретін «түйірі» жоқ, жүз миллиард ұрлағандардан «соттағыштардың» бүйірі ток.

\*\*\*

– Саясаткер мен сайқал қатынның қандай ұқсастығы бар?

– Саясаткер де, сайқал қатын да сөздерінде тұрмайды.

\*\*\*

– Министр мен облыс әкімінің қандай ұқсастығы бар?

– Екеуі де орындарынан түскенде парламентке депутат болып сайланып, «жазаларын» өтейді.

\*\*\*

– Парақор мен жемқордың қандай ұқсастығы бар?

– Екеуі де табыс салық төлемей, таза пайда көреді.

\*\*\*

– Алматыдағы Саин көшесіндегі «көбелек» қыздардан, Сейфуллин көшесіндегі жұмыссыз жігіттердің қандай айырмашылығы бар?

– «Көбелек» қыздар біреудің маңдай терін төккізіп ақша тапса, жұмыссыз жігіттер өз маңдай терлерін төгіп ақша табады.

\*\*\*

– Билік пен оппозицияның қандай айырмашылығы бар?

– Екеуі де билік үшін халықты алдайды...

\*\*\*

– Прокурор мен адвокаттың қандай ұқсастығы бар?

– Прокурорға адвокатқа бергеннен әлде қайда көбірек «гонорар» берсең, айыптыны екеуі бірігіп қорғайды.

\*\*\*


– Пара алмаған сақшыға, Сыйлық беру жақсы ма?

Сыйлық мемлекеттен, Пара «клиенттен». Парасын алсын десенші, Есеп білмейтін басшыға.

\*\*\*

– Асфальтты шұрқ-шұрқ тесіп жеген қандай құрттар?

– Асфальтты «жеген» құрттар емес, жолды салған «мұрттар».



## РУБАЙЛАР МЕН ҚҰРҒЫР ОЙЛАР

Сол иықта сайтаным «сұлуларды өп»,  
– дейді.

Оң иықта періштем «жарыннан жақсы жок», – дейді.

Сол иықта сайтаным «шарап іш, шалқып өт», – дейді.

Оң иықта періштем «ел үшін еңбек ет», – дейді.

\*\*\*

«Тесіктен» шығып, бесікке барып жатарсың,

Бесіктен шығып, «тесікке» бәрін сатарсың.

Кетерсің бір күн, орының қалар ойсырап,

«Тесікке» кіріп, мәңгі ұйқыға батарсың.

\*\*\*

Жастығына тоқта деп айта алмайсың.

Өткенінді енді сен қайтармайсың.

Қарттық келсе, бойыннан қайрат кетіп,

Жетім қалған баладай жаутандайсың.

\*\*\*

Мақтағанға көзінше, ісіп, кеппе,

Ойла одан да жақсылық ісің көп пе.

Мінінді айтқан адамды жау санама,

Жаны ашыған дос қана айтар бетке.

\*\*\*

Танауынды көтерме тазаламай,

Дұшпаныңның қаларсың мазағына.

Мақтанбасақ біз бірақ жүре алмаймыз,

Мақтан жеткен түбіне қазағым-ай!

\*\*\*

Есектен кашса ту бие,

Құлыны туар қашыр боп.

Тексізден туған жаман дос,

Бір күні сатар қасың боп.

\*\*\*

Тағың мен бағың бар болса,

Табаныңды жалайды.

Күнің түссе бақ тайып,

Жабылып итше талайды.

\*\*\*

Құдай беріп үш ұл менен төрт қызды,

Ішпей, жемей білім берді жеткізді.

Қартайғанда кемпір-шалды жетеуі,

Жетім қарттар үйіне әкеп өткізді.

\*\*\*

Туушы еді ұлдары бұл қазақтың батыр

боп,

Көп жігіттің бұл күнде еркек деген заты жоқ.

Әке болу ойда жоқ, қасы көзін боянып,

«Геи» клубта «қылымсып» бұрандайды қатын боп.

\*\*\*

Қыздарына қазақтың қос бұрымын сәндеген,

Арналатын өлең де, көрікті күй, әнменен.

Бүгін қыздар көз тартар қысқа шашты,

Бүлкілдеген бөксесі, жарқылдаған санменен.

\*\*\*

Сергітейін көңілді шараптан құйшы, бауырым.

Сарғышын емес, қызылын, қымыз дәмді тәуірін.

Мұқағали мұндасып, жырына қосқан сусын ғой,

Қайғысын басып, қайтарған, тағдырдың ашшы бар уын.

\*\*\*

Шарабын құйшы Хайямның, шөліккеп бір татайын.

Шақшасын таста Абайдың, бұрқыратып атайын.

Сұлуы қайда жырлаған, Низами мен Науаидың,

Қолаң шашқа оралып, құшағында жатайын.

\*\*\*

Қайда менің жас күнім,

Қыдыратын оң мен сол.

«Заначка» тыққан қалтама,

Салып жүрмін валидол.

\*\*\*

Сұлулықты сүйетін сезім қандай!

Сұлу көрсең жанатын кезің қандай!

Шыныменен жас дәурен өткенің бе?

Сұлу қыздай жалт еткен бір қайырылмай...

\*\*\*

Қорықпаймын мен ертең өлемін деп,

Демім жетсе еліме берерім көп.

Бір білерім ертеңге мені апарар,

Ұрпағым мен әндерім, өлеңім тек.

Редакторлар кеңесінің төрағасы  
**Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор  
**Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары  
**Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА** Марфуға,  
**ӘБДІКҰЛЫ** Төлен,  
**БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап,  
**ЕЛУБАЙ** Смағұл,  
**ИРАН-ҒАЙЫП**,  
**КӨПІШ** Әшірбек,  
**ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас,  
**ҚАНАЗ** Молдахмет,  
**ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота,  
**НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ** Бексұлтан,  
**НҰРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай,  
**СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек,  
**СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан,  
**СМАТАЕВ** Софы,  
**ШАХАНОВ** Мұхтар,  
**ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы  
**Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі:  
**Жүніс ОМАР**

Мәдениет және руханият бөлімі:  
**Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі:  
**Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

Art-редактор  
**Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі  
**Данияр ҚАБА**

Терімші  
**Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар:  
**Айнаш ӘЛДИБЕК**,  
**Гүлбану ЕРКІН**

**Меншікті тілшілер:**  
*Астана қаласы,*  
*Ақмола, Солтүстік Қазақстан,*  
*Қарағанды, Ұлытау облыстары*

**Айтбай СӘУЛЕБЕК**,  
*Алматы облысы*

**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ**  
*Абай облысы*

**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ**  
*Ақтөбе облысы*

**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ**  
*Атырау облысы*

**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**  
*Батыс Қазақстан облысы*

**Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН**  
*Жамбыл облысы*

**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ**  
*Жетісу облысы*

**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**  
*Жаңа-Қызылорда облысы*

**Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ**  
*Қызылорда облысы*

**Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА**  
*Маңғыстау облысы*

**Сағындық РЗАХМЕТ**  
*Павлодар облысы*

**Серік ЕЛІКБАЙ**  
*Түркістан облысы*

**Айдар СЕЙДӘЗІМ**  
*Шығыс Қазақстан облысы*

**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ**  
*Шымкент қаласы*

**Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ**

Кезекші:  
**Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**

**8 (727) 272-88-17**

**e-mail:**  
kazakh\_adebiety25@mail.ru

**Мекенжайымыз:**  
050009, Алматы қаласы,  
Абылай хан даңғылы,  
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галамтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.